



№5 (50)
2017 жыл

*Ауырып, ем іздегенше,
Ауырмайтын жол ізде*

Жас-Ай

«Жас-Ай» медициналық ғылыми-ақпараттық журналы

ҚР Денсаулық
сақтау министрі
Е.А.БІРТАНОВТЫҢ
құттықтауы

2-бет

Академиктің
Семейге келуі

9-14-беттер

«Жас-Ай» жылнамасы

20-24-беттер

«100 жаңа есімге»
лайықты тұлға

25-28-беттер

ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ТҰЛҒА



ҚҰТТЫҚТАУ ХАТ

Құрметті Жасан ЗЕКЕЙҰЛЫ!

Сіз биыл елге - ырыс, халыққа - береке аманаттайтын жгіт ағасының жасы – 50-ге келдіңіз. Ер азамат үшін 50 жас - дегеніңіз елеулі күш беретін жас. Бұл адамның нағыз еңбек ететін, өзін-өзі көрсететін жасы. «Елу деген жасыңыз, ол да бір көшкен ел екен» - деп Бұхар жырау жырлағандай, бұл жас - адамның рухани болмысының өсіп-жетілуіндегі «керемет кемел жас» болып табылатын көрінеді. Сонымен қатар, халыққа есеп беретін де, қоғамнан бағасын еститін де белгілі бір кезеңдік жас. Бұл белеске әркім әрқалай жетеді.

Сіз ердің жасы «50»-ге үлкен абыроймен қадам басып отырсыз. Осыған дейін еткен еңбектеріңіз көктемнің күндері болса, жадыраған жазыңыз жеңісті, жемісті шақтарымен асқаралы биікке көтеріп отыр.

«Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта бір қалан» деп Абай атамыз айтқандай Сіз халық медицинасын өзге халықтар емшілігімен ұштастыра байытып, еліміздің емдеу саласының бір арнасын толтырдыңыз. Ел мерейін көтеруге, қазақ емшілігін танытуға үлгі, өнеге болып, әлем елдері алдында елеулі еңбектеріңізбен көрнекті нәтижелерге жеттіңіз. Ұлт мерейін көтеріп, ұлағаттылық таныттыңыз. Қазақ халқының ғана емес, дүниежүзі медицинасының мақтанышына айналып, көптеген марапаттарға ие болдыңыз!

Қырықты қырқалап елуге еңсерген жасыңыз – алтындай «60»-қа, жеңісті «70» - ке, сеніммен «80»-ге, тоймен «90»-ға жете берсін! Денсаулық сапасының үздік майталманы болып, арымай-талмай еңбек ете беріңіз!

*Сізді бүгінгі 50 жас мерейтойыңызбен құттықтай отырып, басыңызға бақ, жаныңызға шаттық, деніңізге саулық, шаңырағыңызға шуақ тілейміз!
Тойыңыз тойға ұlassын!*

ҚР Денсаулық Министрі

Е.А. БІРТАНОВ

АСТАНА - 2017



Ананьың ақ тілегі

Қарағайдай қасқайып көк тіреген,
«Елдің ұлы болса екен!» деп тілеп ем.
Кеше сәби, ал бүгін әке атанған,
Жасаным елу жасқа кеп тұр екен.

Арманыңды қалады, тас қамал қып,
Ақыл қосар туыс, жар, дос-жаран — құт!
Төбең көкке жетсе де, жаным балам,
Бір Алладан тілеші басқа амандық!

Жұртыңа көрсеттің бір шаңқан үлгі,
Төрткіл дүние асырды алқауыңды.
«Елуіңді» бір Аллам екі еселеп,
Қуанышпен қарсы алшы әр таңыңды.

Шәрипа Қазезқызы,
Ж. Зекейұлының анасы

50

Ақ көңілден төгілген жыр-шулақтар



... Қытайдан кеше келіп Жасан батыр,
Ем-домын қазақтарға жасап жатыр.
Аурулар Жасан салған ине арқылы
Бітпейтін қуанышты қоса ап жатыр.

Өмір кеш жарқырап бір жарқын жүріп,
Қарсы алсын әрдайым да халқын күліп.
Жүре бер, аман-есен алға қарай,
Алтын ине салатын алтын жігіт!

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ,
Қазақстанның халық жазушысы



...Киілмей киім, жүрілмей жолым тозды,
Бағым да басқа жаққа ауып, сорым қозды.
Жалқын күймелі күн енді көше бергенде,
Алтын инелі бір адам қолын созды.

Алтын инелі сол адам ауа сынды,
Азап көргенді аялар дара сынды.
Алтайдың арғы жағынан асығып жеткен,
Жан менен тәннің дертіне дауа сынды.

Гүлнәр САЛЫҚБАЙ,
Қазақстан Жастар одағы сыйлығының және
«Алаш» халықаралық әдеби
сыйлығының иегері

ЖАСАН БАУЫРЫМА

Тарбағатай тауының қас қыраны,
Өміріңнің елменен асты мәні.
Саған тынбай келеді қазағымның,
Үлкен-кіші үмітпен жақсылары.

Елді сүйген жүрегің, әппақ арың,
Денсаулығы халықтың баптағаның.
Қазақ үшін аман бол қашандағы,
Өзіңменен мендағы мақтанамын.

Марфуға АЙТХОЖИНА,
ҚР мемлекеттік сыйлығының иегері



...Қыран құстай қалықтаған аспанда,
Ерліктері лайықты дастанға.
Айтқызбай-ақ дәл табады дертіңді,
Қолыңды ұстап тамырыңды басқанда.

Шын көңілмен емдейді екен жан асыл,
Ғылымда да ашқан талай жаңа сыр.
Өз ісіне жан-тәнімен берілген,
Сондай болар нағыз емші жанашыр.

Адамдарға қайырымдылық жасаған,
Жасан – аңыз, Жасан – өлең, Жасан – ән.
Арашасы болған жұрттың, халықтың
Абзал жанға жар болғайсың, Жасаған!

Нұртас ИСАБАЕВ,
Ақын, мәдениет қайраткері



Жасай бер,
«Жас-Ай» менен Жасан жаным!
Меңгеріп емдеу сырын, біліп мәнін.
Таралған санаңа бұл бір Алладан,
Халқыңның етсін шипа жан мен тәнін.

Инемен құдық қазғандай,
Ғылымның түбі тұңғиық.
Жетеді сіздей ғалымдар,
Көп ізденіп, бір түйіп.

Шипа болсын еміңіз,
Жасыңа да, көріге.
Бақыт, бірлік тілеймін,
Ұжымыңа, бәріне.

Нұртай ТОРМАНОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің
Биофизика және Биомедицина
кафедрасының профессоры



Жасан жайлы жақсы сөз



...Жасан Зекейұлының қасиеті, ол – тұқым қуған емші. Көп оқып, тәжірибе жинап, дәрігер болуға әбден болады. Дәрігердің көпшілігі солай. Тегінде емшілік қасиеті барлар кемде-кем. Бұлар – нағыз емшілер, нағыз дәрігерлер. Емшілік адамның табиғатында болғанда керемет. Бірақ бұл емшілікке деген алғашқы, табиғи саты. Құдай берген қасиетті ендігі жерде бағалап, арнайы медициналық білім алып, емші өзін-өзі осы қиын жолға тәрбиелеуі керек. Табиғи дарын, арнайы білім және өзін осы кәсіпке баулып, сенім қалыптастыру, осы қасиеттің үшеуі де бір Жасанның тұлғасынан табылады.

Жасанның ауруға төкпелеп сұрақ жаудырып отырғанын көргенім жоқ. Ол келген адамның дертін өзі анықтап береді. Тамыр ұстайды. Бар мәселе тыныста, қанның тамырларды қуалап айналуында. Тамыр соғуы Жасанға бәрін айтып береді. Тамыр ұстау арқылы диагноз қойып, ем жасау – Жасанның тәсілі. Оның оқуы да, ұстазы да өзге. Тамырын ұстап, адамның дертінің себебін айтқанда кісі бір жеңілдеп қалады. Ол ішінен «дертімнің себебін білді, енді емі де табылады» – деп ризашылық сезімге өтіп, дәрігерге сенеді.

Адам дәрігерге сенсе жазылады. Дертіне шипа табылады. Жасанға келіп, оның емін қабылдағаннан кейін осындай халге түскендер, құдай қуат беріп, сауығып шығып жатады. Жасанның дертті адамға сөзі әсерлі. Бұл да психология. Ауырып келген адамның көңіл-күйі алай-дүлей болатыны шындық. Оның дәрігерге деген сенімі мен күдігі аралас. Жасан – осы күдікті

сейілтүші, адамның тәніне ғана емес, жанына жағымды әсер қалдыратын сөзді тауып айтушы дәрігер. Бұл қасиет ата-бабамыздан қалған асыл қазына. Жасан сондай қазынаға ие.

...«Жас-Ай» медициналық орталығы жұртқа белгілі. Елдің ықыласына, құрметіне ие болған мекеме. Орталықтың қалыптасуы, ем жасау, науқастар пікірі, алғысы сияқты нақты деректерді жинақтап, өз жұмысын халыққа шынайы көрсетіп жүркіретіп жүр. «Жас-Ай» медициналық орталығы туралы бірнеше кітап елге тарады. Жүйелі түрде «Жас-Ай» медициналық ғылыми-ақпараттық журналы шығып тұрады. Республика жұртшылығы алдында «Жас-Ай» еңбегімен еленген ұжым. Бұл менің ғана пікірім емес, көпшілік пікірі. Ұжым еңбегі бағаланып, «Халықаралық үздік клиника» деген дәрежеге жетті. Мұның бәрі қажырлы әрі жүйелі еңбектің нәтижесі.

Тәуелсіздіктің жиырма бес жылдығына орай Жасан Зекейұлы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Бұл – мемлекеттік дәрежедегі марапат.

Ғарифолла ЕСІМ,
академик, философия ғылымдарының докторы



Жасан Зекейұлы – елімізге танымал дәстүрлі емші, дәрігер. Алматы мен Астанада үлкен емдеу-сауықтыру орталығын салды. Күн-түн тоқтамай жұмыс істейді. Қай жерден болмасын келген науқас алғашқы көмегін алады. Тіпті, жүре алмай келгендер жүгіріп кетеді. Мұндайды көргенде Жасанға шыныменде разы боласың. Жасанның да айтары бар: «Маған сеніп келгендерді ғана емдеймін. Ал сынап көру үшін, әр нәрседен ілік іздейтіндер «Жас-Айға» келмегені дұрыс. Мен – сиқыршы емеспін, дәрігермін. «Соны күн-түн тыным таппай дәлелдеп жүрмін» - дейді.

Ол да рас. Адам өмірі, оның бағасы дүниеде ештеңеге тең келмейді. Жұмырбасты пенде мына аппақ, жарық әлемде бір сәт болса да ғұмырын ұзартқысы келеді. Және оған жиған-терген дүниесін, қаржы-қаражатын да аямайды. Жасан секілді дәрігерден үміт күтеді. Бәлкім соңғы үміті болуы да ықтимал. Осындай кездерде Жасан замандас сол адамның үмітін ұзартып, емдеп алғысын алса, ол жалғыз кісінің ғана қуанышы емес, сол адамның ұрпақ-ұлағаты үшін жаңа бақыт күніндей болары анық.

Ертеректе білгір ғұлама ұстаздың «Қазаққа керегі – бәсекелестік. Сол тынымсыз, тоқтаусыз бәсекелестікті Қытайдан келген пысық жігіттер орнатады», - деп айтқаны бар еді. Міне, Жасан сол бәсекелестікті медицина саласына әкелді. Мойындау үшін, мойындату үшін... Мәскеу қаласындағы халықаралық инемен емдеу академиясының академигі болып табылатын ғалым Еуропа есігін ашты. Вена халықаралық университетінің сонымен қатар Оксфорд Академиялық Одағының және Еуропа Халықаралық Ассоциациясының докторы әрі құрметті профессоры атағына ие болып, Швейцарияның Люцерн қаласынан да Алтын алқа тақты. Сондай-ақ сертификатталып, мойындалды. Әлемді мойындатудың жолы оңай емес. Сол жолда Жасан Зекейұлы жалықпай еңбектеніп келеді. Әрқашан сәттілік жолдас болсын!

Мақат САДЫҚ,
Халықаралық телевидение және радио академиясының академигі

Қалаулы ұл – халы

(Жасан Зекейұлының 50 жасқа толуына орай ой-толғау)

Біздер – Жасан Зекейұлы және оның замандастары арғы бетте тусақ та орда бұзар отызда Атажұртқа оралдық. Өмірдің ең асыл кезеңін өз отанымызға арнау бақытына ие болдық. Осы жолда әркім өз әлінше еңбек етіп жатыр. Біреу өнер, мәдениетте, біреу медицина саласында, енді біреулер әртүрлі кәсіпкерлікпен дегендей. Сол топтан бойы озып көрінетін жора-жолдастарды көргенде тірі боламыз деп жүгіріп ірі болғандай тұлғаланып қаламыз. Соның бірі – Жасанның биігі.

Жасан Зекейұлы! Бұл есім бұл күндері біраз жұртқа таныс. Біреу дәрігер ретінде, біреу медицина ғылымына еңбегі сіңген білгір маман ретінде біледі. Ел алдындағы еңбегіне қарап қоғам қайраткері санайтындар да көп. Ал мен Жасанды жолдастық тұрғыдан адами келбетіне қарап бағалағым келеді. Адамға адам баға бергенде ең әуелі «ол қандай адам?» деген сұрақ туады. «Қандай адам?» деген сұрақ – пенденің адалдығы, ар тазалығы, айналасына деген көзқарасы мен еткен еңбегі, тағы басқа қасиеттерін бастау етеді. Жасан Зекейұлымен жақын араласып жүргеніме тұптура жиырма жыл болған екен.

Ең алғаш рет Алматы қаласында бір көшенің бұрышынан шағын ғана шипажай ашып, өз қолымен ине салғанына куә болдым. Бұрын сырттай білетінмін. Бір ұршығым сырқырап, таныстық сылтауымен ем іздеп барып ем. Бірден жылы қабылдап, жарқын жүзін сыйлады. «Жәке, журналистсің ғой. Журналистерде көп ақша болмайды. Сенен ақша сұрағаннан көрі аяғыңды сауықтырып жібергеніміз пайдалы. Кейін ел туралы, біз туралы бірдеме жазғанға керексің» – деп бірден ине салды.

Ол кезде Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің аспирантура бөлімінде оқитынмын. Бір жағы «Шалқар» газетінде тілшілік істеп жүрдім. Жасан менің жазған дүниелерімнен хабардар екен.

Әр нәрсенің бір себебі болады. Бұрын сырттай білісіп жүрсек, сол күннен бастап арамыз жақындай түсті. Өзінің той-томалағына бізді қалдырмай шақырады. Біздің той-томалақтан қалмайды. Келе алмайтын болса да бір соғып құтты болсын айтып кетеді.

Жасанның тасы өрге домалады. Біз баяғы қара қалам төңірегінде жүрдік. Кейде арамыз алыстап бара жатқандай жасқана хабарласып жүрсек, Жәкең де еш бөтендік жоқ. «Толдым, болдым, тойдым» деген пендешіліктен мүлдемге аулақ. «Ау, Жәке, неге хабарсыз кеттің!? Бізді көзге ілмей жүрсің бе? Сені менен кіші шығар деп жүрсем түйдей құрдас екенбіз. Құрдастың құдайы бір, жібектің түйіні бір деген. Хабарласып тұрсаңшы!» – деп өзі тиісетін болды. Менің «қалтасы қампиған достар ұмытып кетер ме екен!?» дейтін алаңым Жасанға жүрмейтінін сонда білдім.

Бірде Алматы қаласында «Жас-Ай» журналының жарық көргендігінің бес жылдығына арнап үлкен басқосу өткізетін болып, маған арнайы шақыру жіберіпті. «Бара алам ба, жоқ па?» деп жеке күйбеңмен жүр едім, өзі қоңырау шалды. Еш жатырқаусыз, өзімсінген жарқын үнмен самбырлап тұр: «Жәке, тойға өзіңіз сияқты ылғи да ығай мен сығайлар шақырылған. Сондықтан келмеуіңізге болмайды!» - деген зілді де, зілсіз де емес тілегі бар. Енді қайда қашайын!? Қомақты тойлық апа-

ра алмайтынымды қынжыла ойлап, қолыма дереу қалам-қағаз алдым. Асау шабыт келмесе де арұжданның, жолдастық қарыздың итермелеуімен өлең жаздым.

Сөз кезегі келгенде бір қоржын кітаптарымды көтеріп шығып, тойдың шашуы ретінде өлеңімді оқыдым. Тәлейіме жарай арнайы өлең арнаушылар аз болды да жұрт бірден дүркірей қол соқты. Жасан өзі келіп қолымды алып, құшақтап суретке түсті. Оның разы болғанын көріп мен де қуанып қалдым.

Арада көп өтпей Жасан тағы қоңыраулатып тұр: «Жәке, шүйінші! Сіз үлкен бір еңбек жараттыңыз!» – дейді. Мен аң-таңмын. «Қандай еңбек?». Жасанның әзілге жақын қоңыр, күмбірлеген үні жаңғырып: «Әне, бұл ақын-жазушылар өздерінің не істегенін білмейді» деп бір соқтығып өтті. «Ау, Жәке, жұмбақтамай...». «Жә, жә, өзім айтайын. Анау күнгі керемет өлеңің біздің журналда жарық көріп еді, енді соған сазгерлер ән шығарыпты. Өлеңің әнге айналып, «Жас-Ай» орталығының алғашқы әні болды. Соны құттықтап шүйіншілегенім ғой!» – дейді.

Менің арнау өлеңіме ән жазылған екен. Жәкең ізінше оны дискіге жаздырып өзіме беріп жіберді. Асығыс жазылған өлеңнің жақсы әнге айналғанына марқайып қалдым.

Жасанның дәрігерлік өнері туралы жұрт күнде айтады. Ол тақырыпты жауыр қылмай, басқа

ҚТЫҢ МАҚТАНЫШЫ

қырынан келе жатқанымды байқаған боларсыз.

Жасан шын мәнінде өнер адамы. Өнерді, мәдениетті, ұлтың рухын жоғары бағалайды. Өзі де аккордеонға қосып ән айтады. Қалай уақыт табатынына қайранмын, қалың қарбаластықтың арасында газет-журнал, кітаптар оқып, солардан түйгендерін айтып отырады. Менің шығармашылығымға қызғанышсыз, қуанып қарайды. Топты ортада үлкен қаламгер ретінде таныстырып мақтанышпен ауызға алады.

Бәріміз де пендеміз. Кейде біреуді ғайбаттауға дайын тұрамыз. Жасан туралы да бұралқы сөз аз болған жоқ. Бірақ ол азамат ретінде оның бәріне қасқайып тұрып жауап берді. Ешкімнің ала жібін аттағанын, біреуді албаты ғайбаттағанын көрген емеспін. Менің үнемі айтатын бір сөзім бар: «біреуге еш жақсылық істеу қолыңнан келмесе де, ешқашан жамандық жасаушы болма!» деген.

Шыңғысханның: «біреуге жамандық, опасыздық жасаған адам саған да опасыздық, сатқындық жасауы мүмкін» дегенін де көп айтамын. Жасан дос жайында айтқанда оның басқаларға қастандық, қара ниет, опасыздық жасау мақсатындағы еш сөзін естімеспін. Қайта қашан да болмасын басқаларға көмектескісі келіп тұратын аңқылдақ, адалдығына, бауырмалдығына көп куә болдым.

Өз басым қоғамдық жұмыстарға көп араластым. Соның қатарында Ер Жәнібек есімін ұлықтау, Зуқа сынды халқы үшін басын берген баһадүрлерді жоқтау іс-шараларында жүрдім. Той — көптікі. Халықтан алады, халыққа береді. Бір байқағаным осындай игі істердің кеңесіне шақырылған кезде Жасан Зекейұлы еш екіленбейтін.



Жазушы Жәди ШӘКЕН, айтыскер ақындар – Балғынбек ИМАШЕВ және айтыскер ақын – Жандарбек БҰЛҒАҚОВ, Жасан ЗЕКЕЙҰЛЫМЕН бірге

Қолынан келгенін жасап беруге келісіп, бірден ортаға шығатын. Талай тар көпірде басқаларға жол көрсеткенін, қомақты қаржылық демеу бергенін көз көрді.

Жасан туралы айтылар сөз көп. Кітаптар да жазылды. Жазыла береді де. Ал менікі құлақ естіген емес, көзбен көрген Жасанның шынайы болмысы. Адамға адам баға берудегі оның бейнесін адами келбетінен іздеу керек дегендегі өз түйгендерім.

Жасан Зекейұлы ұлтын, елін-жерін жан тәнімен сүйетін нағыз қазақы азамат. Әңгімені де майын тамызып, «нағыз қазақша ғып» айтады. Тарих туралы да білері мол. Бауырмал, құшағы кең. Өзгеше жаратылысымен бағзы бабалардан қалған көне көздердің сарқыты сияқты.

Жасан Зекейұлының ердің жасы — елуге толған бүгінгі мерейтойы қажырлы еңбекпен келген күндеріне есеп беру. Жәй ғана есеп беру емес жеңіс пен жеміске толы алтын азаматтықтың асқаралы шыңы. Алдында алар асулардың, бағындырар

шоқылардың болжамын, сенімін жасайтын кемел кезі.

«Жасан дос, Жасан іні, Жасан ағам...» — деп бір толқи толғағаным бар еді. Бұл сөздің де өзіндік мәні көп. Жұртқа әрі дос, әрі іні, әрі аға болу екінің бірінің қолынан келмейді.

Жасан дос, Жасан іні, Жасан аға! Ердің жасы — елудегі тойың тойлардың басы болсын! Алла Тағала ақ ниетіңе әрқашан ақ жол ашып, еліңнің алдында жарқын дидарыңмен күндей күліп жүре бер. Тұғырың берік, туың биік болсын!

Халықтың қалаулы ұлы қашанда өз халқының мақтанышы! Біз өзіңмен мақтанамыз.

Жәди ШӘКЕНҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының,
Еуразия Жазушылар одағының мүшесі,
Халықаралық Шыңғысхан академиясының академигі

ОРАЗДАҒЫ ОРАЙЛЫ ІС

Қазақ халқы тарихтан мәрт, жомарт, ағайынға бауырмал, жетім-жесірге, жағдайы төмен отбасыға қамқоршы болған ғой. Әр ісін тек Алланың атымен ғана бастаған халық. Сол ниетіне қарай Жаратушы ием де осыншама ұлан-байтақ жерді несібесіне сыйлады. Ата-бабаларымыз кезінде құт-береке, байлығымыз ұрпағымыздан мәңгі ажырамаса екен деп тіледі.

Қазақ халқы тарихтан мәрт, жомарт, ағайынға бауырмал, жетім-жесірге, жағдайы төмен отбасыға қамқоршы болған ғой. Әр ісін тек Алланың атымен ғана бастаған халық. Сол ниетіне қарай Жаратушы ием де осыншама ұлан-байтақ жерді несібесіне сыйлады. Ата-бабаларымыз кезінде құт-береке, байлығымыз ұрпағымыздан мәңгі ажырамаса екен деп тіледі.

Кешегі Совет заманы тілімізді, дінімізді бұзып, салт-дәстүрімізді лайлап, ұрпағымызды түзу жолдан адастыра жаздады. Бірақ тектілігіміздің арқасында ақжолтай күнімізге қайта келдік. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанды, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бейбіт заман орнады. Илләхи ұзағынан болғай!

2017 жылы 25 маусым, Ораза айт күні Астана қаласында орналасқан «Қараөткел» мұсылмандар зиратына Жасан, Айдын, Дәурен деген азаматтар келіп, әруақтарға арнап құран бағыштады. Сөйтсем бұл кісілер академик Жасан Зекейұлы мен оның кеңесшісі Айдын Ырысбекұлы және «Нұр Отан» партиясы Астана қалалық филиалының жауапты хат-

шысы Дәурен Ұлықпанов болып шықты.

Жасан: «Аға, осында келе жатқанда өзімді шаршап тұрғандай сезініп едім, енді жеңілдеп қалғандаймын. Бұл жерде қанша кісінің сүйегі жатыр?» – деп сұрады.

Мен: «Зираттық жердің көлемі – 16 гектар. Мөлшермен 10 мыңның үстінде қандасымыз жерленген. Оның ішінде діни ғұламалар, өнер қайраткерлері, ел үшін өзін арнаған мұсылмандар бар. Кенесары ханның 7-8 батыры мен 250-дей сарбазының сүйегі осында. Елге қонаққа келген Арабтың екі Шейхы қайтыс болып, осы жерден мәңгілік мекен тауыпты. «Мұсылман елінде топырақ бұйырған» деген белгі тасы бар. 2011 жылы Мәскеуден әкелінген Смағұл Сәдуақасұлының сүйек күлі де осында.

2007 жылы Астана қаласы ақсақалдар алқасының шешімімен осында шырақшылық қызметке тұрдым. «Бұл жерге жастар тұрақтамайды. Сіз 70-ке таяп қалған екенсіз, діни сауатыңыз бар, жұртпен де тіл табыса білесіз» деген соң мақұлдығымды бердім. Жұбайымыз екеуміз күнде осындамыз. Жақындарына құран оқуға келгендерге тазалықты, тәртіпті түсіндіреміз. Жастарға Отанды шын жүректен елжірей сүю керектігін, мықты Ел болуға үлес қосу үшін жақсы оқып, санаға көп білім тоқу керектігін насихаттаймыз», – дедім.

Менің сөзімді мұқият тыңдап алғаннан кейін Жасан мырза: «Денсаулығыңыз қалай, аға?» – деді. Екі аяғым ауырып қатты қиналып жүргенімді, емделгенмен көмек болмай тұрғанын айттым. Ол: «Ертең бізге келіңіз, тексеріп, диагноз қояйын. Біздің орталықтың орналасқан жері Күйші Дина көшесі 37/1. Аяғыңызды емдеуге болады», – деді.

Ертесінде емдеу орталығына бардым. Тамыр ұстап 10 күн ем алу керектігін айтты.

«Сіздің 10 жылдан астам зиратта



қиындықтарды жеңіп, сауапты жұмыс жасап жатқандығыңыз мені қатты әсерлендірді. Сол үшін де бір курс емді тегін жаздым. Бұл сізге деген құрметім болсын» – деді қою қара қасын сәл жоғары көтеріп.

Уәде – Құдай сөзі! Бір курс ем алдым. Өте жақсы әсер етті. Науқасымды дәл тапты. «Жазылмайтын ауру жоқ, емшісіне жолықса» деген сөздің растығына шынайы көз жеткізгендей болдым. Астанадағы «Жас-Ай» ұжымына үлкен ризашылығымды білдіремін.

Жасан бауырымның сөзі мен ісі шымыр, текті атадан тараған алтынның сынығы екені пошымынан-ақ байқалады. Қазағымның осындай асыл туған жігіттері көп болғай! Жаратушыдан Жасан сияқты азаматтардың қабілетін, адами қасиетін асқақтатып, ниетін қабыл көріп, әр басқан қадамына ақ жол сыйлауын тіледім. Халқының алғысын алған ердің қашанда алды жарық болатыны даусыз. Мінеки, дүниенің тең ортасы – 50 жасқа да шығыпты. Елу деген ғұмыр біреуге көп, біреуге аз. Жарты ғұмырында ат көтере алмас атаққа, мәртебеге ие болғандар аз шығар-ау! «Еңбегі бардың – өнбегі бар» демей ме қазақ, Жасан өз еңбегінің арқасында осы дәрежеге жетіп отыр. Шаңырақтарыңның түтіні түзу ұшып, Айшагүл келін екеуің қол ұстасып, бірге қартайыңдар деген тілек айтқым келеді.

Құрбан Смағұлұлы,

«Қараөткел» зиратының шырақшысы

Бұл қабірстанның тарихы 1609-1962 жылдар аралығын қамтиды. Мұнда 2169 құлпытас сақталған, қазірге дейін 262 адамның аты-жөні анықталған. Осы қорымда Тәуке ханның ұлы Сәмеке, Ақмоланың негізін қалаушы аға сұлтан Қоңырқұлжа Құдаймендин, Бөгенбай, Қабанбай, Кенесары, Амангелді батырлардың сарбаздары, көпес Баймұхамед Қосшығұлов, діни мұсылман халыққа белгілі Самарқан, Бұхар, Қазан қалаларында туған қайраткерлер жерленген деген деректер бар. Араб, парсы, төте жазумен жазылған құлпытастар көп.

Академиктің Семейге келуі

«Қам көңілдің қайғысына дауа бол,
Жолда шаршап, шалдыққанға сая бол!»



Солдан оңға: Жасан ЗЕКЕЙҰЛЫ, ШҚО-ның әкімі Даниал АХМЕТОВ, академик Ғарифолла ЕСІМ, жазушы, қоғам қайраткері, теледраматург Сұлтан ОРАЗӘЛІМЕН

Қожа Ахмет Яссауи

біріне ғашық болып қосыла алмау – дүниедегі кемдіктің ең ұлысы». Япырм-ай, зәреңді ұшыратын неткен ауыр сөз еді?!.

«Ойлы адамға ой да көп, уайым да көп...» демекші, кейде осылай оңаша қалғанда қалың ойдан өртеніп кете жаздаймын. Әсіресе жол тосқанда және жолға шыққанда.

Біздің тосқан адамымыз – «Жас-Ай» медициналық орталығының Бас директоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор, академик, ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі, Вена халықаралық университетінің «Құрметті профессоры», Халықаралық шығармашылық және шығыстық емдеу академиясының академигі, халықаралық «Сократ» орденінің және БҰҰ-ның халықаралық «Құрмет белгісі» орденінің иегері, ҚР «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Жасан Зекейұлы.

«Бір адамға байланысты бір адамның болашағы» (М.Шаханов) дегендей, менің дүниетанымыма елеулі дәрежеде әсер еткен адам – Жасан Зекейұлы жайлы жазғандарымды қазіргі таңда публицистикалық жолмен жарыққа шығарып жүрмін.

«Алмас сегіз қырлы болады» демекші, мен білген Жәкең өте сұңғыла, ақылына қажыр-қайраты дөп келген аса келісті жігіт ағасы. Оның өне-бойы толған Ұлттық Рух, ал ілімі мен мұраты – қазақ қамы! Кешегі жұртына қамқор болған Бек Жәкіұлындай әулиенің тұяғы – бұл. Небір қатерді басынан өткерген болатөзек жан. Ажал «мықты бол!» деп қабырғасын суырып алғанда да тағдырына қасқайып тік қарап тұрған (дүшпандардың қастандығынан ағамыз Малайзия жерінде бір рет өліп-тірілген). Ол іштей күңірене жүріп, өз жарасын өзі жалап жазылатын бөрілерше аса қайсар әрі қарағайдың қарсы біткен иір бұтағындай өте

Жолда

«Үйден қырық адым шықсаң – мүсәпір, қаладан қарға адым ұзасаң – міскінсің» дейтін сапарсөз, әдетте, жолдағы жолаушыға айтылады. Тіпті өмір дегеннің өзі де жол үсті емес пе? Онда көл де кездеседі – жүзе біл! Шөл де кездеседі – төзе біл! Тау да кездеседі – шыға біл! Жау да кездеседі – жыға біл! Бірақ әркімнің өз жолы бар. Егер сол жолда кімде-кім оза шапса, соның алған беті қабыл болсын дейміз (Былыр менің де көп уақытым жолда өтіпті. Жұмыс бабымен 365 күннің 153 күнінде үйде болмаппын)!

2017 жылдың 25 мамыры, түнгі сағат – 3:30. Ерзат екеуіміз Семейдің Елордаға шығар қайықаузынан Астанадан келетін қадірменді мейманымызды күтіп жүрміз (Ерзат Жетібай – Семейдің Шәкәрім атындағы университетінің профессоры, философия ғылымдарының кандидаты). Аса сергек те емеспіз, маужырап кетпейік деп ауық-ауық самбырлап сөйлеген боламыз.

Айналада құлаққа ұрған танадай өлі тыныштық орнаған. Алаш рухымен тыныстап тұрған сайыпқыран қаламыз да сырт көзге ұйқыдан оянғандай көрінгенімен, қайтадан мүлгі бастаған сыңайлы. Сонадайдан ерке Ертістің сылдыры мен қарағайлы қара орманның сыбдыры талып естіледі. Әлсіз болса да, бойды тербеп, ойды оятуға бекінген өңірдің жеңіл де желпіністі самалы жібектей есіп тұр. Тек түн түнегін түре қуған әсем ай сүттей жарық...

Иә, адамға қараңғыда адаспас үшін жарық ай түнде керек болса, өмірде адаспас үшін нұрлы ақыл күнде керек-ау! Әдетте де солай, ақылың не десе, жүрегің де соны құптайды ғой.

Ай демекші, бағзыдан жеткен бір аңызда: «Дүние жаралғалы Ай Күнге жете алмай келеді, олар о баста ерлі-зайыпты екен, екеуінен жұлдыздар туған, бірақ әзәзіл айырған» десеңді. Бұл аңыз жөнінде неміс ұлтының ұлы ойшылы Гете былай дейді: «Бір-

мығым. Сондықтан да ол өмірде қорғануды емес, тек шабуылдап қамал алуы мақсат тұтты. Иә, «сын – ерді шыңдайды, қорқақты қинайды» демеі ме, Жәкеңді өмірдің өзі шыңдады. Бұл – тападай тал түстегі шындық!

Ер адамның көңілі күніне жеті рет жетімсіреп, сегіз рет сергелдеңге түседі деген рас екен.

Бірде Жәкең: «Айдын бауырым, кейде өмірдегі жеңісім дегенің – жеңілісің, ал жеңілісім дегенің жеңісің де болып кетеді. Мейлі, қарға біткен қарқылдап, қырандарды жамандағанымен, қыран әрдайым өз биігінде қала береді. Өйткені ол құзар шыңның басында жұмыртқадан туып, түлейді, сондай қиын жерде жарық дүние есігін ашады. Оның қанаты да қақаған қыстың ең қаһарлы айы – қаңтарда желге қарсы ұшып қатайды.

Абай атамыз: «Биік мансап – биік жарғас. Оған қалықтап ұшып қыран да шығады, жорғалап жылжып жылан да шығады» – дейді. Бірақ қыран жеткен биікке жыланның жеткенін мен әлі естіген жоқпын. Сондықтан да, қырандармен қатар ұшқың келсе, күркеғауықтармен бірге жайылма! Баяғыда «алыс пен жақынның арасы қандай болады?» деген сауалға бір ғұлама: «Надан мен білімдінің арасындай болады» депті. Қандай образды айтылған сөз еді», – деген еді.

Жәкең осыны айтты да, қалың ойға шомып кетті. Мен «Ағамның айтқандарын жазып ала қояйын» деп қолыма қаламымды алдым...

Қаншама жылдан бері жазуды жанымызға серік етіп жүргендіктен болар, мен секілді жазарман қауым үшін күштің бәрі – қаламда. Біздің

көпшілігіміз хакім Абайдың: «Ет-жүрексіз ерніңнің айтпа сөзін» деген ескертпесін санамызда қатаң ұстап, «жүрек» дейтін кітаптан алып мақала жазамыз. Міне, сол мақаладан жазушының өмір жолы басталады. Әуелі тақырып жете меңгеріледі, игеріледі (Әйтпесе сенделген сөйлемдер мен сенімсіздеу жазбалар көбейіп кетеді). Сонда ғана жазушы мақаласының иін кәсіби деңгейде мейлінше қандырады, жазғаны тартымды оқылады және оқырманды танымдық құндылығымен баурай алады. Әрине, оған шабыт керек. Ал шынайы шабыт адами мүддеден, адамгершіліктен ғана туады. Бірақ ол шабыт ағыл-тегіл ақтарылса да, өте еркін әрі уытты және шыншыл болады. Сөз сиқырына сұғынтып жүріп-ақ, майда оқиғалардың өзін де тізбектеп келіп, үлкен бір мәселеге әкеліп тірей саламыз. Иә, санаға сәуле, зердеңе ақыл болып құйылатын, батпандаған сөздері-ай қазақтың. Сол сиқырлы сөзбен рухани байлықты танытудан артық құбылыс та жоқ шығар, сірә?! Содан ғой, тағдыр біздерді тізеден сүріндірсе де, тілімізден сүріндірмесін дейтініміз. Егер жүрек таза болса, тілден әдемі сөздер шығады, тамаша ойлар туындайды. Міне, сол ойды көре білген адамның өзі де көреген! Мен сондай көреген жандардың бірі Жасан Зекейұлы дер едім.

Өзім білгелі Жәкең қаншама бұлақтың аузын тұмшалаған арам шөптерін жұлып тастап, көзін ашты, қаншама дарындардың шығармашылық көгіне қанат қағуына мүмкіндік туғызды. Ол жөнінде телеарналар мен БАҚ-та айтылып та, жазылып та жүр.

Ерейментауда

Жәкеңдер Семейге қарай жолға шығамыз деп дайындалған 24 мамыр күні емделуге келген халықтың қарасы қалың болыпты. Сонда да оларды қарап үлгеріп, асығыс шығып бара жатқан Жәкеңді байқаған бір науқас: «Мені бір рет қарап, диагнозымды қойып кетіңізші, бәлкім сіздің еміңіз шина болып қалар» деп, жүрекжарды сөзін айтады. Өзі арбаға таңулы екен әрі жасы да біразға келіп қалған қарт кісі көрінеді. Жәкең науқасты бірден диагностикалық бөлмеге кіргізеді де, оны жан-жақты тексеріп, ауруының диагнозын қойып тастайды. Және өзі Семейден келгенше жасалынатын ем жолдары мен пайдаланылатын шөп

дәрілерін де тағайындап береді.

Сөйтіп Жәкең әуежайға да өз уақытында барған ғой, бірақ ұшақтан бәрібір қалып қояды.

Бұл кезде біздер ағамызды Семейдің әуежайында күтіп отырған едік. Соны білетін Жәкең іле-шала маған хабарласып, болған жағдайды бір-екі ауыз сөзбен қысқа қайырды да: «Жол қалай, бауырым? Мен жеңіл көлікпен шығатын болдым», – деді.

«Алыс деме: жүріп кетсең жетерсің, ауыр деме: иыққа алсаң, көтерерсің» дегендей, біршама ұзақ жерден келе жатқан Жәкеңдер алдымыздан аңдыдап шыға берді. Жүрістері тау құлатардай екпінді, қозғалыстарында

салтанаттылық байқалады. Ерзат екеуіміз ағамызды серіктерімен бірге құшақ жая қарсы алдық. Аман-саулық сұрасқаннан кейін Жәкең: «Кеше 16:00-де «SKAT» авиакомпаниясының ұшағынан қалып қойдық. Сөйтсек олардың бір олықлығы VIP залда күтіп отырған жолаушыларға алдын ала хабарлама бермейді екен. Бірақ Аллаға шүкір, есесіне міне, өз көлігіммен «өзіме-өзім қожа» дегендей 12 мүшем сау қалымда Семейге жетіп алдым, тәубә!» – деді екі беті алабұртып.

Жәкеңдер жолшыбай Ерейментауға аялдап, ондағы Торғай ауылында өзінің жеке кәсібін дөңгелетіп отырған кәсіпкер досымыз Ербол Дүйсеновты ерте келіпті.

Осыдан бес ғасыр бұрын желмаясымен желе жортып, ұлан-байтақ даламыздан жердің жәннаты «Жерұйықты» іздеп шарқ ұрған Асан қайғы бабамыз (Шыңғыс хан тұсында жасаған Үйсін Майқы бидің алтыншы ұрпағы. Бұл қазақ тарихындағы үшінші – Майқы, оның шын аты – Ұран. Әділдігі мен шешендігіне бола Майқы атанып кеткен) Сары Арқа төсіндегі осы Ерейментауды көргенде: «Желдің жеті есігі бар екен, қыс болса, жылқы тұрмас, жылқы тұрса, ішіндегі құлын тұрмас Ораздың жайлауы, Жиырлының қыстауы екен. Екі жағындағы ел бай болар да, қақ ортасын қоныс қылған ел кедей болар, бітісі жаман екен, бірімен-бірі төбелесетін кісі сықылды едірейіп тұрған, панасы жоқ дала секілді тау екен. Ерейментаудың құты жерінде емес, желінде» – депті. Бұл желді біздер «Сары Арқаның салқын самалы» деп атаймыз.

Семейде

Жәкең былтырдан бері маған: «Айдын бауырым, Алла қаласа келесі 2017 жылдың 3 маусымында 50 жасқа толамын. Соған орай мамыр айының соңын ала, сенің туған жерің – Ақсуаттағы «Ырғызбай әулиенің» басына барып тәу етсем, өткенімді екшеп, болашағымға ақ жол сұрап, тілек тілесем деймін. Сол жолда өзің серік болып, бастап жүрерсің» – деп айтып жүруші еді. Енді міне, ағамның өзі айтқандай, Алла сәтін салған сияқты.

Астанадан шығып, Алматыға қайтқанға дейін жан-жақты ойластырылып, егжей-тегжейлі жоспарланған Жәкеңнің жұмыс жоспары бойынша, баратын бағытымыздың түп қазығы – Шығыс Қазақстан

облысы Тарбағатай ауданының Ақсуат өңіріндегі «Бұрғыбай әулие» («Әулие» – «әли» деген араб сөзінің көпше түрі, қазақша «қасиетті» деген мағынаны береді. Бұл сөз Құран Кәрімде Алла мен пайғамбарға қатысты «жебеуші», «жарылқаушы» деген мағынада айтылады. Ал хадистерде «жақын болу» деген мағынада, яғни Уәли Аллаһ «Аллаға жақын», «дос», «Алланың мейірі түскен» деген ұғымда ұшырасады) кешені болды. Әйтсе де жолға шығар алдындағы жұмыс кестесінің тәртібіне қарай, «Қазақстан-Семей» мемлекеттік телеарнасында таңғы сағат 08:00-де өтетін «Қайырлы таң» бағдарламасының тікелей эфирі мен 16:00-де болатын танымдық-тағылымдық «Ой түйін» бағдарламасына бір ай бұрын жазылып қойған едік. Сонымен қатар «бітер істің басына, жақсы келер қасына» дегендей, дәл осы күні Семейдің Шәкәрім атындағы университетінде өткелі жатқан философия ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі Ғарифолла Есімнің 70 жылдық мерейтойына академик Жасан Зекейұлы құрметті қонақ ретінде шақырылғанды.

Міне, біріншіден, Алла сәтін салып, екіншіден, ұшақтан қалса да «уәделі мерзімде жетемін» деген сөзінен танбаған Жәкең (жеке көлікпен жолға шығып кету туралы) тез әрі дұрыс шешім қабылдауының арқасында телеарнаның екі хабарына да, Ғарекеннің мерейтойына да қатысып үлгерді.

Әсіресе 850 шақырымдық жолды «Джип» көлікпен басып өтіп, Семейге таң алдында ғана кірген Жәкеңнің жолсоқты болса да демалмай-ақ таңғы сағат 08:00-дегі «Қайырлы таң» бағдарламасына үлгергені үлкен абырой болды. Міне, тікелей эфир де басталды.

1-жүргізуші (Евгений Проскурин): – Друзья, я хотел бы представить гостя, который сегодня у нас в студии. Это уникальный человек во всех смыслах этого слова. Гость нашего города и нашей утренней программы основатель Восточной медицины в Казахстане доктор медицинских наук, профессор, академик, обладатель международного ордена «Сократ» – Жасан Зекейұлы. Доброе утро!

2-жүргізуші (Маржан Нұрышева): Қайырлы таң, қаламызға, студиямызға қош келдіңіз! Көңіл-күйіңіз қалай?

Жасан Зекейұлы: – Өте жақсы! Семей деген қасиетті жер нағыз зиялылардың мекені ғой. Мұнда кешегі Абай атамның, Алаш арыстарының ізі қалған. Соған міне, тағзым етіп келіп

отырмам.

2-жүргізуші: Рахмет, аға, қаламызға жиі келіп тұрасыз ба?

Жасан Зекейұлы: Меніңше біздің ұлтжанды азаматтарымыз өз иммунитетін, рухани байлығын жоғарылату үшін де, Семей жеріне бір жылда екі рет келіп-кеткені жөн деп ойлаймын. Бірінші жолы – көктемде, екіншісінде – күзде. Өйткені көктемде бұл жердің табиғаты ерекше бір әсерлі күйге енеді, одан әрқандай адам шабыт алады. Әсіресе өскелең ұрпақ Абай атам бен Алаш арыстарының жүрген жерінің топырағын басса, олардың бойына да рухани күш-қуат құйылып, жастарымыз ұлт зиялыларының тарихи іс атқарған жерлерін өз көздерімен көріп қайтар еді. Ал күз мезгілінде келсе, иммунитеті күшейіп, қыстың қақаған аязына төтеп берер жақсы көңіл-күйге бөленер, рухани байлыққа да кенелер еді. Алла қаласа мен де бұдан былай жиі келуге уәде беремін!

2-ші жүргізуші: Қандай мағыналы сөздер, көп рахмет! Енді өміріңізде, қызметіңізде қандай жақсы жаңалықтар болып жатыр? Жақында ғана халықаралық дәрежедегі марапатқа қол жеткіздіңіз, құтты болсын!

Жасан Зекейұлы: Мен Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы жарияланғаннан бері әр облыстарда және көптеген оқу орындарында, «Нұр Отанның» бастауыш партия ұйымы бар мекемелерде болып жүрмін. Қазақстандықтар бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, осы Үндеуге үн қосып, әрқайсысы өз әлінше жақсы жағынан жан-жақты үлестерін қосып жатыр. Ал мен өзім алдыңғы күні ғана Алматы облысының орталығы – Талдықорған қаласында халықаралық стандарттан өткен әрі ғылыми тұжырымдамасы бар, медициналық жоғары оқу орындарына арналып жазылған 2 оқулықымды көпшілікке қазақ тілінде ұсындым. Өйткені қазіргі кезде мемлекеттік тіл – қазақ тіліндегі медициналық оқулықтардың тапшы екендігі ащы болса да шындық! Міне, соған өзімнің қосқан бір үлесім осы шығар деп айта аламын. Бірінші кезекте, мұндай игі шараға мұрындық болған Елбасымыздың «Мәдени мұра» бағдарламасы болса, екіншіден, оны жүзеге асырып жатқан жергілікті әкімқаралар. Ал облыс басшыларының ішінде көшбасында жүрген Алматы облысының әкімі – Амандық Баталов мырзаға рахметімді айтқым келеді.

Талдықорғандағы «Тіл сарайында» 39 кітаптың тұсаукесері бір күнде өтті. Кітаптардың барлығы Алматы облысы

әкімдігінің қолдауымен жарық көріп отыр. Жыл сайын шамамен осындай кітап баспадан жарық көреді екен. Бұл игі іс шығыс өңірінде де жалғасын тапса екен деймін.

Бізге көпшілік адамдар өз ата-бабаларының тарихын, болмаса жаңадан шығып келе жатқан ақын-жазушыларды ғана жазумен шектеліп жүрген сияқты. Бірақ сол күні өткен дөңгелек үстелдегі отырғандардың негізгі сөз-ауаны «бізге ана жазушы, мына ақын емес, Елбасымыз айтқандай, қалай салауатты өмір салтын ұстанып өмір сүре аламыз, қайткенде ұзақ жасауға болады, қайткенде иммунитеті мықты, мол рухани байлықты бойға сіңірген халық бола аламыз және қандай жолдармен, қандай бағдармен өз-өзімізді сақтандыра аламыз» деген сұрақтардың төңірегінде өрбіді.

Өкінішке қарай, жаңағы 39 кітаптың ішінде менің екі кітабым ғана оқулық кітап болып шықты, ал қалғаны – жазушылар мен ақындардікі. Бірақ дөңгелек үстелге қатысқандар әдеби кітаптарды емес, оқулықтарды көбірек шығару жайында өз ойларын білдірді. Демек, оқулықтарға сұраныс бар деген сөз.

Семей – Қазақстан территориясында рухани байлығы мол, тарихы тереңде жатқан байырғы қала. Осы қалада ата-бабамыздан келе жатқан дәстүр мен тіл жақсы сақталған. Бұл – Абай атамның негізгі мектебі қалыптасқан жер. Сондықтан да, биылғы мынау соңғы қоңырауға атсалысып жатқан оқушылар мен студенттерге айтарым: университеттегі және мектептердегі оқу маусымы аяқталғаннан кейін, жазғы, қысқы каникулда уақыт тауып, Семей өңіріне келсе құба-құп. Шығыс медицинасында «Адамның өзі табиғат пен жер шарының көшірме нұсқасы» дейді. Адам организмінде 109 элемент бар. Яғни, біздің бойымызда барлық минералдар мен металдар бар деген сөз. Міне, соның бәрі сіздің туған жеріңіздің топырағы мен тұнық сулары және батагөй ақсақалдардың батасы, сондай-ақ, халықтың сізге берген бағасы мен шапағатының қуатынан пайда болады. Бата алып, рухы мен қуатын көтеретін жерге көбірек барған адамдардың жұмыста да, оқуда да, болашақта да шығар биігі зор болады. Сондықтан Семей әлем қазақтарының, әлем түріктерінің жиі келіп, тағзым етіп тұратын мәдени орталығы болса деген үмітім бар.

2-ші жүргізуші: Жасан Зекейұлы, біздің «Қайырлы таң» бағдарламасы таңғы бағдарлама екенін білесіз, осыған орай дәрігер ретінде қаламыздың тұрғындарына бағалы, құнды кеңесте-

ріңіз болса, осындай сәтті пайдаланып айтып берсеңіз? Ұзақ өмір сүрудің сыры неде, аға?

Жасан Зекейұлы: Кеше Астанадағы емдеу орталығыма біраз мүгедек науқастар келіп, оларды қабылдап үлгергенше ұшақтан қалып қойдым. Бірақ жеңіл көлікпен таңғы сағат 04:00-де аман-есен Семейге жеттім. Міне, 2-3 сағат ғана көз шырымын алсам да бұл жердің тұнық ауасы, сіздердей жандардың энергиясының арқасында шаршағаным білінбей кетті.

Адам әрқашанда өмірді сүйе білуі керек. Алла Тағала сізге өмір беріп, жарық дүниені көрсеткеннен кейін ең әуелі таза көңіл-күйде болуыңыз ләзім. Көптеген ғұлама ғалымдар «жақсы өмір сүру адамның өзіне байланысты» деген қағиданы ұстанады. Яғни, денсаулықтың жақсы не жаман болуы адам баласының өзінің көңіл-күйіне байланысты екені әлдеқашан дәлелденген. Мен осы ғылыми тұжырымды басшылыққа алып, «жасарту аппаратын» ойлап таптым.

Яғни, осы аппараттың көмегімен адамды 15 жылға жасартуға болатындығы ғылыми тұрғыда дәлелденіп, патенттелді. «Магниттік сағат» қолжетімді болады деп ойлаймын. Қазірше бағасы 2-3 мың АҚШ доллары болмақшы. Бұл біздің Республика тұрғындары үшін сәл қымбаттау. Бұл аппаратты ҚАЗМУ-дің технологиялық паркінде жасаттық, қазіргі таңда бұл туралы шетелмен де сөйлесіп жатырмыз. Оның негізгі теориясы: адамға келетін екі-ақ ақпарат бар, біріншісі, адамның көңіл-күйін көтеретін жақсы ақпарат. Ол адамдардың жақсы өмір сүруіне негізделген. Мына жарқырай шыққан күннің нұры, өмірдегі жақсы энергиялар мен хабар-ошарлар адамға оң әсер етсе, ол мейірім гормонын бөледі. Адамның қалқанша безі, ұйқы безі, бүйрек үсті безі, еркектердің қуықасты безі, әйелдердің аналық безі деген сияқты. Міне, сол бездер мейірім гормонын бөлген кезде адамның иммундық жүйесі, табиғи қуаты көтеріледі. Ондай адам ауруға шалдықпайды. Ортада жақсы көңіл-күймен жарқырап жүреді, энергиясы жақсы болады. Ондай кезде жұмысы алға басып, өзге адамдарға берер шапағаты мол болады. Сіздің бойыңызда өмірде қандай қиыншылық кезіккенімен де дауылға қарсы ұшқан қыран бүркіт сияқты ешқандай кедергіден майықпай, оны жеңіп өтетін қуат болады.

Ал екінші бөлінетін гормон – улы гормон. Бұл адам организмінен табиғи түрде бөлінеді. Біз кейде одан сақтана алмаймыз. Яғни, қазіргі ақпараттық технологиялық заманда керексіз ақпа-



раттан сақтану жолы еш жерде айтылмайды. Мәселен, сіз адамдардың сыртынан ғайбат айтсаңыз, теріс ақпарат берсеңіз, қылаяғы сәбиді ойыншықпен ойнатып отырып, теледидардағы қорқынышты мультфильмдерді, үрейлі көріністерді көрсетсеңіз, бала шошып, денесінен табиғи түрде ашу гормоны – ызалы гормон бөлінеді. Бұл гормон адамның ішкі иммундық жүйесін төмендетеді де, ақ қан клеткасын бөліп шығарады. Ал ақ қан клеткасы адам денесінде қатерлі ісік ауруын тудырады. Міне, бұлардың бір-бірінен негізгі айырмашылығы – осы!

Тікелей эфирді пайдаланып, сіздерге зор алғыс айтқым келеді. Өйткені сіздер таңнан тұрып, халыққа мейірім, шапағат ұсынып отырсыздар. Шаршағандарыңызға қарамай, көздеріңізден күлкі кетпей, өз мейірімдеріңізбен халықты емдеп жатырсыздар. Сондықтан осы бағдарламаны жүргізіп отырған сіздерге көп рахмет!

Адамзат осы екі нәрседен әрдайым сақтануы керек. Өмір қиыншылықсыз болмайды. Сізге біреу зекіреді, сіз біреумен ренжісіп қаласыз, кейде біреу қастандықпен ауыр сөздер айтады. Сол кезде сіздің жан-дүниеңіз ашуға булығады да, жоғарыда айтқан гормон бөлетін 6 клетка ашу гормонын бөледі. Егер сіз жаңағы «жасарту аппаратын» (ол өзі сағат сияқты) қолыңызға тағып алатын болсаңыз, ол ызалы гормонды жайлап тоқтатады. Тіпті ұдайы тағып жүрсеңіз, оның қуаты соншалықты, ызалы гормон 15 жылға бөлінбей қалуы мүмкін. Бұл – сіздің жасыңыз 15 жылға ұзартылды деген сөз.

2-ші жүргізуші: Керемет ғылым табысы екен...

Жасан Зекейұлы: Бұл әлемде әлі жарыққа шыға қоймаған үлкен табысты іс болып отыр. Қазір өз еліміздің патентін алдық, енді халықаралық патент алмақшымыз. Осы жаңалық хақында әлемдік деңгейдегі ғалымдармен ой бөлісіп, енді оны елге қолжетімді етіп беру ойда бар.

Бұл «жақсы өмір сүру – өзіңіздің қолыңызда» деген логикаға саяды. Қосымша айта кетейін, жайшылықта дәрігерлердің ойында көп жақсы сөздер жүреді. Біз сол сөздерді жинақтап бір кітап етіп шығарғалы жатырмыз.

Тіпті өзімнің кейбір сөздерімді клиникамның маңдайшасына ұран ретінде: «Келген әрбір науқасты қуана қарсы алып, соларға жақсы ниетпен, мейіріммен қарау – сіздердің міндеттеріңіз!» деп жазып, іліп қойдым.

1-ші жүргізуші: Жасан Зекейұлы, я не могу не воспользоваться такой возможностью. Вы являетесь родоначальником, кто начал применять в практике восточную медицину в Казахстане. Но, мы должны отметить восток – это энергетика, это акупунктура. И в связи с этим постоянно возникают конфликты с западной медициной. Западная медицина или же традиционная медицина является ключевой. Не были ли противоречия и недоразумения? Вот, как вы вышли из этого положения?

Жасан Зекейұлы: Шығыс медицинасы – 5000 жылдық тарихы бар медицина. Бұл – халық медицинасы емес, мұны «Дәстүрлі медицина» деп бекітуіміз керек. Бұл адамның өмірімен бірге өсіп, дамып келе жатқан медицина. Ал Еуропа медицинасына небәрі 300 жыл ғана болды. Яғни, шығыс медицинасының ерекшелігі – ауруды емдеп жазады, алайда екінші ауруды тудырмайды. Сондай-ақ, адамның табиғи энергия көздерін ашу арқылы емдейді. Өздеріңіз білесіздер, бүгін Ғарифолла Есім ағамыздың 70 жасқа толуына орай Шәкәрім университетінде салтанатты кеш өтпекші. Сіздерді соған шақырамын. Ол кісінің батыс және шығыс медицинасы туралы: «Еуропа медицинасын (образды түрде айтқанда) жолда келе жатқан машина десек, ол жолында кездескен тасқа мән берместен, бар жылдамдығымен үстінен баса-көктеп өте береді. Міне, сол кезде оның моторы, т.б. бөлшектері зақымданады, сынады не майысады.

Сөйгіп машинаға көп зиян келеді. Ал шығыс медицинасы машина жолда келе жатып, алдында жатқан тасты көрсе, тоқтап, оны жолдан алып тастап барып, еш бөлшегін бүлдірмей-ақ өтіп кете береді. Яғни, машинаға еш зиян келмейді» – деп айтқаны бар. Міне, сондықтан да шығыс медицинасы әлемдік деңгейде сұранысқа ие болып отыр.

Еліміздің төрт өңірінен клиника ашу ойымда бар. Ол үшін Түркияға да, керек десеңіз Еуропаға да шәкірттерімізді жіберіп оқытуға дайынмын. Өйткені жазылмайтын дерттер күн өткен сайын көбейіп барады. Мәселен, 7 жастағы баладан тартып 18-дегі жастарға дейін инсульт ауруына шалдығып жатыр. Неге? Инсульттан істемей қалған қолдың қан қысымын кез-келген мейірбике өлшей береді, себебі онда қан жүріп тұр. Бірақ жан жоқ, контакт жоқ, меридиан жұмыс жасамайды. Шығыс медицинасында 24 меридианды 700 канал мен 12 мүшеге жалғастырады да, акупунктура арқылы жаңадан клетка тудырады. Егер клетка туған кезде, ине жақсы қойылатын болса, адамның қолы қанша жансызданып қалса да, қайтадан қалпына келеді.

Осы кезге дейін, біздер ДЦП ауруына шалдыққан 4000-дай баланы жазып шықтық. Жалпы әлемде жазылмас дерттің үшеуін жазып шықсаңыз, сізді «Нобель» сыйлығына ұсынады. Ал бізде әзірше ондай мүмкіндік болмай тұр. Қолдау жетіспейді. Баласы сал аурумен ауырған ата-аналар: «Бұл енді жүре алмайды, өмір-бақи арқалап жүретін болдық» деп қынжылып үйіне қайтады. Алайда емнің IV, V курсына бала тәй-тәй басып жүріп кеткенде өз көздеріне өздері сенбейді.

Бірнеше күннің алдында 85 жастағы ақсақал клиниканың алдында мені тосып тұр екен: «Ұлымнан осы бала ғана қалып еді, жалғыз мұрагерім – осы. Бұл енді өмір-бақи мүгедек болып қалса, тұқымым құрыды ғой деп отыр едім, сіздер жүргізіп бердіңіздер, бата берейін деп келдім», – дейді. Содан мешітке барып, ақсақалдың батасын алдым да әкелген малын сойдырып, жамағатқа таратып бердім.

Шығыс медицинасы бір ғана ұлттың емес, күллі шығыс халықтарының ортақ медицинасы. Оның ішінде қазақ та бар. Ол – сонау әл-Фараби бастаған біздің байырғы медицинамыз. Баяғыда қойшылар белдері шойырылып қалған кезде, ауырған жерін таяғымен-ақ уқалап, жазып алатын болған. Бұрындары екіқабат әйел түйенің қомында келе жатып босанып қалғанда, түйенің шудасын беліне орап жіберіп, сол арқылы ағзаға әсер беріп,

жатырдың жиырылуын ешқандай уколсыз орнына келтіретін болған. Мәселен, әлдебір жағдаймен бетіңізге суық тиіп, бір жағына қарай қисайып кетті делік, онда сіз сөйлей алмай қаласыз. Ал Еуропа медицинасының емдеу әдісімен система қойыңыз, ота жасаңыз, бәрібір қалпына келмейді. Міне, осындайда шығыс медицинасын қолданып, клетканы қайтадан тірілту керек. Суық тиген жерге инені екі рет, не бір рет қойғанда әуелгі қалпына келеді.

Шығыс медицинасына қазіргі күнде шәкірттер жетіспей жатыр. Сол үшін де жоғарыда айтқанымдай, медициналық оқулықтарды шығардық. Енді жоғары оқу орындарында факультеттер ашатын болсақ, дүниежүзінің науқастары келіп емделетін әлемдік деңгейдегі ірі орталықты Қазақстанда ашуға болады. Сондықтан да шығыс медицинасын «Әлемдік медицина» деп айтуымызға негіз бар.

2-ші жүргізуші: Хабарласқан көрерменіміз бар екен, қайырлы таң!

Көрермен: «Ассалаумағалейкум, Жасан Зекейұлы! Сізбен тікелей жүздеспесем де, сырттай атыңызға қанықпын. Сіздің ата-бабаларыңыздың тағдыры мен тарихына арналған «Тектілік тегеуріні» кітабы арқылы бір елді аузына қаратқан Бек емшедей әулиенің, одан бергі Тұрсынбек, Қазез атаңыздай, әкеңіз Зекей мен Шәрипа анаңыздай адамдардың ұрпағы екеніңізге көзім жетті. Жақында «Ердің жасы 50-ге толады екенсі. Өзіңізге зор денсаулық тілеймін. Бағындырған биіктеріңден, алар асуларыңыз көп болсын! Емдеу орталығын Семейде ашу ойыңызда бар ма?»

Жасан Зекейұлы: «Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас» деген ғой қазақ. Осы өңірде «Ақжолтай» деген газет бар екенін білесіз, мекемеден мектеп оқушыларына дейін таратылады. Бұл газеттің бас редакторы Рахат Алтай деген азамат шын оқиға негізінде жазылған Жанат Ахмадидің «Тектілік тегеуріні» деген романын бір жыл бойы үзбей жариялап келеді. Сізді де романды зерделеп оқып жатқан оқырманның бірі деп ойлаймын. Берген батаңызға рахмет! «50 жас – ердің жасы» дейді, «Нобелдік» сыйлыққа ұсынатын қоғамдық ұйымдар бар ғой, солар мені де «Әлемнің үздік ғалымы» деген атаққа ұсынып жатыр. Алла қаласа шілде айында көптеген елдің мықтылары бас қосатын Швейцариядағы жиынға барайын деп жатырмын. Сол Ақжолтай жаңалықты сізбен бөліскім келеді.

Ал енді, Семей «Мен – қазақпын!» деген өр тұлғалы адамдардың жері. Облыс және қала әкімімен жолығуымда

үлкен мақсат бар. Әуелі медицина университетінің ректорымен кездесіп, осында шығыс кафедрасын ашу туралы ойымды айтқым келеді. Оған сабақ беруге менің оқытушыларым дайын. Базаны мықтап дайындайтын болсақ, мемлекеттің қаражатынсыз-ақ өзімнің фирмамның базасында жиналған қордың қаражатымен немесе менде емделіп, ауруынан жазылған қалталы адамдардың көмегімен болса да іске асыруға болады. Бұл бір жағынан Семей халқына деген құрметім болар еді. Қызметкерлерді сырттан әкелмеймін, осы жердегі жұрттың балаларын (қаракөздерім болсын, басқа ұлттық болсын) оқытып, Абай атамыздың «Адамзаттың бәрін сүй...» деген сөзімен ашсам деп ойлаймын. Ешкімді ұлтына, жеріне бөлмеуіміз керек. Осында халықаралық дәрежедегі клиника ашылса, әлемнің түкпір-түкпірінен адамдар келіп жатса, бұл да бір туризмнің көзі болар еді. Мен соны көптен бері армандап жүрмін. Сіз, маған атқа қамшы салғандай қып жігерлендіріп отырсыз. Құдай қуат берсе, бір-екі жылдың ішінде осы ойымды жүзеге асыруға бар күшімді саламын.

2-ші жүргізуші: Жасан аға, сізді теледидардан көрген көрермен-қауым студияға толассыз қоңырау шалуда.

Көрермен: Сәлеметсіз бе? Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында ұлттық код туралы айтқан еді. Бұл тектілікке саятын сөз бе? Жалпы «Ұлттық код» деген не?

Жасан Зекейұлы: Астанада осы жөнінде біздер бірнеше ұйымдарға барып, мәлімдеме жасадық. Рухани бағдар, рухани жаңғыру кез-келген қазақстандықтың ортақ бірлікпен атқаратын бағдарламасы. Мына жаһандану дәуірінде ұлттық деңгейді, ұлттық сананы жоғалтып алмауымыз керек. Тіл, дін, дәстүр (Авицена атындағы ұлттық медициналық университет) және рухани байлығымыз бен ата-бабамыздың тарихын рухани жаңғыруға қорғаныс пердесі етіп құрсақ әлемдік жаһанданудан сақтана аламыз. Міне, ұлттық код дегеніміз – осы!

Егер сіз өзіңіздің кім екеніңізді, бізді сақтап келген ата-бабаларымыздың дәстүрін білмесеңіз, онда сіз болашақта қандай деңгейде болатыныңызды айта алмайсыз. Ұлттық код – Елбасымыз айтып өткен дамыған алдыңғы 30 елдің қатарына жетудегі бірден-бір мақсатымыз. Бұған құр сөзбен емес, нақты іспен үлес қосуымыз керек. Мәселен, мен ұлттық медицинаны дамыту үшін әр облыстан клиника ашуды қолға алсам деп отырмын. Сол сияқты



ұлттық киім тігумен айналысатын қолөнерші көп, солар үлкен-үлкен шеберханалар ашса нұр үстіне нұр емес пе?! Мәселен, мен ұлттық нақышпен өрнектелген белдік тағып жүрмін. Осыны өзгелерге де дәріптеуіміз керек. Ұлттық тағамымыз арқылы ұлттық дәстүрімізді көрсете аламыз. Ет тағамдарымызды әлемге паш етуіміз керек. Шетелдің тағамдарының қуаттық деңгейі біздікінен әлдеқайда төмен екендігін біз дәрігерлер дәлелдеп, айтып жүрміз. Жас босанған әйелге неге 40 күн қалжа жегізеді? Жас сәбидің шілдеханасын өткізіп, бесікке салып, бесік тойын жасауда үлкен ғылым жатыр емес пе? Ана тілін бала бесікте жатқанда-ақ «бесік жырымен» үйретеді. Ұлттық дәстүрді, ұмыт болып бара жатқан құндылықтарымызды қайтадан жаңғыртатын болсақ, онда рухани жаңғырудағы қорғаныс пердесі құрылды дей беріңіз. Міне, Елбасымыз «Ұлттық код» деп осыны айтып отыр.

2-ші жүргізуші: Тағы бір көрерменіміз қоңырау шалуда...

Көрермен: – Сәлеметсіз бе? Баламның ақыл-есінде ауытқушылық бар еді. Дәрігерлер: «даун, қаны дұрыс емес» дейді. Қазір невропатология бөлімінде есепте тұрмыз. Шығыс медицинасының емі баламның ақыл-ойының дұрысталуына себеп бола ма?

Жасан Зекейұлы: Балаңыздың диагнозын түсіндім. Егер оқуда жүрген бала болса, миына ауыр салмақ түссе немесе ортаға бейімделе алмаса да осындай жағдай белең береді. Мәселен, Астанадағы орталыққа жақында ғана бір шеттен келген қандас бауырдың баласы ауырып келді. Мектепте шетқақпайға ұшыраған. «Сен сырттан келгенсің, артта қалып қойғансыңдар, орысша, ағылшынша білмейсің, т.б» деп әлгі баланы есеңгіретіп тастаған. Біз қазір сол баланы емдеу үстіндеміз. Сондықтан бұл аурудың аты «депрессия» деп аталады. Ол үшін ең әуелі баланың миын толық қалыпқа

келтіретін каналдарды ашу керек. Бағана бір тыңдарманымыз Бек әулиені айтып жатыр ғой, міне сол кісі қолданғандай, көк кептердің қанын 7 тамшыдан 17 тамшыға дейін ішкізетін жолы бар. Сонымен қоса сорпасы да пайдалы. Басына қолда өсірген тауықтың жұмыртқасын тарту керек, ол бастың қысымын түсіру үшін қажет. Әуелі оған тамырлық өзгеріс арқылы диагноз қоямыз. Қан анализдерінің көбі кейде дұрыс көрсетпейді. Себебі, оны берген адам көп жағдайда шаршап отырады да «қалыпты» деп жазып бере салуы да ғажап емес.

Жүргізуші жігіттің «Шығыс медицинасы қай жағынан ерекшеленеді» деген сұрағы халықтың көкейінде жүрген керекті сауал деп ойлаймын. Бұл медицина адаммен тікелей контакт жасайды. Адам тамырының 80 түрлі соғысын тескеру арқылы оның қандай өзгеріске, нендей тосқауылға ұшырап тұрғанын айтып береді.

Сондықтан балаңызды емдеуге болады. Қолымдағы газет-журналдарды студияға қалдырып кетемін. Эфирден кейін хабарласып біздің мекен-жайымызды, телефон нөмірімізді ала аласыз. astana.Jasai@mail.ru электронды поштасына жазсаңыз да болады. Ғаламтордан www.Jasai.kz дегенді терсеңіз, барлық ақпаратты көре аласыз.

Біздер қазіргі таңда осындай диагнозбен 500-ге тарта баланы емдеп, жаздық. Шәміл Әбілтай деген күйші ағамыздың ұлы «мен ұшқыш боламын!» деп авиация саласында қызмет істеп жүрген еді. Күншілдік не қылмайды. Қасындағы жолдастары «қызмет дәрежесі өсіп, бізді артта қалдырып кетеді» деген ішітарлықпен арқасынан темірмен ұрған екен. Ауыр соққыдан ауруханаға түскен, оны жындыхананың палатасына жатқызған. Сөйтіп ол әлгі жерде 10 жыл бойы жатады. Тек жексенбі күні ғана еркіндікке шығуға рұқсат. Шәміл

аға менде емделіп, қан қысымы ауруынан жазылған. Сондай диагноздағы балалардың да аяқтан тік тұрып кеткенін көргеннен кейін бір күні баласын маған алып келді. Есімі – Азамат. Жарты сағат егжей-тегжейлі тексеруден өткізгеннен кейін, оның ешқандай жыңды емес екені анықталды. Қан ми қантамырлары арқылы миға кіреді де, қайта шыға алмайды, сөйтіп мидың жұмыс процесі өзгеріске ұшыраған. Яғни, тамыр айқасып қалған екен. Диагноздан кейін дереу ем бастадық, 25 күн дегенде өзінің қай жерде жатқанын анық айтты. Мен оған ауруынан 100% айықты деген анықтама жазып бердім. Бұл туралы ақпарат газетке де шықты, маған айтқан алғыстары кітаптарға да енгізілді. Азаматтың анасы – Өрікгүл апайымыз қуаныштан «Жасан вальсі» деген ән жазды. Азамат қазір қайтадан өз жұмысына кірісті. Міне, «жазылмайтын дерт жоқ, дәрігеріне кезіксе» дейтініміз содан. Бізге келіңіз, тегін кеңес беріп, көмектесеміз.

2-ші жүргізуші: Жасан Зекейұлы, қоңырау шалып жатқан көрермендеріміз көп болды, бірақ бәрінің қоңырауын жалған үлгермедік. Сіздің салықалы кеңесіңіз көбінің жүрегіне үміт отын ұялатты деп ойлаймын. Расында да жазылмайтын дерт жоқ сияқты. Тек емшісіне жолыға алмай жүргендер қаншама?! Халық үшін еткен еңбегіңіз жемісті бола берсін! Әр келген науқастарыңыз жазылып, әрдайым жақсылыққа кенелсін! Келе жатқан мерейтойыңыз құтты болсын! Уақыт тауып біздің телеарнаға келіп сұхбат бергеніңізге көп-көп рахмет!

Жасан Зекейұлы: Аспанымыз әрқашан ашық, ел іргесі берік болсын! «Қайғысыз қара суға да семіреді» дейді ғой қазақ. Бұдан да жаман күнді де көрген халықпыз. Осы бейбіт күннің берекесінен айырмасын, Тәуелсіздік деген биік ұғым. Оны көкейімізде терең сақтап, қорғап жүру әрбіріміздің парызымыз.

Тікелей эфирдегі сұхбат осылай аяқталды. Көптеген көрерменнің көзі ашылды. Ауруына ем іздеген талайлаған адамдардың көзінен үміт сәулесі шашырады...

Жалғасы бар...

Айдын Ырысбекұлы,
ҚР Мәдениет және спорт
министрлігінің геральдист-сарапшысы,
Алаштанушы

Көк туымыздың әлемдік аренада желбірегенін жан-тәнімен қалайтын Жасан Зекейұлы қазақтың намысын қорғайтын спортшыларға, өнер адамдарына, ақын-жазушыларға, сондай-ақ, мәдени-тарихи іс-шараларға көмек қолын созудан ешқашан аянған емес. Бұл оның асыптасығаны емес, халқының рухани қазынасын қолдауды мұрат еткен өмірлік ұстанымы.

Тіл мүддесінің күрескері



Күллі қазақтың алтынқолды дәрігері ғана емес, халықаралық деңгейде мойындалған ғалым – Жасан Зекейұлының қайраткерлік қыры туралы сөз өрбітпекпіз.

Ол елінен жырақта туып, шет мемлекетте білім алып, еңбек жолына түскеннен бе, туған елінің тәуелсіздігін аңсаумен болды. Атамекеннің, ұлттық дәстүр мен салт сананың, тілдің, тәуелсіздіктің қадірін жете ұғынып, айналасындағыларға үлгі-өнеге бола білді.

Ата тектен берілген қасиет пен туа біткен ұлтжандылық, мейірімділік, адалдық қасиеттері білім мен біліктілікпен ұшталып Жасан Зекейұлын қазіргі биігіне алып келді. Бірақ кәсіби, кәсіпкерлік, қайраткерлік биікке шығар жол әрине оңай болмады. Бұл жол үнемі қайсарлық пен күрескерлікті талап етіп отырды.

Жасан Зекейұлының ұлтжандылығын, ұлттық құндылықтардың кез-

келгенін ерекше ұлықтайтынын онымен таныс болған, араласқан әрбір адам біледі. Алғаш рет «Жас-Ай» медицина орталығына келгенде сабырлықпен өз кезегімізді күтіп отырдық. Сол алғашқы минуттарда сыпайылық пен тәртіп, кәсібилік пен тазалық орнаған орталық дәрігерлерінің ақ халаттарының жағасындағы әдемі қазақы ою-өрнек бірден көзге жылы ұшырады.

Ешқандай түсіндірусіз орталық басшысының ұлттық негізге аса мән беретіні туралы түсінік қалыптасты. Шынында да солай болып шықты.

Талай рет дәрігер, маман ретінде шетелдік сала мамандарымен бәсекеге де түскен ұлтжанды азамат қазақ елінің даңқы қоғамның қай саласында болсын алда, үнемі дамуда болуына көмек қолын созып келеді. Өмірлік ұстанымына берік Жасан Зекейұлының басынан жақын арада мынадай оқиға өткен болатын. Ел аумағында, шетелдерге іссапарға, ғылыми-конференцияларға

жиі шығатын медицина ғылымдарының докторы Жасан Зекейұлы әуежай қызметін жиі пайдаланады.

Оның кезекті сапары Біріккен Араб әмірлігінің Дубай қаласына жоспарланған болатын. Әуежайдың талаптарына сай жолаушылар ұшу мерзімінен бұрын келіп, рейсті тосу керек екені көпшілікке белгілі. Сол талаппен Жасан Зекейұлы әуежайдың VIP залында рейсін күтіп отырады.

Әуелі планшетінен соңғы жаңалықтармен танысып болғаннан соң уақытын босқа өткізбеу үшін залға қойылған газет-журналдарды қарап шықпақшы болады.

Түрлі мазмұндағы жүздеген брошюра, газет-журналдардың арасынан бірде бір мемлекеттік тілдегі басылымды таппайды.

«Бұл не деген масқаралық! Өз елінде өгейдің күнін кешкен тіліміз осылай қор болып жатқанда қалай сақталмақ? Ата-бабалар армандаған тәуелсіздік кезінде тілімізді қолдаудың орнына қор етіп жатқандар кімдер?! Ұлым деп дастарқан басында тоқтамай сөйлейтіндер іске келгенде неге жасқаншақ?» деген толассыз сұрақтар бір мезетте ойына оралған Жасан Зекейұлы мұндай басынуды істеп отырған адамның бұл қиянатқа жауап беруін талап етеді.

Әуежайдың VIP залына жауапты директор түрік ұлтының азаматы болып шыққан. Басында беттері бұлк етпеген әуежай қызметкерлері Мемлекеттік тілге қатысты заңды белден басып отырған мекеме жұмысын тіпті тоқтатуға болатынын батылдықпен дәлелдеп, осы елде тұратын, қызмет жасап жүрген әрбір азамат мемлекеттік тілге құрмет жасауы керектігін қадап айтқан Жасан Зекейұлынан кешірім сұрауға мәжбүр болады. Жасан Зекейұлы бұдан былай мемлекеттік тілді менсінбеуді тоқтатуларын талап етіп, қазақтілді басылымдарға басымдық берілуін қатаң қадағалауда ұстайтынын ескертеді.

Тіл жанашырының осы жеңісінен кейін әуежайдың барлық қызмет көрсету орындары, VIP залы қазақтілді басылымдармен толығып отыруды басты назарда ұстайтын болды. Дәл осы жағдай кезіндегі сәтін Жасан Зекейұлы: «Шынымды айтсам, зығырданым қайнап кетті. Мұндай сорақы, масқара жайтқа қашанғы төзуге болады? Мемлекеттік тілді менсінбейтіндер біздің талап-арызымызды аттап өтіп, «ит үреді, керуен көшедіге» балап жүре бермек пе?»

Жүк көліктерін тапсыратын, тексеретін орындардан өткенде де тексеріс жүргізетін әуежай қызметкерлері орысша шүлдірлей жөнеледі. Мұндай жағдай бір емес, бірнеше рет қайталанып жатыр. Қашанғы шыдау керек?» – деген ой келгенде тіпті өзімді ұстай алмай қалдым деп баяндады.

Түсінген адамға тіл – ұлттың жаны. Ұлттың ұлт болып қалуының басты тірегі де оның ана тілінің қолданысымен тығыз байланысты екені даусыз.

Еліміздің нарығында еркін қызмет етіп, зор пайдаға кенеліп, мемлекеттік тілге жүрдім-бардым қарайтындар әлі күнге азаймай отырғаны олармен күрес жүрмей келе жатқандықтан. Тіл мәселесін кез келген орында көтеру – әрбір ұлтжанды азаматтың ең бірінші міндеті.

«Әлгі басшы өзін қазақ ұлтынан емеспін деп ақтала алмайды. Оның қай ұлттың өкілі екендігінде менің тіпті шаруам жоқ. Қазақстанның азаматы екенсің, болмаса қазақ жеріне қадам басып, кәсіп ашып отыр екенсің мархабат. Тек ең алдымен мемлекет құраушы – қазақ ұлтына құрметпен қарап, мемлекет заңына бағыну керек қой!

Тәуелсіздік алғанымызға 6 жыл емес, 26 жыл, тіл заңының бекітілгеніне 28 жыл болды.

Осы жайттан кейін тіпті қолдау көрсетудің орнына «қайтесің басыңа бөле тілеп» деп көңілімді құлазытқандар да болды. Бірақ мен ұлтымның руханиятының кез келген түріне қиянат жасалса қарап отыра алмаймын. Қолымнан келгенше қарсы тұрып, оң нәтижеге жеткенше күресемін. Өйткені менің ана тілім тек атамекенімде ғана қажет. Ана тілімнің дамуына, кең таралуына, қолданыс аясының кеңуіне көмек бере отырып, болашаққа қызмет етемін.

әлемде дәл қазақ халқы сияқты өзінің туған топырағында отырып тілін жоқтап отырған ұлт жоқ. Қазақстанға келіп қазақша сөйлеймін дегенде алдымнан қайта-қайта орыс тілі шықты. Қажет болды, жарты-ақ жылда үйреніп алдым. Емделем деп келген орыстілділер амалсыз менің қазақшамды түсінуге мәжбүр болды. Жан керек болған талай жанды қазақша сөйлетіп шығардым. Ата-бабамыздың қаны тамған киелі мекенде тайрандап табыс табуды ғана мақсат етіп, тілімізге құрмет көрсетпей, менменсігендерге қатысты қатаң шара қолдану керек» – деп Жасан Зекейұлы нағыз азаматтық позициясын, қайраткерлік қарымын танытты.

Мемлекеттік тілдің ғылымның, шығармашылықтың, қоғамдағы келісім мен достықтың тіліне айналуына даурықпалы сөзбен емес, нақты іспен үлес қосу керек екеніне дәл осы жарқын мысал үлгі бола алады.

Халқымызда өз саласында зор жетістікке жеткен, білімді, танымал азаматтар баршылық. Бірақ солардың бәрі қоғам қайраткері болмаса ұлт белсендісі санатына жата алмайды. Өйткені олар өз бойындағы білім, мінез, танымдық қасиеттерін елге қызмет етуге жұмсамайды. Сонша уақыт жиған ілім-білімнің мінезсіз кісінің бойында болуы да өкінішті. Телегей біліммен бұғып қалу сол білімді адам үшін емес, байыбына барғанда қоғам үшін үлкен қасіретке айналуы мүмкін. Біле тұра немкеттілікпен қарау адам баласының сын көтермейтін нашар қасиеті саналады. Ақыл мен ой, талап пен жігерді ұштастыра келе, халық үміт артқан тұста, ұлттық құндылықтар, мемлекеттік өзекті мәселелер туындаған сәтте «сен тимесең, мен тимен» деген бұқпантайлық ел сеніміне жасалған қылмыспен тең.

Қалай айтсақ та мемлекет құраушы – қазақ халқының тілі мемлекеттік статусы сонау 1989 жылы иеленгеніне қарамастан әлі күнге тілдік мәселе шешімін таппай отырғаны жасырын емес. Содан бері Қазақстан үкіметі мемлекеттік тілдің дамуы, оқытылуы мен қолданыс аясының кеңуіне және ресми мекемелерде іс жүргізуді қазақшаға көшіруге қатысты қаншама бағдарлама қабылдады. Өкінішке қарай, олардың кейбірін жүзеге асыру кезінде Тіл комитетінің өкілдері арасында жемқорлық дауына ілініп, істі болғандар кездесті.

Осы күнге дейін тіл мәселесін реттейміз деп халықты да мемлекеттік билікті де алдап жүрген адамдарды табу қиын емес. Депутаттар және қазақ тілінің жанашырлары мемлекеттік тіл туралы проблемаларды жиі көтеріп жатады, бірақ қандай нақты істер не қажет екенін көрсеткен емес. Себебі, біз қаншама бұл саланы көтерсек те, бәрі күнделікті тіршілікке тіреледі.

Телеарналар, олардағы жарнамалар, сапасы сын көтермейтін аудармалар, банк қызметі т.б. сала әлі күнге орыс тіліне басымдық береді. Яғни, әлі қаншама сала табанды күрес пен қажыр-қайратты талап етіп тұр деген сөз. Тіл байлығы – ұлттық генетикалық код. Тіл – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Тілінен айырылған ұлт жоғалады. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның өз мәртебесіне лайықты қолданыс табуына барын салуы қажет.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың халықпен жүздесулері, алқалы жиындарда, жыл сайынғы жолдауларында тіл мәселесіне бір соқпай кеткен емес. «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін!» деген ұранды сөзінің өзі неге тұрады.

Мемлекет басшысы Мемлекеттік тіл – қазақ тілінің мәртебесін арттыру мен

оның қолданылу аясын кеңейтуге үнемі назар аударып отырады.

Елбасы 2017 жылдың соңына қарай Мемлекеттік тілді білетін Қазақстандықтар санын 80 пайызға дейін жеткізу міндетін қойып, ал 2020 жылға қарай олар кемінде 95 пайызды құрауы тиістігін атап өтіп, енді он жылдан кейін мектеп бітірушілердің 100 пайызы Мемлекеттік тілді біліп шығатын болады деп көрсетті.

"Мемлекеттік тіл Қазақстан халықтарының қолданыс тіліне айналуы тиіс. Яғни, қазақ тілі тек қазақтар үшін емес, еліміздің бүкіл азаматтарының ортақ тілі болуы керек.

Тілдік кедергіні жою арқылы біз тұрақтылыққа, халықтар достығына, өркениет пен дамуға ие боламыз» – деген Елбасымыз заңды бекітіп, жоспарды құрып, барлық жағдайды жасап, енді тек жұмыс істеуді, нәтижеге жетуді талап етіп отыр.

Түркілердің алтын дәуірінде алыс-жақын жұрттардың елшілік ресми тілі түркі тілі болып танылған еді. Қытай мен Ресей, Еуропа тұлғалей бір-бірімен қатынасты түркі тілі арқылы жасаған. Алтайдан Ақ теңізге дейінгі аралыққа ие болған өр бабаларымыз түркі тілін осындай биік деңгейге шығарған.

Тәуелсіздік қазақ тілінің құлашын кеңге жайып, дамуына, ғылым мен техниканы, әдебиет пен өнерді бағындыруына берілген зор мүмкіндік. Жаһандану торына шырмалып, жұтылып кетпеу тәуелсіздік тұғырына қайта қондырған ұлт руханиятына Жасан Зекейұлындай қорған болайық!

Құлдық психологияға бейімдеген жүйеде өскен көптеген елге танымал азаматтарымызға жан-жақты, кесек болмысты Жасан Зекейұлының ана тілін қорғаудағы қайсар мінезді әрекеті үлгі болатынына сеніміміз мол. Өмірі күреске құрылып, ұлт рухының көтерілуіне көп еңбек еткен адамды ғана тарихи тұлға деп танымыз. Сондықтан өзін ұлт тұлғасы санайтын көптеген болдым-толдым деген азаматтар ең алдымен жай ғана танымалдылық пен тұлғалықтың ара жігін ажыратып, ұлттық мүдде жолында қызмет етеді деп күтеміз.

Бүгінгі қазақ қоғамына Жасан Зекейұлындай тұлғалы азаматтардың күш-қайраты, өрлігі мен батылдығы, ұлтымыздың рухын өлтірмейтін ар-ожданы аса қажет.

**Сейітзада БАТЫРБЕК,
Жанна ИМАНҚҰЛ**

Халық шипагерлігінің айнасы

Жасан Зекейұлы басшылық етіп отырған «Жас-Ай» Шығыс-Тибет медициналық орталығы – еліміздегі денсаулық сақтау саласында бірегей орны бар институт. Бүгінде еліміздің ең ірі екі қаласы – Алматы мен Астанада сапалы ем көрсететін, заманауи құралдармен жабдықталған ірі медициналық орталыққа айналып отыр.

Халық медицинасы – дәстүрлі медицинаның түп негізі. Қазіргі мойындалған дәстүрлі медицина халықтық медицинаның әбден тәжірибеден өткен, ғасырлар бойы сыналған, мойындалған, өміршең әдіс-тәсілдерінің және медицина ғылымының жетістіктерінің қорытындысы.

Халық шипагерлігі адамзат қоғамының алғашқы сатысында пайда болды. Ол ешқандай ғылыми дәлдік пен дәлелді басшылыққа алмады. Тек қана өзіндік халықтық емдік сипаттарының жетістігінің жобалай дамыған көрсеткіштері арқылы ғана өзіндік жалғасын үндестіре білді. Байыбына барсақ, емшіліктің тарихтағы қос арнасын аңғару қиын емес. Шартты түрде, бірі – шығыстық шипагерлік, енді бірі – ертеден тамыр таратып келе жатқан дәстүрлі медициналық бағыт.

Қазақ халқының шипагерлік емдік өнері көне дәуірден ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, өркендеу мен даму кезеңдерінде де халықтық емдік сипатын сақтап келді. Емшіліктің жеке дара шипалық танымы нәтижесінде ұлттық жалпы шипагерлік ілімінің негізі қалана бастады. «Шипалық таным», «шипагерлік» деген ұғымдар енді ғана, жаңадан ғылыми айналымға енуде.

Менің мақалама арқау болып отырған кейіпкерім шипагерлік қасиетін көзімен көріп, өз басымнан өткерген «Жас-Ай» Шығыс-Тибет медициналық орталығының бас директоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық шығармашылық академиясының академигі, «Жас-Ай» медициналық-ғылыми-ақпараттық журналының бас редакторы, ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі, Вена Халықаралық университетінің «Құрметті профессо-

ры», Халықаралық «Сократ» атындағы орденнің, Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық «Құрмет белгісі» орденінің иегері, ҚР «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері – Жасан Зекейұлы.

Бұл күнде елімізде Жасан Зекейұлының қолынан жанына шипа тапқан адамдар көп. Халық оны «даңқты дәрігер», «дәуірдің дәруі», «алтын қолды азамат» деп атап кеткен.

Жасан Зекейұлы шығыс медицинасы емдеу әдісінің қыр-сырын ең бірінші Қазақстанға әкелген, талай аурулардың емдеу жолдарына қолданып, халықтың алғысын алып келе жатқан адам. Жасан Зекейұлы тек емші ғана емес, ғалым, академик, аты әлемге әйгілі тұлға. Қытай медицинасы мен отандық медицина саласының жетістіктерін жетік игерген, бойына тектілік пен адамгершілік, парасаттылық пен имандылық және ізгілік қасиеттері дарыған жан.

Шығыс медицинасының дамуында біздің ата-бабаларымыздың да үлесі бар екенін дәлелдеумен келе жатқан қазақтың бір перзенті болса ол – Жасан Зекейұлы.

Жасан Зекейұлының табиғи, адами болмысы мен өн бойындағы өзгешеліктеріне аз-кем тоқталсақ. Қасиет те, қабілет те адамның бойына туған ата-анасынан, тіпті бабаларынан даритыны анық. Бойында ерекше бір бауырмалдық пен мейірімділік бар. Алдына жәрдем сұрай келген жанға жан шуағын аямайды. Қанша мұқтаж адамға, әсіресе жетім-жесірлерге қолынан келгенін аямай, тегін ем жасап, қаржылай көмек көрсетіп жатқаны сөзімізге дәлел. Жанына дауа іздеген жандардың алғысы мен ризашылықтарын алып жатыр.

Жасан Зекейұлының дәрігерлік қызметіндегі қол жеткен жетістіктері мен табыстары бір төбе. Ал азамат

ретінде қоғамға қосып жатқан үлесі одан да биік. Республика деңгейінде өткізілген көптеген қайырымдылық шараларға («Мектепке барар жол», «Түркі халықтарының мәдени қоры», «Киокушинкай каратэ-до» Қазақстан чемпионаты, Ұлы Отан және Ауған соғысы ардагерлері ұйымы және мүгедектер мен әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға, Баян батырдың, Ер Жәнібектің ескерткіштерінің ашылуына және көптеген мәдени шараларға демеушілік жасаған.

«Жігітке жеті өнер де аз» деген ғой халқымыз. Жасан Зекейұлының тағы да бір қыры өнерді бағалап қана қоймай, өзінің де өнерге жақындығы. Қолы қалт еткенде, достарымен бас қосқанда баян аспабын қолына алып, әуезді қоңыр дауысымен ән салады. Жасан Зекейұлы осынша көп ізгі қасиеттерді бойына жинаған жан.

Жырақта туып, өзге елде білімін жетілдірсе де, өзінің туған елі есінен екі елі көтерілген емес. Ұлтының перзенті болып өсті. Туған еліне жән-тәнімен қызмет етуге серт етті. Туған елі тәуелсіздігін алған тұста қуанышы қойнына сыймай, көзіне ыстық жасы төгіліп, ата-мекенге қарай қоныс аударған нөпір халықтың арасында бірегейі де болды. Бірегейі деуімізге себеп – Қытай Халық Республикасына қарасты Тарбағатай аймағының Толы ауданында туған азамат бөтен елде жүріп-ақ жалынды жастығын білім мен ғылымға арнады. «Үздік жас ғалым» атағын иеленіп, медициналық екі патенттің авторы, Шыңжаңның Күйтін қаласында еңбек жолын бастап, Бей жиңь, Тяньжин қалаларында білімін жетілдіріп, «Жоғары дәрежелі аға зерттеуші-дәрігер» деген мәртебесін де алып үлгерген еді. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» қағидасын ұстанған



ұлтжанды азамат 1995 жылы отбасымен атамекеніне біржолата келді.

Отанына оралған жігерлі азамат С. Асфендияров атындағы Ұлттық Медицина университетінің Емдеу-хирургия факультетінің аспирантурасында білімін жетілдірді. 2002 жылы академик, профессор Аман Нұрмақовтың жетекшілігімен «Тибет медицинасы бойынша хирургиялық аурулардың, операциялардан соң болатын қабыну үрдістерінің алдын алу және емдеу» атты ғылыми еңбегін қорғап, Қазақстан Республикасы медицина ғылымдарының кандидаты атағын алды.

2004-2007 жылдары бұрынғы ұстазы ҚХР академигі Суньнің жетекшілігімен Шығыс-Тибет медицинасы бойынша докторлық диссертациясын қорғап шықты.

2004 жылы өзінің басшылығымен ата-бабамыздан келе жатқан емшілік дәстүрмен ұштасқан, ине салу арқылы емдейтін (ғылыми терминде аккупунктура), ғылыми негізді «Шығыс-Тибет медицина орталығын» ашты.

2009 жылы халықтың медициналық сауатын көтеруді, түрлі кеселдерден сақтандыруды, жадымыздан өше бастаған таптырмас халық емдерін қайта жаңғыртуды, ұлттың рухын көтеруді, ана тілінің мәртебесін көтеруді, имандылыққа бастауды мақсат етіп, республикалық «Жас-Ай» медициналық ғылыми-ақпараттық журналының тұсауын кесті. Журналға қатысты маңызды істердің ұйытқысы да өзі болды. Бүгінде «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген қағидамен жарық көретін «Жас-Ай» журналы 5 мың данамен шығады

екі ай сайын.

Медицина орталығы ұжымының тынымсыз тірлігінің арқасында қазір шығыс-тибет емі дәстүрлі медицина төрінен орын ала білді.

«Жас-Ай» медициналық орталығы республика бойынша ең көп халықтық сұранысқа ие болып, жеке медициналық орталықтардың көшін бастап тұр. «Жас-Ай» орталығы 80 мыңнан астам науқастың дертіне дауа болды, 10 мың адам тегін емделген. Осы уақыт ішінде Құдайдан перзент сұрап жүрген 3500 ана сәбилі болып, ана бақытына кенелді. Он бес мыңнан астам сал (ДЦП) ауруына шалдыққан, дертінен құлан-таза сауықты. Инсульт алып, сал болып қалған талай адам орнынан тұрып кетті.

Ауруынан айыққан сан мыңдаған адамның алғысы Брюссель қаласындағы Халықаралық Еуропалық медициналық қауымдастығының, ОКС-ФОРД (Англия), ЕМА және басқа да ұйымдардың тағайындауымен «Халықаралық үздік клиника» атағына жеткізді. Бұл – биік дәреже.

Отандық медицина саласында ине терапиясы бойынша қол жеткен жетістіктері Халықаралық Вена (Австрия) университетінің ғылыми кеңесінің оң бағасын алды.

«Жас-Ай» медициналық орталығы-нан ем алып қайтқан адамдар, орталықтың көрсеткен қызметіне жылы лебіздерін білдіріп жатады. Мұның басты сыры Жасан Зекейұлы тек дәрігерлерге ғана емес, мейірбикелерге, тағы да басқа қызметкерлерге адамгершілік қасиет туралы үнемі айтып отырады екен. «Науқас адам бірінші Аллаға,

содан кейін дәрігерге сеніп, бар үмітін арқалап келеді. Алдыңа келген науқасты ең жақын адамындай мейіріммен қарсы алып, жылы жүзбен, сыпайы сөзбен ғана қарым-қатынас жасандар! Келген жанның бәріне кішіпейілдікпен, мейіріммен қараңдар! Жанына демеу болыңдар! Бұл – сендердің міндеттерің!» – деп үйретеді.

Зиялы қауымның мойнында бір рухани міндет болады. Ол міндет – өзінен кейінгі ұрпаққа рухани құндылық қалдыру. «Елім деген ер болмаса, отанын қорғайтын ер қайдан болмақ?».

«Менің байлығым – халқымның денсаулығы, ал осымен бірге маңызды тағы бір байлық – рухани байлық. Маңдайымыздағы көзіміздей қорғайтын тән және жан саулығы. Яғни, толық қанды адам ол – жан және тән саулығы бірдей адам. Жан саулығымызды байытатын, нығайтатын ол – біздің рухани байлығымыз. Сол ата-бабамыздан келе жатқан рухани қасиетті байлығымызды жоғалтып алмау үшін бар күш-қуатымызды сарқа жұмсағым келеді. Жан саулығы болып табылатын рухани байлықты халқыма сыйлағым келеді», – дейді алтын жүректі, алтын қолды, алтын ине білгірі Жасан Зекейұлы.

Әр адамның денінің сау болуы – өзінің ұлттық тілі мен дініне, дәстүріне қаншалықты терең бойлағанына байланысты. «Ауру – астан, дау – қарындастан» деген сөзді халқымыз бекер айтпаған. Көшеде, жұмыста, отырыстарда тек қана ана тілінде сөйлесіп, ұлттық саз тыңдап, ұлттық тағамдар тұтыну бұл – генетикалық қажеттілік. Әр ұлт өкілі өзінің туған жерінің ауасын жұтып, суына қанып өсуі арқылы ғана денсаулықтың түп негізін қалайды. Профессордың айтуынша, «Адамның тектік қасиеті жойылып, рухани байлығы жұтаң болса, оның иммунитеті әлсіз болатындығы дәлелденді. Адам бойында сырттан келетін ақпаратты өзіне жинайтын магниттік клетка болады. Ол жасуша эндокриндік бездердің тіндеріне орналасқан. Магниттік клетка екі бөліктен тұрады. Бірінші бөлігі – жақсы хабарларды жинайтын мейірімді клетка. Екіншісі – жаман хабарларды жинайтын ызалы клетка. Адам ағзасында ызалы клетка 70% болса, ағзаға улы клеткалар тарайды. Бүкіл қауіпті аурулардың барлығы

осы улы гормондардың әсерінен болатындығын ғылым дәлелдеп отыр. Құранда түскен аяттарда ниет пен ой-сананың тазалығы сақталғанда денсаулық қалыпты жағдайда болатындығы ескертілген. Көңіл-күй, ниет таза болмай, жауыздық пен күншілдік, ішкі жан-сезімі нәпсісін жеңе алмай, болмас ішке ашуланып, болымсыз уайым-қайғыға беріліп, қол жеткізе алмаған дүниеге әуес болудың соңы біз айтып кеткен табиғи түрде улы гормондардың бөлініп, көбеюіне әкеп соқтырады. Абай: «Қарны тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын.» деп текке айтпаса керек. Әр адам жақсы өмір сүремін дейтін болса, иманды, мейірімді болып, өзінің сүйікті ісімен айналысып, күнделікті көңіл-күйінің дұрыс болуына мән бергені дұрыс.

Шығыс-тибет медицина орталығында ем жүргізудің негізгі тәсілі – ине салу, ине терапиясы, уқалау, сылау (массаж), булау және емдік қасиеті бар шөптермен, табиғи өсімдіктерден жасалған дәрі-дәрмек, табиғи тастармен қыздыру, түрлі майлармен сылау, қазақ халқының дәстүрлі халық медицинасындағы түрлі тағамдар арқылы емдеуді де ұмыт қалдырмай, әрі қарай дамытып жатырмыз. Науқастың диагнозын тамыр арқылы анықтау Шығыс-Тибеттік медицинадағы ең маңызды түйіннің бірі. Тамыр басу – шығыстың ғұламалары Ибн-Сина, Әл-Фараби, Өтейбойдақтың және бүгінгі біздің теориялық негізіміз сан мың жылдық адамзаттың өмір тарихымен біте қайнасып, зерттеліп, зерделеніп, ғылыми тұрғыдан ерекше сұранысқа ие болған диагноз қою үрдісі. Бұл туралы қысқаша айтар болсақ, адамның қалыпты тамыр соғысынан бастап 80 түрлі қалыпсыз тамыр соғысы бар. Сол неше жүздеген аурулардың белгісінен көрініс беріп, адамның түйсігі мен санасына қолының сезімталдығына хабар беретіндігі дәлелденген.

«ЭКСПО-2017» көрмесіне біздің де ұсынатын өз жаңалығымыз бар: тек науқас адамның ғана емес, дені сау адамның да іштегі табиғи көздерін ашатын, энергетикасын арттыратын, өзіміз ойлап тапқан, әлемде баламасы жоқ қондырғымыз (аппаратымыз) бар.

Дәстүрлі медицина адам денсаулығын сырттан, тыстан, қоршаған

ортан, терапия, хирургия, фармацевтика салалары қарап, бақылап, емдей отырып сақтайды, нығайтады. Шығыс-Тибет медицинасы болса, адамзат саулығын ағзаның ішкі қуат қайнарлары мен табиғи жан каналдарының жұмыс қабілетін табиғи арттырып, иммунитетті көтерумен бірге науқастың өзінің сенімін арттыру арқылы ішкі жан дүниесінің сүйене отырып бекемдеуді мақсат тұтады. Бұл тұрғыда Шығыс-тибет медицинасының түпкі мұрат-мүддесі «ЭКСПО-2017» көрмесінің идеясына үндес болып тұр» дейді Жасан Зекейұлы.

Астана қаласында ашылған «Жас-Ай» медицина орталығының филиалы Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына арналған тарту болды. Ашылғанына көп болмаса да, талай адам емделіп, дертінен құлан-таза айықты.

Ақ халатты абзал жанның халқы үшін етіп жатқан еңбегі еленіп, тағы бір халықаралық марапатқа ие болды. Осы жылғы шілде айында Швейцарияның Люцерн қаласында Еуропа мен Азияның үздік дәрігерлері мен сарапшыларын марапаттау салтанаты өтті. Құрамында бірнеше Нобель лауреаттары бар конкурс комиссиясы медицина ғылымының докторы, профессор, Халықаралық «Сократ» атындағы орденнің иегері және Жас-Ай» Шығыс-Тибет медициналық орталығының басшысы Жасан Зекейұлын ұлттық ғылымды дамыту және Қазақстанның зияткерлік әлеуетін нығайту саласындағы қызметін атап өтті. Жасан Зекейұлы беделді еуропалық бірлестіктің медицина саласындағы Құрметті Докторы атағын иеленді.

ҚР Президенті Н.Назарбаев: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «...ұлт мақтанышы біздің бұрынғы өткен батыр бабаларымыз, данагөй билеріміз бен жырауларымыз ғана болмауы тиіс. Мен бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына да назар аударуды ұсынамын. Бұл идеяны «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы іске асырған жөн» дейді. Мұнда қойылатын талап біреу ғана, ол – азаматтың Қазақстан дамуына қосқан үлесі.

«Адам денсаулығы – ұлт байлығы». Ұлт байлығын сақтауда дәрігерлердің алатын орны бөлек, қадірі ерекше.

Дәрігер ғана болып қоймай, өз ісінің нағыз шебері, майталман маманы болса одан да үлкен құрметке ие болары анық. Әр сөзінде «қазағым» деп, ел үшін бар күш-жігерін аямайтын, қандай игілікті іс-шара болса да атсалысып жүретін, қолындағысын қорғансыз жұртынан аямайтын дархан жүректі, жомарт мінезді «Жас-Ай» Шығыс-Тибет медициналық орталығының директоры, медицина ғылымдарының докторы, академик Жасан Зекейұлы осындай жан.

Елбасымыздың Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында атап көрсетілген «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасына Жас-Ай» Шығыс-Тибет медициналық орталығының бас директоры, медицина ғылымының докторы, профессор, Халықаралық шығармашылық және шығыс емдеу академиясының академигі, «Жас-Ай» медициналық-ақпараттық журналының бас редакторы.

ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі» Вена Халықаралық университетінің «Құрметті профессоры», Халықаралық «Сократ» атындағы орденнің, Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық «Құрмет белгісі» орденінің иегері, ҚР «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Жасан Зекейұлының кандидатурасы әбден лайық дер едім.

«Емделмейтін дерт жоқ, емшісіне кезіксе» дейді халық нақылы. Менің өзім де «Жас-Ай» Шығыс-Тибет медицина орталығына келіп ем алып, денсаулығымды түзедім. Халықты химиялық қоспасыз сауықтыратын алтын ине орталығының алтын қолды дәрігері Жасан Зекейұлы мен орталық дәрігерлеріне айтар алғысым шексіз!

Биыл Жас-Ай» Шығыс-Тибет медициналық орталығының бас директоры, медицина ғылымының докторы, профессор Жасан Зекейұлы үшін мерейлі жыл. «Ердің жасы – 50» келді.

Жасан аға мерейлі жасыңыз құтты болсын! Еліңіз үшін жасап жатқан ерен еңбегіңізге, мейірімді жүрегіңізге ризамын. Деніңізге саулық, күш-жігер, баянды бақыт тілеймін.

Тұрар ШӘКЕН,

«Сакралды Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының Өлкетану бөлімінің редакторы

«ЖАС-АЙ» ЖЫЛНАМАСЫ

«Жас - Ай» неден басталды

«Жас-Ай» деген атауды естіген кез-келген адам оның басшысы Жасан Зекейұлы екенін бірден біледі. Ал енді осы «Жас-Ай» атауы қалай пайда болды, ол өзі неден басталып еді, соған тоқталайықшы?! Қазақстанның Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары жұрт қиын-қыстау кезенді бастан кешірді. Атамекенге 1994 жылы аяқ басқан жас маман Жасан Зекейұлы да өзгелер сияқты бірде аш, бірде тоқ күйде, бар-жоғы 2-3 мың теңге шәкіртақымен күнін көрді.



«Жас-Ай» деген атауды естіген кез-келген адам оның басшысы Жасан Зекейұлы екенін бірден біледі.

Ал енді осы «Жас-Ай» атауы қалай пайда болды, ол өзі неден басталып еді, соған тоқталайықшы?!

Қазақстанның Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары жұрт қиын-қыстау кезенді бастан кешірді. Атамекенге 1994 жылы аяқ басқан жас маман Жасан Зекейұлы да өзгелер сияқты бірде аш, бірде тоқ күйде, бар-жоғы 2-3 мың теңге шәкіртақымен күнін көрді.

Елге оралған біраз қандастары қиыншылыққа шыдамай келген жағына қайта көшіп кетсе, енді біреулері базар жағалап, сауда-саттықпен шұғылданып жатты. Өз мамандығының суығына тоңып, ыстығына шыдаған, үлкен армандары бір сәт те толастамаған Жасан Зекейұлы медицина саласынан қол үзбеді. Түске дейін аспирантурада білімін жетілдіріп, түстен кейін ғылыми ізденісіне байланысты, асқынуларға қарсы қойылатын инелерін, шөп дәрілерін бақылауға алып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Алматы қаласы Қалқаман ықшамауданындағы аурухананың бас дәрігері Есентай Тәжиев ине емінің оң әсерін байқағаннан соң, түстен кейінгі уақытта Шығыс-Тибет емімен науқастарды қосымша емдеуіне деп жеке кабинет бөлгізеді.

Сол жерде ем алып жүрген науқастар: «Сіз күніне 10-15 адамды емдеп жазып жатырсыз. Алматы қаласының Бостандық ауданынан басқа жерде тіркеуде тұрғандар сіздің еміңізге жете алмай жүр. Өзіңіздің жеке клиникаңызды ашсаңыз дұрыс болар

еді. Науқастар тек қана Бостандық ауданынан келмейді ғой, сіздің еміңізді бүкіл қазақ қажет етеді» деген өтініштерін айтуды жиілетеді. Жасан Зекейұлы да өз алдына жеке клиника ашып, Шығыстық емді жалпыхалықтық деңгейге шығару қажеттігін көбірек ойлап жүруші еді.

«Қытай елінде жүз қытайды емдегенше, Қазақстанға барып бір қазақты емдейін!» деген ой жатса да, тұрса да ойынан шықпайтын, ұлттық рух бойына ата-тегінен дарыған қайсар азамат осы кезден бастап өз мақсатына шындап кірісе бастады.

Осы кезеңде жоғарыдағыдай өтініш айтушылардың қатарында туысқандарын емдетуге келген Айшагүл есімді арудың: «Аға, сіз осылай жүре берсеңіз уақытыңызды өткізіп аласыз. Абай атамыз да «қолымды мезгілінен кеш сермедім, қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?» деген жоқ па? Жеке клиникаңызды ашпайсыз ба?» – деген сөздері шынымен бұл іске бел шеше кірісу керектігін айқындағандай болады.

Туған жездесінің омыртқа жарығын отасыз емдетіп, апайының жүре алмайтын мешел баласын жүргізген ине емінің шипасын терең түсінген Айшагүл Бекболатқызы қазір Жасан Зекейұлының аяулы жары.

Жасан Зекейұлы орталықтың уығын алғаш тіктер алдында өзінің таныс-дос, тілеулес-жақындарына лайықты ат қою керектігін айтып қолқа салады. Ол айтуға, жазуға қолайлы, қысқа да мағыналы болу керек. «Дауа», «Шипа» атауларын өзге мекемелердікі, оларды қайталап қоюға рұқсат етілмейді. Сөйтіп неше түрлі нұсқа

айтылды, талданды, сарапталды. Бірақ оның бір де бірі Жасан Зекейұлының алдағы үлкен мақсатты жобасының көтеретін жүгін толық айқындай алған жоқ.

Талапты мекемелерден қажетті рұқсаттарды толықтай жинап, ғимаратты бекітіп, ертесінде орталықтың атауын қойып, ресми құжатын бекітетін күн еді. Дәл осы түні Жасан Зекейұлының түсіне Бек әулие бабасы енеді. Батыс көкжиектен орағы қылдырықтай болған жаңа туған айдың жарығында елес бейнеде бабасы: «Балам, өзіңнің есімің ойыңа оралмады ма? Сен ай жаңа туғанда өмірге келгенсің, анау бала да жаныңда бекер жүрген жоқ. Орталық атауы «Жас Ай» болсын!» – деп аян береді.

Айдың оңынан туын жақсылыққа байлайтын, айды аспандық қана емес, рухани бағдар еткен ата-бабаларымыздың танымынан сусындап өскен жан түн ортасында ояна кетіп, қағаз-қаламын алып, «Жас Ай» деп жазып қояды.

Таңнан тұра салып әлгі сөзді қайтара оқып, жас және ай сөздерінің ортасына сызықша қойып, «Жас-Ай» деп бекітеді. Сөйтіп тіркеуден де еш қиындықсыз өтеді. Алғашқыда үш адамнан ғана жұмыс бастаған, қазір сан мыңдаған жанды ауру азабынан айықтырып, қаншама отбасына сәби сүю бақытын сыйлаған орталықтың атауы осылай ерекше жағдайда қойылған еді.

«Жас» деген Жасан Зекейұлының, «Ай» деген Алла жолықтырған Айшагүл Бекболатқызы есімінің алғашқы буындары. «Жас-Ай» осылардан құралған символдық мәні бар тіркес. Медицина тұрғысынан қарағанда да «жасару» сөзінен «жас» (аурудан), «айығу» сөзінен «ай» сөздері бірігіп, «жасарту-айықтыру» деген мағынаны да білдіреді.

«ЖАС-АЙ» МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Міне, осылайша мән-мағынасы зор «Жас-Ай» деген атауды иеленген медициналық орталық 2004 жылы жұмысын бастады. Бұл арада орталықтың ғимарат пен келімді-кетімді адамдардың қатынауына ыңғайлы жер табу, оны қажетті емдік құралдармен жабдықтау, білікті мамандар іздеу секілді толып жатқан мәселелер болғанын айта кетпесек болмас.

Туыстарын емдетуге алып келген Айшагүл Бекболатқызы нотариуста қызмет ететін, заңның, құжат рәсімдеудің қыр-сырын жақсы білетін жан болып шығады. Сөйтіп банктерден қарыз ақшаны қалай алу керектігін, оның оңай жолдарын түсіндіреді. Өзінің көлік алуға жинаған қаражатына бір бөмелі үй алып, оны Жасан Зекейұлының атына тіркеп, қарыз ақша рәсімдеп, орталық ашуға лайықты ғимаратты да бірге іздесіп, қолынан келген көмегін аямайды.

Еліміздің ресми өкілетті орындары талап ететін барлық заңдылықтарды сақтай отырып, Шығыс медицинасының қажеттілігін тиісті орындарға дәлелдеп береді. Ем жасауға арнайы лицензия алады. Орталық ең алғаш Алматы қаласындағы Абай даңғылы мен Алтынсарин көшесінің қиылысында орын тебеді.

Үш адаммен ғана жұмыс жүргізген орталық қасиетті емді саудаға салмай, имандылықты ұстанып, таза жолмен еңбек етеді. Күн өткен сайын емделушілердің саны артады. Бұл — еміне шипа, көңіліне дәру тапқан адамдардың аяқалысы емей немене?!

Күніне 20-30 адам қабылдауға кезекке тұрса, соншама адам ем қабылдап жатты. 3-4 бөлмеден ғана тұратын кішкене ғимарат «Жас-Ай» үшін күн санап тарлық ете бастады. Өйткені халық Жасан Зекейұлынан үлкен ауқымда жұмыс істеуді күтті.

Келушілер санының көптігіне байланысты Алматының іргесіндегі Қаскелеңге алыстан келушілерге арналған үш қабатты ғимарат та аздық етті.

Бұл екі мекен-жайға да адам сыймай қалатын кездер жиілей бастады. Жасан Зекейұлы белін бекем буып, тағы да банк жағалап, қарыз ақша рәсімдеп, үлкен ғимарат іздеуге кірісті.

Күндіз-түні ізденудің арқасында «Жас-Ай» орталығы 2010 жылы 3 маусымда әл-Фараби даңғылы мен Розыбакиев көшесінің қиылысындағы мекен-жайға орын тепті. Алатаудың баурайынан ескен самал мен өзен суының лебі сезіліп тұратын Тұңғыш Президент саябағының жанындағы керемет жерде 15 бөлмелі жеке ғимаратқа көшіп келіп, тынысы бұрынғысынан әлде қайда кеңіп қалады. Жанына дауа іздеп келушілер саны екі еселене түсті. Аптаның 6 күнінде де келушілердің ыңғайына қарап түзілген кестемен жұмыс жүргізді. Жасан Зекейұлы түсте және кешкісін ғана бос уақыты болатын жұмысбасты адамдардың мүмкіндігіне қарай жаңа жұмыс кестесін түзді.

Халық сенімі мен нәтижелі емнің арқасында орталыққа келушілер саны күніне 100 адамға дейін жететін болды. Олардың көпшілігінің баратын туысқаны, жатын орны болмай, бағасы қымбат қонақүйлер мен жалдамалы пәтерлерде уақытша тұруға мәжбүр болатын. Бұған қоса тамағы мен жолақысы тағы бар.

Ем алуға келген халықтың әбігерге түсіп, қиналғанын жеңілдету үшін

орталықты жатын орын, асханамен қамтамасыз ету жоспарға алынды.

2014 жылы 5 қабатты, 63 орынды стационары, өз асханасы, спортзалы бар, озық үлгідегі медициналық аппараттары іске қосылған медициналық орталық салынды. Жатын бөлмелері жанға жайлы. Қажетті жиһаздармен толық жабдықталған. Әр палатада жеке санитарлық жүйе мен жуынатын бүрікпе кабина бар.

Дәрігерлер қосыны да кілең білікті мамандардан тұрады. Науқастарға барынша сапалы қызмет көрсетіледі. Орталық тау етегіне жақын маңда орналасқан, таза ауа науқас жандар үшін аса маңызды екені белгілі.

«Жас-Ай» орталығы мемлекеттік «Еңбекпен қамту» бағдарламасына орай 150-ден астам қызметкерді жұмыспен қамтамасыз етіп, міндетті әлеуметтік зейнетақы салықтарын уақытымен төлеп келеді.

ЕЛОРДАДАҒЫ «ЖАС-АЙ» ОРТАЛЫҒЫ

2016 жылы қазан айының 26 жұлдызында Астана қаласында «Жас-Ай» медициналық орталығы салтанатты түрде ашылды. Бұл халық денсаулығын сақтауды, дертсіз өмір сүруді, ұзақ жасауды дiттейтiн «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға қосылған зор үлес болып табылады.

Астана қаласындағы «Встреча» мөлтекауданы, күйші Дина көшесі 37/1 мекен-жайында өз қызметін бастаған орталық аз уақытта халықтың ризашылығын алып үлгерді. Елордада ашылған жаңа орталық алдына жаңа міндеттер қойып отыр.

Болашақта денсаулық сақтау саласында тың ізденіс жасауға құлшынып жүрген 100-ге жуық жас мамандарды жұмыспен қамтуды көздеп отырған Орталық филиалының ашылуы тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына арналған тарту әрі ұлт болашағына жасалып отырған үлкен қамқорлық. Қазір бұл филиалда 25-ке тарта медицина қызметкері жұмыс істеуде.

«Жас-Ай» медициналық орталығының Астанада ашылуы, орталықтың қызмет сапасының, көлемінің, техникалық және технологиялық мүмкіндіктерінің жоғарғы деңгейге жеткенін көрсетеді.

Орталық заманауи медициналық құралдармен толық жабдықталған, құрылысы барлық талаптарды қанағаттандыра алады. Зертхана, жатуға арналған палаталар, ем жасайтын бөлмелер, асхана, т.б бар.

Еліміздегі екі мегаполисте ашылған орталықтардың басты мақсаты – Шығыс-Тибет табиғи емдеу жүйесін, Авиценна методикасын толық ұстанған осызаманғы әлемдік деңгейдегі үздік клиникаға айналды. Басқаша айтқанда, емдік шөптерді пайдалану, булау, май жағу, ине салу, уқалау, қан тазарту сияқты жолмен адамның ішкі энергия көзін ашу арқылы емдеудің биік деңгейіне шығу.

«Жас-Ай» медициналық орталығы бұл күнде республика бойынша халықтық сұранысқа ие жеке медициналық орталықтардың көшін бастап тұр. Аптаның 6 күнінде де сырқат қабылдайды. Мұнда келетін жандар негізінен өмірін еңбекпен өткізіп, денсаулығы сыр берген қариялар, әртүрлі оқыс жағдайға тап болып, түрлі жарақат алып, тұра алмай, жүре алмай қалған жастар, балалы болмай жүрген отбасылар, өмірге кемтар болып келген баласын жетектеген ата-аналар.

Медициналық орталыққа қай күні келсеңіз де қарбалас жүрген мейірбикелер мен таңнан кешке дейін тоқтаусыз науқас қабылдаған мейірімді дәрігерлерді көресіз. Жасан Зекейұлының қабылдауына жұрт 1-2 апта бұрын, тіпті, бірнеше ай бұрын жазылып қояды. Кезек күтіп жүрген адамдардың саны еш азайған емес. Күніне 50-60 адамның кезекте тұруы қалыптасқан норма. Олардың арасында қаланың ақ жағалы, қалталы тұрғандары, алыс ауылдан ауру азабы мен жол азабын бірдей тартып келген қарапайым халық та бар. Тек қазақ ұлты ғана емес, әр ұлт өкілдері де еліміздің түкпір-түкпірінен ем іздеп келуде. Тіпті ТМД елдерінен, Қырғызстаннан, Ресейден, Шыңжаңнан (ҚХР), Австриядан (Еуропа), Түркиядан дертіне шипа іздеп келетіндер де жоқ емес.

ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЕМ ТҮРЛЕРІ

1. Тамыр соғысы арқылы ауруды анықтау (Пульсодиагностика)
2. Инетерапиясы (Иглотерапия)
3. Пульт қою (Пультирование)
4. Инені шөппен қыздыру (Прогревание травой)
5. Банкi қою (магнитные банки-Хассы)
6. Қан алу (Баночные кровопускание-Хиджама)
7. Аяқ массажы (Аппарат для массажа ног-Зывишин)
8. Дене қыздыру (Физиолечение-Каудиян)
9. Нүктелi массаж (Точечный массаж)
10. Косметология
11. Арықтату аппараты (Миостимулятор)
12. Омыртқа (мойын, бел) созу (Растяжение поясницы и шей- Аппарат ТМ-400)
13. СПА процедуры (Фитобочка)
14. Мазь жағу (Лечебный мазь)
15. Лаборотория (Общий анализ крови, общий анализ мочи, биохимический анализы)
16. УЗИ-апарат Aloka prosound-6 (Обследование внутренних органов, щитовидной железы, мочевого пузыря, органов малого таза, коленного сустава, тазобедренного сустава, нейросонография, молочной железы, поверхностных органов, лимфатических узлов)
17. Магниттік аппарат (Магнитный аппарат)
18. Э л е к т р о к а р д и о г р а м м а «MEDIANA»



19. Ем шара қабылдау бөлмесі (Процедурный кабинет-система, внутримышечный и внутривенный)

20. Күндізгі стационар (Дневной стационар)

21. ЛФК аппараттары (Буын және аяқ қан тамырларын емдеуге, бұлшық ет қызметін қалпына келтіруге арналған аппарат, қуық безі қызметін қалпына келтіруге арналған аппарат, Инсультан кейін қол-аяқ қызметін қалпына келтіруге көмектесетін жылжымалы құрылғы, Ишемиялық цереброваскулярлық және зақымдалған ми қызметін қалпына келтіруге арналған аппарат)

ОРТАЛЫҚТЫҢ ЕМДЕЙТІН АУРУ ТҮРЛЕРІ

«Жас-Ай» орталығы ем барысында шығыс методикасына сәйкес аурудың себебін адамның тұла бойындағы қанды үздіксіз айналысқа түсіріп, іс-әрекетін реттеп отыратын қос-қостан 12 жұп жан арнасынан іздейді.

Тибет медицинасын игерген дәрігерлерге ғана белгілі адам денесіндегі 706 жан нүктесі сол арналар арқылы адамның түрлі ағзаларымен жалғасып тұрады. Тибет медицинасының басты тәсілі ағзаға тікелей емес, сол нүктелер арқылы әсер етіп ауруды жазады. Шығыс медицинасы сол маңызды нүктелерге алтын ине қою арқылы дерттің ошағына тікелей әсер етеді. Бір сөзбен айтқанда ауруды ағзаға химиялық дәрі жіберу немесе ота жасау арқылы емес, сырқат адамның табиғи энергия көзін ашу арқылы емдейді. Табиғи энергия науқас адамның иммунитетін күшейтеді. Иммунитет дегеніміз – рух күші. Рух бәрін де жеңеді. Жаңа клетка туғызады.

Орталықтың емдеу тәжірибесінде науқастарды инемен сауықтырудың заманауи әдістері мен амалдары жиі қолданылады. Бұл әдістерді қолданудың өзіндік әдістемелері (методологиясы) бар. Орталықтағы ине терапиясының озық тәсілдері Ресей, Қытай, Жапония сияқты алпауыт мемлекеттердегі жетекші мамандардың да қолдауына ие болды.

Қазіргі таңда олармен диагностика және емдеу ісі бойынша әріптестік қарым-қатынас орнаған.

Батыс медицинасында қолданылатын химиялық дәрі-дәрмектер ауырған ағзаны сауықтыруға бір жағынан әсер еткенімен екінші бір сау ағзаға зиян тигізеді. Шығыс медицинасының басты ерекшелігі толығымен табиғи ем негізінде жүретіндіктен кері әсері болмайды. Химиясыз емдеу – бір ауруды емдесе екіншісі тумайтын, қиянатсыз емдеу. Тағы бір ерекшелігі көп ауруға диагнозды тамыр ұстау арқылы қояды.

Жүйке жүйесінің аурулары: бас сүйек миының шайқалуы, жүйкенің ауырсынуы, жүйкенің қабынуы, жүйкенің тозуы, бас сақинасы, бас сүйек ішіндегі қысым, миға қан құйылу, құян, нейроциркуляторлық дистония, омыртқа аралық дискінің жарығы, остеохондроз, кекештену, афазия, балалардың церебралды салдануы.

Жүрек-қан тамыр аурулары: миокардит, жүрек кемістігі, қан қысымының көтерілуі, жүректің ишемиялық ауруы, жүректің беріштенуі, жүрек ырғағының бұзылуы, қан тамыр кеңеюі, тромбофлебит, инфарктан кейінгі кардиосклероз.

Асқазан-ішек аурулары: асқазан қабынуы, асқазанның ауыруы, асқазан-ұлтабар қабынуы, асқазан мен ұлтабар ойық жарасы, өт қабының қабынуы, өт ауруы, колит, геморрой, холецистит, панкреатит, өт шығару жолдарының дискинезиясы.

Несеп-жыныс жүйесінің аурулары: пиелонефрит, бүйректің төмен түсуі, түнде зәр тоқтамауы, простатит, белсіздік, қуықтың қабынуы, сүндетке отырғызу (жаңа әдіс).

Гинекологиялық аурулар: етеккірдің аз келуі, келу ретінің бұзылуы, аналық без жылауығы, жатыр ет өспесі, бедеулік, мастопатия, аднексит.

Буын аурулары: буын қабынуы, буын шеміршегінің өзгеруі, буындарға тұз байлану, буындардың пішінінің өзгеруі.

Тыныс алу жүйесінің аурулары: бронх демікпесі, бронхтың қабынуы, аллергиялық мұрын қабатының қабынуы, гаймор қойнауының қабынуы, өкпе қабынуы, аллергиялық бронхит, созылмалы тонзиллит.

Тері аурулары: ақтаңдақ, теңге қотыр, безеу бөртпелері, тері қабынуы, терінің созылмалы ауруы, шаш түсу.

Эндокриндік аурулар: қант диабеті, зоб, семіздік, гормондық қалыпсыздық.

Көз аурулары: глаукома, катаракта, қабақтың қабынуы, миопия, көздің көру қуатының әлсіреуі.

Сонымен қатар темекі тарту, ішімдікке салыну, есту қабілетінің төмендеуі, операциядан кейінгі хирургиялық асқынулар.

Емдеу тамыр соғысы бойынша ауруды анықтау, нүктелі және жалпылама уқалау, ине салу, инені шөппен қыздыру, хассы, зывишин, каудиян, бел омыртқа аралық дискі жарығын емдеуге арналған ТМ400

аппаратымен қытай-тибеттік медицина әдістерін қолдана отырып кешенді түрде жүргізіледі.

«ЖАС-АЙДЫҢ» ҒЫЛЫМИ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

«Жас-Ай» орталығы тек ауруды сәтті емдейтін клиника ғана емес, үлкен ғылыми-зерттеу орталығы. Республикалық академиялық ғылыми басылымдарда дәрігерлердің ғылыми ізденістерінің нәтижелері жарық көріп тұрады.

«Ғылым шыңына жету – инемен құдық қазғандай» дейді даналар. «Жас-Айдың» Астанадағы филиалын адамдарды емдеумен ғана шектемей, ғылыми-зерттеу жүргізетін орталыққа айналдырмақ. Ғылыми-зерттеу орталығына қажетті жабдықтардың біразын қазірдің өзінде шетелдерден алдырып қойған. Орталық ғылыми-теориялық кітаптар жазып, оны баспадан шығаруда. Сөйтіп, түрік текті мұсылман халықтарында қолданылған көне медициналық терминдерді әлемдік деңгейде қолданысқа енгізуге күш салмақ.

Қай уақытта болмасын «ұзақ ғұмыр кешу», «денсаулықты қалыпты деңгейде сақтап қалу» мәселесі өзектілігін жойған емес. Қазіргі уақытта да «адамды жасартуға бола ма?», «жастықты қалай ұзақ сақтап тұруға болады?» деген тақырып кез-келген адамды елең еткізбей қоймайды.

Әлемдегі ғалымдар тереңдей айналысып жатқан өзекті мәселеге қатысты ұзақ жылдардағы тәжірибе мен ізденістер арқасында «Жас-Ай» орталығы тарапынан ашылған екі ғылыми жаңалық ол: «ARBAT және AIBAT», «Жас-Ай» өмір нәрі тұндырмасы».

ARBAT және AIBAT

Ғылыми атауы «ARBAT және AIBAT» деп аталатын аппараттар. Магниттік сағатқа тоқталмас бұрын аз-кем адамның ағзасында кездесетін магниттік жасушалар туралы тоқталайық.

Магниттік жасушалар адамның ішкі ағзасында орналасқан. Ол сыртқы факторлардың әсерінен қозғалысқа келіп, өз аумағындағы ағзаның жұмысына тікелей әсер етеді. Ішкі ағзаларда орналасқан жасушалардың бір тобы магниттік жасушалар болып саналады. Бірде жиырылып, бірде босап, өзгеріп отыратын магниттік жасушала мейірімді және ызалы жасушала болып екі түрге бөлінеді. Біріншісі – мейірімді, екіншісі ызалы жасушалар. Олардың гормон бөлуі сырттан келетін ақпараттарға байланысты. Жақсы хабарды жинайтын мейірімді жасушалар организмге пайдалы, қуат беретін, жасартатын эндорфин, серотонин гормондарын бөледі. Бұл гормондар қанды қуаттандырып, адамның жігерін күшейтіп, белсенділігін арттырады. Еңбекке құлшынып тұрады. Денсаулығы мықты болады. Жастық қалпын ұзақ



сақтайды. Ал жаман хабарды жинайтын ызалы жасушалар адам ағзасына зиянды улы гормондарды бөледі. Улы гормондар қанға түскен соң адам организмі әлсіреп, әртүрлі рак, инсульт, ақ қан сияқты ауруларға ұшыратады және тез қартайтады. Адам сырттан келетін ақпаратты көру, есту, сезіну түйсіктері арқылы қабылдайды.

Ең қызығы жасушалардың гормон бөлуі сырттан келетін ақпараттарға байланысты. «Жақсы сөз – жарым ырыс» дегендей, жақсы ақпараттан мейірімді жасушалардың белсенділігі артып, организмге пайдалы жасартатын эндорфин, серотонин гормондары бөлінеді.

Пайдалы гормондардың бөлінуін алты ай сайын реттеп отыру керек. Сонда адам организмі қалыпты жұмыс істеп, денсаулығы мықты болады. Өмір сүру мерзімі ұзарады.

ARBAT және AIBAT приборлары арқылы мейірімді жасушалардың белсенділігін күшейтіп, пайдалы жасарту гормондарының бөлінуін ретке келтіруге болады. Пайдалы гормондар көп бөлінсе, ызалы жасушаның жұмысы әлсірейді. Яғни, денеге улы гормондар аз бөлінеді.

Монитор және электронды білезік арқылы пайдалы немесе зиянды гормондардың бөлінгенін бақылауға болады. Қызыл белгі – ызалы жасуша. Жасыл белгі – мейірімді жасуша. Білезікті қолға тағып, тренажерда қозғалыс жасағанда екі жасуша бір-біріне жақындайды. Бұл – организмдегі эндокриндік бездердің тітіркенуі немесе ісінуі.

Себебі эндокриндік бездер өте сезімтал, тітіркенгіш келеді. Олар ісіну және тітіркену арқылы гормондар бөледі. Монитордағы екі жасуша организмге салмақ түскен сайын ісініп үлкейеді. Сосын бір-біріне тигенде гормондардың жарылысы болады. Бұл – организмдегі жасарту гормондарының бөлінген сәті. Гормондардың өмір өзегі, үлкен күш екені ықылым заманнан белгілі. Сондықтан жасарту гормондарын ретке келтіру – аурудан жазылудың ең дұрыс жолы.

«Жас-Ай» медициналық орталығының зертханасында денсаулықтың сана-сезімге, көңіл-күйге тығыз байланысты

екені анықталды. Ал адам 40 жасында ARBAT және AIBAT жасарту аппараттарынан өтсе, сол жаста қартаймай 20 жылға дейін тұруға болатыны ғылыми түрде дәлелденді.

Жасан Зекейұлы Түркия, Швейцария қатарлы шетелдерде болған халықаралық ғылыми конференцияларда аппараттың маңызы мен қолданылуы туралы таныстырылым жасап, шетелдік мамандардың қызығушылығын тудырды.

Бұл жаңалық сенсация ретінде бағаланып, әйгілі ғалымдар мен сала мамандарының қызу қолдауын тауып отыр.

«ЖАС-АЙ» ӨМІР НӘРІ ТҰНДЫРМАСЫ (НАСТОЙ)

«Жас-Ай» өмір нәрі тұндырмасы профессор, академик Жасан Зекейұлының ұзақ жылғы ғылыми зертеуінің нәтижесі. Қытай, Тибет медицинасында қолданылған әртүрлі тұндырмаларды зерттеп, салыстыра отырып жаңа бір тұндырманы ойлап табады. Тұндырманың құрамы Тибет, Гималай, Хан-Тәңірі тауларында ғана өсетін шипалы емдік шөптерден жасалады. Өмір нәрі тұндырмасы шиповник, радиола, жень-шень, кардицепс, ганодерма секілді табиғи витаминдерге аса бай шөптермен, тамырлардан алынады. «Жас-Ай» өмір нәрі тұндырмасы жүйке жүйесін тыныштандырып, көңіл-күйді қалыпқа келтіреді. Ер мен әйелдің жыныстық белсенділігін артырып, өмірге құштарландырады. «Жас-Ай» өмір нәрі тұндырмасын үнемі ішіп жүрген адамның денсаулығы жақсарып, өмірі ұзарады.

Жасан Зекейұлы тұндырманы іс-тәжірибеден өткізіп, оның денсаулыққа пайдалы екенін дәлелдеп, сараптамасын алды. Енді қолданысқа енгізуге дайындалу үстінде.

«JAS-AI» ШИПАЛЫ СУЫ

2017 жылы маусымда «Жас-Ай» орталығында «Jas-Ai» шипалы суы шығарыла бастады. Адам ағзасының тіршілік әрекетінде маңызды рөл атқаратын және минералды заттардың

тепе-теңдігі сақталған, пайдасы зор, табиғи суы ультракүлгін сәулелермен өңделген.

Адам баласы өмір жасын ұзақ сақтағысы келсе өзге сұйықтықтардан бөлек таза суды күніне 2-3 литр мөлшерінде тұтынуы керек. Өйткені таза су ағзада зат алмасу процесін атқаруға өте қажет.

ЕМ АЛУШЫЛАРДЫҢ СТАТИСТИКАСЫ

2004 жылы негізі қаланған «Жас-Ай» медициналық орталығына биыл 13 жыл болды. Қазақы наныммен айтқанда, бірінші мүшелден шығып отыр.

- Орталықта осы күнге дейін 80 000-нан астам науқас ем қабылдаған. Олардың 80-90 %-ы ауруынан айықты.

- 5 мыңға жуық сал ауруымен (ДЦП) ауырған балалар бала емделіп, жазылды.

- Инсультпен ауырған 4 мың адам қайта қалпына келіп, жұмысқа жарады.

- Әртүрлі жағдайдағы бедеулік пен белсіздікке душар болып, перзентке зар болған 5 мың отбасы сәби сүю бақытына ие болды.

- 1-2,5 см-ге дейінгі бел омыртқа жарығы бар 2 мың науқас отасыз, тек ине емнің көмегімен емделіп, толықтай сауықты.

- 1,5 мың жетім-жесір, асыраушысынан айырылған жандар және мүгедек адамдар мен ардагерлерге толықтай тегін ем жасалды.

Біз бұл жерде тек күрделі ауру түрлерінің санын ғана ұсынып отырмыз. Одан бөлек отадан кейінгі асқынулар, тыныс жолы, есту мүшелері, тері аурулары, ішкі ағзалары, т.б. дертке шалдыққан науқастар ем алып, толықтай жазылып шықты.

«ЖАС-АЙДЫҢ» МАРАПАТТАРЫ

2016 жылы «Жас-Ай» медициналық орталығына Еуропадағы халықаралық медицина қауымдастығының, ОКСФОРД Академиялық одағы, ЕМА және басқа да ұйымдардың бірлесуімен «Халықаралық үздік клиника» деген мәртебелі атақ берілді. Қауымдастықтың №022 сертификаты, екі медалі құжатымен Жасан Зекейұлының қолына салтанатты түрде тапсырылды.

Сертификат «MEDICAL PRACTICE» медициналық практикалық үлгілер саласындағы сертификациялау орталығында тіркеліп, оған арнаулы нөмер беріліп, базаға енгізілген.

Бұл атақты алу үшін соған лайық деп табылған қандай да бір орталық 3 жыл бойына бірнеше халықаралық ұйымдардың бақылауында жүреді және осы аралықта дүркін-дүркін тексерулерден өтеді.

2017 жылдың маусым айында ҚР Ұлттық бизнес рейтингін ұйымдастыру комитетінің шешімімен 2016 жылға арналған сараптама нәтижесі бойынша «Сала үздігі – 2016» («Leader of the

branch – 2016») атты марапатқа ие болды. Ұйымдастыру комитетінің медалі, №0805 куәлігі, сертификаты тапсырылды.

«ЖАС-АЙДЫҢ» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ШАРАЛАРЫ

«Жас-Ай» медициналық орталығы рухани-мәдени, спорттық шаралардың өтуіне қолдау көрсетіп, жағдайы төмен отбасыларға қаржылай көмектесіп тұрады.

13 жыл бойы тұрмысы төмен отбасыдан шыққан оқушыларға еліміздегі ірі жоғарғы оқу орындарына түсуге оқу грантын бөліп келеді.

«Нұр Отан» партиясының ұйымдастыруымен өткен қоғамдық іс-шараларға белсене атсалысып, жыл сайын «Мектепке барар жол» акциясымен жүздеген қамқорсыз қалған балаларға көмек қолын созуда.

Ел алдында жүрген азаматтар мен халық қалаулыларына, жергілікті бизнес өкілдеріне де қолдау танытып отырды. Елі үшін еңбек етіп жүрген азаматтарға тегін ем жасады.

Науқасты ауруынан айықтыру өз алдына, ауру мен жоқшылықтың қамытын қатар киген жандардың үміт отын ояуды халық алдындағы азаматтық парызы санайды.

«Ел шуақ» қайырымдылық қорының құрылтайшысы. Қордың атынан мүгедек қыздың шығармашылық кешін өткізуге атсалысты.

Президенттің «Нұрлы көш» бағдарламасын жүзеге асыру барысында қандастардың үздік мақалаларын жариялауға қаржылық қолдау көрсетті.

1. Дінмұхаммед Қонаевтың 100 жылдығына орай өткен республикалық шахмат жарысына 100 мың теңге бөледі.

2. Белгілі композитор, актер, ақын, ҚР Қорғаныс министрлігінің әншісі, ҚР мәдениет қайраткері Ермұрат Зейіпханды еске алу кешіне 100 мың теңге атады.

3. Елімізге белгілі «Қыздар-ай» тобының концертті және сол сияқты бір қатар игілікті шаралардың әр қайсысына 100 мың теңге қаржылай көмек көрсетті.

4. 2010 жылдан бері Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Мұхит әндерінен республикалық деңгейде концерт өткізіп келе жатқан «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігіне үзбей көмектесіп келеді. Бұл шараларға осы күнге дейін 450 мың теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетті.

5. Берік Тоқайдан деген шетелден келген қандасымызға қаржылай 150 мың теңге көмек көрсетті.

6. Таэквондо жаттықтырушысы Адай Марғұланның Вьетнамда өтетін халықаралық чемпионатқа баруы үшін 1 000 000 теңге берді. 2013 жылы Солтүстік Кореяда өткен халықаралық жарысқа барып-қайту барлық қаражатын көтерді.

7. Ыбырайым Бегжігітовтың шөп дәрі жинауына көмек ретінде 150 000 теңге атады.

8. Ержан Арызқұловтың отбасылық жағдайына байланысты 700 000 теңге көмек көрсетті.

9. Жыл сайын 9 мамыр жеңіс күні қарсаңында бір күн бойы ардагерлерге тегін ем көрсетілді.

10. Талантты композитор Ермұрат Зейіпханның қайтыс болуына байланысты әйелі Тұрангүлді 6 ай ақылы демалысқа жіберіп, қаржылай 1 000 000 теңге көмек берді.

11. «Мектепке барар жол» атты Республикалық шараға қатысып, жағдайы төмен оқушылардың сөмке, киім-кешек алуына 750 000 теңге ақша аударды.

12. ҚР Ұлттық спорт түрлері федерациясының бастауымен өткен ережесіз жекпе-жектің республикалық шарасына қолдау ретінде 500 000 теңге аударды.

13. Қазақ радиосының әуе толқынына шыққан «Бауырластар» бағдарламасының ақылшысы да, қаржылай қамқоршысы да Жасан Зекейұлы болатын.

14. Алматы қаласының әкімі Ахметжан Есімов 2012 жылды Алматыдағы «Мәдениет жылы» деп белгілеуіне орай, қалада өтіп жатқан концерттерге 300-ден аса қарапайым халыққа тегін билет таратылды.

15. Райымбек мешітіндегі медресеге ай сайын 450 000 теңге ақшалай көмек беріп тұратынын айтпағанда, апта сайын жеке басындағы қиыншылығын шешіп беруге өтініш айтқан қаншама адамдардың тілегі қабыл болды.

16. Атагелдиевтар отбасының тоғыз жыл бойы құрсақ көтере алмаған келіні Ботагөз тегін ем алып, бір ұл, бір қыздың анасы атанды.

17. 21 жастағы бойжеткен Нұрлыгүл Жаңабаеваның туа біткен қоянжырық кеселімен ауыратынын «Алматы» телеарнасы эфирінен естіген Жасан Зекейұлы оған 300 000 теңге қаражат берді. Бетіне пластикалық операция жасауға қайырымдылық көмек көрсетті. Сөйтіп оның сөне бастаған үмітін қайта тұтатты.

18. Жыл сайын ораза айында 500 адамға ауызашар беріліп келді.

19. Тарихи Отанына оралған қандастарымызға, тұрмысы нашар және көп балалы отбасыларға наурыз мерекесін салтанатты түрде өткізуге жыл сайын 200 000 теңге қаржылай көмек көрсеткені үшін «Нұр қоныс» қайырымдылық қорының Алғыс хатымен марапатталды.

20. «Өмірді қорғау» қорын құрып Бәйдібек ауданындағы мүмкіндігі шектеулі ақын қыз Эльмира Омарбекованың жыр жинағының шығуына ұйтқы болды. Ғалымдар үйінде оның «Қара жолға да қарыздар болмаған қыз» атты шығармашылық кешін өткізіп берді.

21. 2013 жылы Ер Жәнібек және Баян батыр Қасаболатұлының 300 жылдығы атап өтілді. Ескерткіш орнатуға 5 000 000 теңге ақшалай көмек атады.

22. 2014 жылы Қазақстан

Мұсылмандары Діни басқармасы Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы, Баршатас ауылында ашылған мешіттің құрылысына демеушілік жасады.

23. Ақын Жәркен Бедештің 70 жылдық мерейтойына темір тұлпар сыйланды.

24. Арбаға таңылған ақын Нұртас Исабаевтың шығармашылық кеші өткен сарайды жалға алып берді.

25. Қазақстан ардагерлер республикалық орталығының құрылғанына 30 жыл толуына орай ұйымдастырылған мерекелік дастарханға 500 000 теңге бөледі.

26. Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Атбасар қаласында су тасқыны болғанда «Нұр Отан» партиясының Астана қалалық филиалымен бірлесе отырып 450 000 теңге қаржы бөліп, 100 000 теңге көлемінде азық-түлікпен көмектесті.

Халыққа істеген қалтқысыз қызметі үшін ұлттық-қоғамдық «Алтын жүрек» сыйлығы берілді.

«ЖАС-АЙ» ЖУРНАЛЫ

«Жас-Ай» орталығы науқастарды емдеу мен ғана шектелмей, сау адамдардың амандығын бекемдеу мақсатында 2008 жылдан бастап өз қаражатына «Жас-Ай» медициналық-ғылыми ақпараттық журналын шығарып келеді.

Басылымның басты мақсаты – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Саламатты Қазақстан» бағдарламасын іс-жүзінде насихаттау, еліміздің денсаулық сақтау саласына тың жол ашып, жаңа серпін беру, бабаларымыз ашқан, шынайы өмірде қолданысын тапқан тарихи емдеу әдістерін жаңғыртып, оны заманауи техникпен ұштастыру. Журнал зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне, мүгедек жандарға тегін беріледі. Аталмыш журнал қазіргі таңда уақытылы таратылып, оқырман қолына жетіп отыр.

«Жас-Ай» медициналық-ғылыми ақпараттық журналы денсаулық тақырыбында мемлекеттік тілде шығатын республикалық бірден-бір басылым екенін мақтанышпен айта аламыз. Ақпарат айдынындағы 9 жылдың ішінде журналдың таралымы өсіп, оқырман көңілінен жол таба білді.

Мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар, әдебиет және өнер адамдарымен болған сүбелі сұхбаттар журналдың әр санында беріледі.

Алдағы уақытта «Жас-Ай» медициналық журналы ауырдың асқынуы мен адамның қартаюының алдын алуға, оның сырын ашуға ізденіс, талпыныс жасаған ғылыми мақалалар мен зерттеулерді жариялауды қолға алмақ.

**Айдын ЫРЫСБЕКҰЛЫ,
Индира САЙЛАУҚЫЗЫ**

ҚАЛА & МЕН ДАЛА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ БАСЫЛЫМ №33 25 ТАМЫЗ 2017 ЖЫЛ

«100 ЖАҢА ЕСІМГЕ» ЛАЙЫҚТЫ ТҰЛҒА

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында Тәуелсіздік тарихындағы «100 жаңа есім» иелерін анықтауды тапсырған болатын. Белгілі дәрігер, медицина ғылымдарының докторы, профессор, академик, «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығының директоры Жасан Зекейұлы «100 жаңа есімге» лайық тұлға деп білеміз.

АРМАНЫ АСҚАҚ БОЗБАЛА

«Отан отбасынан басталады», «Отан үшін отқа түс — күймейсің» деген таным-тұжырымды ойына түйген Жасан Зекейұлының бүгінгі алған асуы мен бағындырған биігі жөнінде сөз айтпас бұрын, өткен өміріне қысқаша тоқтала кеткен жөн. Қазақ тарихының сыр-ын да, жырын да, мұңын да ішіне бүккен қарт абыздай алып тау — жазиралы өлке Тарбағатайдың бауырынан түлеп ұшқан сұңқар текті азаматтар жетерлік. Ұлт табиғаты мен тағдырлы да тағылымды тарихын Ұлы Даланың кіндіктес



Швейцария. Люцерн қаласы.
Еуропа медицина қауымдастығының президенті
Винценцо Костиглиоламен бірге

осы бөлігінен бөле-қарау мүмкін емес. Еліміздің Шығыс қақпасын күзетіп жатқан орманды-ойпатты, нулы-сулы, құмды-шөлейтті өлкенің бірі — осы жұрт. Кешегі тәуменді шағымызда, тарихтың доңғалағы қазақтың талайына қарай домаламаған қиын кезеңде екі империяның қақ ортадан бөліп, қызыл сызық орнатқаны болмаса, қазақтың «кіндік кесіп, кір жуған» ежелден келе жатқан Атақонысы еді. Екіге бөлінген еліңнің ниет-мақсаты, арман-мүддесі бір

демесеңіз, Қытай мен Ресейдің илеуінде қалып, қаншама зұлмат жылдарды бастан кешпеді бұл қазақ?! Тарбағатайдың Қытайдағы бөлігінде, Жайыр таудың етегінде, Қарағайбастаудың мөддірінен су ішіп, тұнығына шомылған бірқыдыруелбар. Жасан Зекейұлы, міне, сонда, Толы ауданында 1967 жылы дүние есігін ашқан. Қарапайым шаңырақтың дәулеті де орташа болатын. Әкесі Зекей болса, Шыңжаңдағы университеттен «Көмір кені» мамандығының



үш жылын бітіріп, оқуын аяқтауға отбасылық жағдайы көтермей, ауылда жүреді. Бір күні облыстан ауылға қытай басшылары келіп, халықпен жүздесу өткізбесі бар ма?! Қастарына ерткен аудармашысы, қолдап-қоштаушысы көп. Бірақ қытай басшылары мен жергілікті тұрғындар бірінің ойын бірі түсіне алмай дал болады. Себеппен не дейсіз ғой? Аудармашының шала сауаттылығы. «Жиында отырған әкем университет қабырғасында жүріп, қытай тілін жетік меңгеріп алған кісі еді. Аудармашының шалағайлығын көріп, өтініш жасап, сол арада өзі тілмаштық етеді. Мұны көрген басшылар аты-жөнін жазып алады да, апта өтпей аудармашы маман ретінде аудан орталығына шақыртады. Сол күннен бастап отбасылық ауыр жағдайдан арылып, бізге замануи білім алуға мүмкіндік туды. Әкем оқуын әрі қарай жалғастырып, университет дипломын алып, ауданда білікті кадрлардың сапында қызмет етті. Анам болса, қарапайым қызметте жүрсе де, ең негізгі міндет ретінде біздің тәрбиемізге баса назар аударды. Анам Шәрипаның бала кезімнен маған айтып отыратын бір сөзі бар: «Ешкімнің ала жібін аттама! Өзгені сыртынан

даттама!». Мен де көңіліме кірбің ұялап, қиналған сәттерімде осы сөзді жаныма тұтам, ойға алам. Ізгілік пен мейірбандылық, ізеттілік пен адалдық – әкем мен шешемнің маған үйреткен ең негізгі қағидалары». Мектеп қабырғасында жүргенде өте зерек, әр сабақты зейін қоя үйренген баланың есейген сайын ауыл жұртшылығының аузына есімі іліне бастауының сыры: ата-ана тәрбиесінің арқасы екені айтпасақта түсінікті. Отбасы тәрбиесінің ұлттық тәрбиемен бітеқайнасып жататыны айдан анық.

Балалық шағы кітап оқумен, ғалымдардың өмір жолын, ұлы адамдардың тағылымды ойларын ұғуға ұмтылумен өткен Жасан Зекейұлының толысып-шыңдалуына өзі өскен ортаның, ауыл адамдарының қайырымды іс-әрекеттері әсер еткені әр әңгімесінен байқалып тұрады.

«Бала кезімде, – дейі ол, – менің жан серігім кітап болды. Әкем бәрімізді жинап алып, Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін оқытатын. Мұны оқымай, елге игілікті істер істей алатын азамат болуларың мүмкін емес дейтін бізге. Содан бастап кітап көрсем ұмсынып тұру үйреншікті дағдыға айналды. Батырлар жыры мен қиссаларды, аңыз-әфсаналар мен дастандарды сүйсініп, беріліп оқитынмын. Кей кездері түнімен кітап оқып, таңертеңгі сабаққа көзімді тырналап әрең ашатынмын. Әлі есімде, «Абай жолын» алғаш оқыған сәтім. Ұмытпасам, сол кездері елдің бәрі бұл кітапты қалап-сұрап, бірінен бірі ұрлап әкетіп оқитын. Бір жеріне күйнесің, бір жеріне сүйнесің. Бірде өзегіңді өксік шарпыса, енді бірде далалық салиқалы дәуреннің қызығына елітіп, өзіңнің қазақ боп туғаныңа мақтанасың. Иіс кемпірдің ұлы Исаның өзі жалғыз

боранды түнде қасқырлармен алысып, суық өтіп, ауырып қайтыс болғанын оқып отырған сәтімде, көзімнен жас ыршып кетті. Бәлкім, менің дәрігер болуыма сол бір кездегі көңіл-күй, ішкі жанашырлық өз әсерін тигізген де шығар...». Әке мен ана мейірінен асқақ не бар жалғанда.

Дәрігер Жасан – әкесі мен анасынан алған көркем мінезді сақтай білген, соның жемісін жеген жандардың бірі. Бала кезінде аудан орталығындағы үйлеріне ауылдағы жұрт көптеп келеді екен. Әрине, көп жағдайда емханаға жатып емделу мақсатымен. Солардың жүдеген, аурудан қиналған сәттерін көрген бала жүрекке «емші болсам» деген арман ұялайды. Мектепте жүргенде де, жоғары оқу орнында да өзге құрбы-достары секілді желік қуып, уақытты босқа өткізуді жаны сүйеметті. Балалар төбелесіп, яки белгілі себептермен жараланып, денелерінен қан ақса, олардың қанын тоқтату үшін топырақ сеуіп, іскен жерлеріне үлкен кісілерден көрген ем-домын жасап, бәйек болып жүретін оның емшілік «тәжірибесі» – сүтке біткен қасиеттердің бірі болса керек. Өзі де бұл ойымызды құптағандай: «Мен басқа саланы тандап, әкемнің көмегімен болса да, әкімшілік саласының бірінің тұтқасын ұстауыма болар еді. Әйткенмен, ондай ой санама кіріп-шыққан жоқ. Осы кәсіпті таңдадым. Оған ешуақытта өкінген емеспін» деп ағынан жарылды.

Сол жерде орта мектепті үздік бітіріп, Үрімжідегі Медицина университетін тәмамдағасын, Күйтүн қаласындағы орталық ауруханада хирург-маман ретінде біраз жыл жемісті еңбек етеді. Аурухана ұжымына білімділігі мен біліктілігін мойындата білген жас маманның ізгі арманы, айтулы аңсары – ұлтқа титтей де болса қызмет ету, перзенттік қолғабысын тигізу-тұғын. Сол үдеден шығу жолында жат елдің заң-зақүнін қазақтың орайына ыңғайластырып, пайдалануды ұмытпаған оның ісін біреулер құптаса, біреулер ұната қоймағаны да анық. «Хирург-маман ретінде

шама-шарқымша сол өңірдің қазақтарына көмектесуге тырыстым, — дейді өзі жастық дәуреннің алғашқы жылдарындағы жұмысы туралы толғана келіп. — Түскі ас кезінде де дем алмайтынмын. Өйткені, менің операция жасауымды күтіп аурухана төсегінде жаны қиналған дімкәс жандар жатыр. Оларға көмектесу, бір минут болса да, ертерек емшара қолдану — өзімнің мойныма жүктелген ішкі жауапкершілік. Сосын, ол кезде, әсіресе, өзіміздің қаракөздердің жағдайы өзге ұлттармен салыстырғанда төмендеу болатын. Ауру-сырқау да көп. Көбісінің емхананың белгілеп берген жүйесі бойынша емделуге қалғасы көтермейді. Мен дем алмай жұмыс істесем, оларға қолымнан келгенінше дәруменді дәрілерді арзандатып, басы артық ем-шараны азайтып берсем, кіріптар жандарға көрсеткен азгантай көмегім екенін іштей сезетінмін. Әуелі үлкен жиындарда мені ұлтшыл ғып көрсетуге ұмытылғандар да табылды...». Рас-ау, бақастық пен күндестік, көреалмаушылық секілді ішмезер пиғылдардың қай ортада болса да бар екені белгілі жайт.

Ондай келеңсіздіктерге жасу, алған мақсаттан қайту — ерлік болып па?! «Ұлтшыл» Жасанның рухы пәс тартпақ түгіл, одан арман аршындай түседі. Еңбектің арқасында досын да, қасын да сүйіндірген ол тек хирург ретінде елге танылуды місе тұтпай, күн-түн демей ізденеді, оқиды. Әсіресе, шығыс медицинасын, оның қырсырын бүге-шігесіне дейін игеруге ден қояды. «Сол кезде инемен емдеуді өзім сырттай бақылап, барлап жүретінмін. «Ел білгенді мен неге білмеймін?» деген ой маза бермейтін. Айналаң толы — табиғат әлемі. Алла-тағала оның ешбірін артық жаратқан емес. Қытай медицинасының артықшылығы — табиғаттың қуатымен адамды емдеудің түрлі тәсілдерін игеруінде. Шөп пен судың, ағаш пен жан-жануардың бәрінің артықшылығын, өзіндік қасиеттерін жіті бақылауында. Қытайда бұл том-том кітап болып қаттаулы. Университетте жүргенде

алған білімді одан әрі жетілдіру үшін, қытай медицинасының арғы өзегіне үңілу үшін сол томдықтарды жастанып жатып оқуды әдетке айналдырдым. Тоқсанға келген қытайлық ұстазым бар. Сол кісіден ыждағатпен үйрену барысында ішіне енген сайын бұл ғылым саласына деген іңкәрлік-құштарлығым анағұрлым арта түсті».

Талмай іздену мен талпынудың нәтижесі — Ж. Зекейұлының бүгінгі игілікті шаралары. Еш ойланбастан атамекенге ат басын бұрған алғашқы топтың өкілі ретінде ол маңдай терін ұлық та ұлағатты еліне төгіп келеді. Өзі басқарып отырған «Жас — Ай» медициналық орталығы сөзімізге дәлел.

«ЖАС-АЙ» МЕДИЦИНА ОРТАЛЫҒЫ ҚАЛАЙ ҚҰРЫЛДЫ?

Бұл орталық бұрын шағын ғана медицина орталықтарының бірі еді. Қазір Алматыдағы әл-Фараби даңғылының бойында 5 қабатты биік ғимарат бой көтерген. Қашан барсаңыз да, емделушілердің көптігін көресіз. Өткен жылы Астана қаласынан «Жас-Ай» Шығыс-Тибет медицина орталығының бөлімшесі ашылды.

Құрылғанына 13 жылдан асқан орталықтың жұмысы мен емге зәру жандарға сыйлаған шапағаты туралы баспасөз беттерінде аз жазылып жатқан жоқ. Жетпіс мыңнан астам жұртқа емдік көмек көрсеткен орталықтың басты ұстанымы — қиналғандарға қол ұшын созу, тәніне шипа, жанына рухани тірек болу. Бүгінге шейін мыңдаған қолы қысқа жандардың біріне тегін, енді біріне жағдайына қарай жеңілдікпен емдеуді ұсынған бұл орталық емделушілердің ыстық лебізіне ие болып келеді.

Алматы облысы, Іле ауданы, Жетіген ауылының тұрғыны Ердаулет Атагелдиев «Жас-Ай» Шығыс-Тибет медицинасының орталығы туралы былай пікір білдіріпті.

«Біз үйленген соң шамалы уақыт өткеннен кейін жұбайым Ботагөз ауырып, мазасыздана бастады. Біраздан кейін оған «Оң

жақ аналық безінің қабынуы» деген диагноз қойылды. Осы диагноз бойынша ота да жасалды. Бұл 1999 жыл болатын. Арада 3 жыл өтіп барып, тағы да 2002 жылы жоғарыда аталған диагнозбен әйеліме қайта операция жасалды: сол жақ аналық безі мен түтікшесі алынды. Арада біраз уақыт өткеннен соң, сол бұрынғы диагнозымен жан сақтау бөліміне дейін түсті. Осындай әуресарсаңмен 6 жыл өтті. Нәрестелі бола алмадық. Осы отадан кейін жүкті боласың деген соң, тағы бір ота жасатуға келістік. Алайда нәтиже болмады. «Осы мықты» деген дәрігерге барғанымда маған айтқаны: «Бала көтермек түгілі, әйелің аман қалса, соған шүкір де». Дегенмен, Алладан үмітімізді үзген жоқпыз. Елдегі мықты деген медициналық мекемелерді аралап, емделе бердік. Жасанды жолмен ұрықтандыру арқылы балалы болуды ойлап, «ЭКО» орталығының дәрігерлеріне барғанымызда да, «балалы болу мүмкін емес» деп жауап берді. Осылай теңселіп жүргенде «Жас-Ай» Шығыс-Тибет медицина орталығы бар дегенді естіп, сонда бардым. Бізді профессор Жасан Зекейұлы қабылдады, тамыр ұстап, диагноз қойды. Ол кісі әйеліме «бір емес екі балалы боласың» деп қуантып тастады. Ол кезде біз Жәкеңе шынайы үміт артпасақ та, дәрігер ретіндегі жылы сөзімен үміттендіргені үшін, көңілімізді көтеріп, біліктілігін танытқаны үшін риза болып қалған едік. Бірақ Жасан біліп айтыпты. Шынымен, әйелім орталықта ем қабылдай бастағанда өзін жақсы сезіне бастады, ем қабылдап жүргенде жүкті екені байқалды. Бұл қуанышымызды бұрынғы емдеген дәрігерлер естігенде олар таңырқап, Ботагөзден қалай бала көтергенін сұрапты. Осылайша сөнуге айналған үмітімізді «Жас-Ай» жақты.

Ботагөз тұңғышым Әбдрахманды өмірге әкелді. Кейін Әбдрахманның қарындасы Ханифа туды. Баланың зарын бір кісідей тартқан біз ең әуелі Аллаға, екінші Жасан Зекейұлына алғысымыз шексіз», — дейді Ердаулет Атагелдиев. Бұл — бір ғана мысал. Әйтпесе, орталыққа келіп емделіп,

ауыр науқастан құлан-таза айыққандар жеткілікті. «Жас-Ай» журналынан біз талай жанның алғыс хаттарын ұшыраттық. «Жазылмайтын ауру жоқ, емшісіне кезіксе» деп дәрігердің өзі айтпақшы, орталықтан ем алып, жаңа өмірге қадам басқан жандар жыл санап көбейіп келеді.

Мысалы, инсульт алған 4 мың адам сауықса, сал ауруына шалдыққан (ДЦП) 5 мың бала орталықтың емімен аяқтан тұрып, ел қатарына қосылған. Бұдан басқа белсіздік пен бедеулікке шалдығып, перзент сүйе алмауы мүмкін қаншама отбасы осы орталық арқылы сәбилі болды. Дәстүрлі медицина орталықтары «ем қонбайды» деп кесіп-пішкен талай науқас осы орталық арқылы сауыққанын осында емделген жандардың өздері айтып жүр.

«Жас-ай» медицина орталығынан ем алған науқастардың 80-90 пайызы ауруынан жазылып, аяқтан тұрып кеткенін нақты статистика арқылы білдік.

ІШКІ ҮНДЕСТІК ТУРАЛЫ ОЙ

Жасан Зекейұлы бала кезінде ата-анасының қолдауымен баян тартуды үйреніпті. Музыкаға деген ықыласы елден ерек баланың өсе келе ауруларды емдеу барысында үн мен әуездің үйлесімділігі зор көмек болғанын тілге тиек ете келе: «Науқас жанның алдына кірген кезде жанарынан, сөзінен, іс-қимылынан-ақ қай жерінің ауырып тұрғанын байқайсың. Бойдағы үндестік пен үйлесімділік бұзылса, ауру бар деп біліңіз. Мен соны жүрегіммен сеземін. Кейбір науқастарға тексермей тұрып-ақ, қандай сырқат бар екенін, қай жерлері ауыратынын айтып берем. Яғни, ішкі жан-дүниесінің музыкасын тыңдаймын», — дейді жылы жүзіне әнтек күлкі үйіріліп. Ол тағы да: «Адам болғасын — адамша өмір сүруге тиіспіз. Абай айтпаушы ма еді: «... күніне, аптасына, айына, тым құрығанда жылына бір рет болса да, өзіңе өзің есеп бер» деп. Иә, адам болып туғасын, адам боп күн кешу — міндет. Мен соны көңіліме бекем тұтқан адаммын. «Бүгін не істедім, не бітірдім, ертең

не істей аламын?» Осы сұраққа жауап іздемеген жанның Хақтың жолында, халықтың алдында арының тазалығын айғақтай алуы неғайбыл. «Бірінді, қазақ, бірін дос, көрмесең істің — бәрі бос» тұжырым-түйіні де осы тұрғыдан айтылған деп түйсінемін. Ел іргесінің бүтіндігі мен тұғырының бекем-биіктігі үшін, осы сөз — сөз. Қазірге шейін Абайды оқып, өзімді өзім шыңдауға, жігерлендіруге тырысам» деп көңілге түйген көп ойын ортаға салды.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАСАУДЫ ҰМЫТПАЙДЫ

Жасан Зекейұлы бұған дейін 500-ге жуық ғылыми мақала жазып, бірнеше кітап шығарып үлгерді. Оның жазған мақалалары шетел баспасөзінде де жарияланып, ғылыми ортаның қызығушылығын тудырып келеді. «Жас-Ай» орталығында зерттеу лабораториясы жұмыс істейді.

Дәрігер қоғамдық жұмыстардан да тыс қалып көрген емес. Мемлекеттік маңызы бар мәселелерге дер уақытында үн қосып, қоғамдық шаралардың басында жүретін дәрігер үнемі әртүрлі шараларға қолдау көрсетіп келеді. «Жас-Ай» медициналық орталығы Ұлттық мәдени шаралардың өтуіне, спортшылар мен жағдайы төмен отбасыларға қаржылай қолдау жасап келеді. 13 жыл бойы тұрмысы төмен отбасыдан шыққан оқушыларға еліміздегі ең беделді жоғарғы оқу орындарына оқу грантын бөліп келеді. «Нұр Отан» партиясының ұйымдастыруымен өткен қоғамдық іс-шараларға белсене атсалысып, жыл сайын «Мектепке барар жол» акциясы бойынша жүздеген қамқорсыз қалған балаларға көмек қолын созуда.

Ұлттық-қоғамдық «Алтын жүрек» сыйлығы халыққа істеген осындай қалтқысыз қызметі үшін берілді. Жасан Зекейұлының жомарттығы мұнымен шектеліп қана қоймай, ел алдында жүрген азаматтар мен халық қалаулыларына, жергілікті бизнес өкілдеріне де қолдау танытып отырды. Елі үшін еңбек

етіп жүрген азаматтарға тегін ем түрін ұсынды. Өзі құрған «Ел шуақ» қоры арқылы сан-салалы игі істерге көмек қолын созып, меценаттық танытып келеді.

Дәрігер өзі бас болып, «Жас-Ай» журналын шығарып, медицина саласындағы түрлі сұрақтарға жауап іздеп, оқырмандарға ұсынып отыр. Журналдан сіз медицинаның өзекті де өткір мәселелерін оқып, қойған сұрағыңызға нақты жауап ала аласыз.

Нақтылы дерекке сүйенер болсақ, осыған дейін 800 миллион теңгеге тұрарлық 15 мың адамға тегін ем көрсеткен. Бұл — шынымен де айтуға, дәріптеуге тиісті игі іс. Жасан Зекейұлының мұнан бөлек, кез келген іс-шара кезінде жомарттық танытып, демеуші болып жүретінін ел жақсы біледі.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Осы өткен 2016 жылғы желтоқсанында Брюссельден (Бельгия) қуанышты хабар келді. Халықаралық Еуропа медициналық қауымдастығы ОКСФОРД, ЕМА ұйымдарымен бірлесіп, «Жас-Ай» Шығыс-Тибет медицина орталығына «Халықаралық үздік клиника» атағын берді, бұған құжаттары бар екі медалі, № 022 «MEDICAL PRACTICE» сертификаты қоса тіркелген. Осы сыйлықты алу үшін Еуропаға барған Ж. Зекейұлы көптеген білікті мамандармен танысып келді. Қазір Жасан Зекейұлының еңбектеріне Батыс жұрты қызығушылық танытып отыр. «Жас-Ай» медицина орталығына елімізден ғана емес, шетелден келіп емделушілердің саны артып келеді. Бұл тек Жасан Зекейұлының ғана жетістігі емес, елдің жетістігі деп білген жөн. Біз қазақ дәрігерінің бұдан да биік белестерді бағындырарына сенеміз.

Нүрсерік ПЛЕУҚАБЫЛ – журналист

Жаңғыру үдерісіндегі мәдени өзгерістер

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» ел көкірегіне қонып, көңілінен шыққан бағдарламалық мақаласында «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады,» - деп нақты атап көрсеткен.

Осы орайда отандық медицинадағы жекешеленген емдеу, сауықтыру саласындағы «Жас-Ай» медициналық орталығында орын алған дәрігерге тән жалпы мәдениет, кәсіби мәдениет деңгейі, ұжымдағы әріптестер арасындағы жарасымды өзара түсіністік, дәрігер мен науқас арасындағы қарым-қатынас сипаты, дәрігер мен жұртшылық арасындағы байланыс жағдайына зер салған жөн болар. Әрине, қай салада болмасын, әсіресе медицина саласындағы қай мамандықтың иесі болсаңыз да әрқашанда бәсекеге деген қабілет-қарымыңыз бүгінгі заманда алда тұрмақ. Кәсіби мәдениеттіліктің тайға таңба басқандай білініп, танылып тұратын белгісі – осы бәсекеге деген қабілетіңіз болар. Мамандығын бес саусағындай біледі деп берілген бағаның өзі бәсекеге деген ыңғайдан хабар беріп тұрмаған сынайлы.

«Біліміңіз, білігіңізбен ұштасып жатса, осындай қадір-қасиетіңіздің арқасында алдыңызға келген науқас іздеген емін сізден тауып алып жатса, бір жағынан дерт берекесін қашырған, бір жағынан тірлігі тірсектен алып, діңкесін қатырған ауру өзіңізден медет көріп, жақынынан, жанашырынан ести алмай, жаны жабырқап, тәні тозыңқырап жүрген пақыр дәрігерден жүрек жылуы өзектеген, сартап болған сабырына дем беретін сөз естисе, қала емханаларының көбінен емес, бірінен осы арадан «Аллам бұйыртса, сауығармын-ау» деген үмітін үкілеп келген, жүйкесі жұқарған кісіге, денсаулығын жоғалтуға шақ жүрген адамға оны қалпына келтіріп берсеңіз, осы салада ұрпақтан ұрпаққа таралып келе жатқан тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрге «шекеден қарамай», қайта оларды заманауи технологиялармен қиынын келістірсе, сол бәсекеге деген қабілетіңізден хабар береді», – дейді «Жас-Ай» медициналық орталығының Бас дәрігері Жасан Зекейұлы.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «сана ашықтығы» мәселесіне ерекше зейін қойған. Сана ашықтығы мамандығыңыз, қоғам, жұрт тілеуінен шыққан, өзіңіз қалап алған ғылыми тақырыбыңыз бойынша бүкіл әлемдегі әріптестеріңіз рейтингі жоғары арнайы басылымдарда шығарған мақалаларын талдап отырып, өзіңіз ғылымдағы қол жеткізген айтулы жетістіктеріңізді осы журналдарда жариялап төрткүл дүниедегі атақтарынан ат үркетін, мамандардан қолдау тапсаңыз, нәтижелі ізденістеріңіз озық технологиялар қатарынан орын алып жатса және бұлар қатардағы дәрігерлер практикасында қолданысын тапса, осының өзі сана ашықтығын танытады емес пе? Осындай іргелі ізденістеріміздің бірі – ол адамды жасартатын, бойға қуат беретін «Arbat» («Арбат») деген клиникалық сынақтан өткен аппарат. Осылайша ел игілігіне, өз қолымыздан шыққан ұтымды дүниемізді ұсынып отырмыз.

Мәдени ашықтыққа келетін болсақ, «Жас-Ай» медицина орталығында елге қызмет істейтін дәрігер маманның қайсысы болмасын тиесілі деңгейде компьютерді игерген, шет тілдердің (ағылшын, қытай, түрік) бірін мамандық тұрғысынан білуді өздеріне межелі міндет деп санап жүр. Орталықтың абыройы артқан, білімі мен біліктілігі тал бойына жарасқан дәрігерлердің бірі де бірегейі – Нұртазаева Бибігүлдің айтуынша, дәрігер үшін шынайы мәдениет – ол өмірде тандап алған мамандығыңыздың қыр-сырын басқаларға қарағанда жетік білу, мейлінше шектен тыс қарапайымдылыққа салынбай, өз бағанды білу. Әлбетте, қала, облыс, аймақ республика, халықаралық деңгейде өтіп жатқан семинар, конференция, симпозиумдарға қатардағы шақырылғандардың бірі ғана болмай, өз ғылыми-практикалық мән-маңызы бар дайын жұмыс, жобаларыңды

зияткер-әріптестеріңізге ұсыну, олардың қолдауларына ие болу үшін қатынасу ләзім. Дәрігер Б.Нұртазаеваның ойына ден қоя отырып, Омарова Индира, ине терапиясының зерделі, білгір маманы, мінез-құлық прагматизмі туралы ойын былайша сабақтайды:

– Кәсіби біліміңді әрдайым толықтыруға, білігіңді жұрттан асыруға, өмір бойы ғылымға ынталы болуға, қолда бар нәрсемді ұтымды пайдалануға тиістімін ғой. Әріптесімнің табыстарына қуана білуге, қажет болған жағдайда оған көмек беруге, жұмыс істеп жүрген ұжымның ішінара бірлігін бекемдеуге ниеттімін. Оның абырой-мәртебесін көтеруге өз үлесімді қосамын. Сонан соң өзім дәрігермін. Басқа мамандыққа қарағанда жолы өзгеше, жөні басқа, мән-маңызы сөз жоқ, жоғары ғой. Сондықтан менің әр қимылым науқастың қалт жібермес жанарында болған соң, әдемі болып көрінуім керек. Жүзімнен қай кісіге болмасын ізеттілік, шынайы ілтипат есіп тұруы керек шығар-ақ, ауру адаммен сөйлескенде даусымнан ол менен іздеп келген дауаны табатындығын сездіртемін. Мен осы науқас кездестірген басқа дәрігерлерге ұқсамайтынымды, өзім осы кісіге жанымның оған туысындай, бауырындай, жақынындай ашитынын сендірте аламын. Бұған өз мүмкіндігім жетіп тұр. Өзіме тән білігім, бұрыннан келе жатқан ұлттық медицина мен бүгінгі медицинаның заманауи амал-тәсілдер қызметінде үйлесімін тауып жүр. «Жас-Ай» медициналық орталығының Бас директоры Жасан Зекейұлы жоғарыда оқырман назарын аудартқан Нұртазаева Бибігүл және Омарова Индира туралы былай дегені есімде:

– Бибігүл Тұрсынәліқызы өз функционалдық қызметтерін атқаруда үлкен жауапкершілік танытып келеді. Білімді, білікті, заманауи техниканы игеріп, жалпы да кәсіби мәдениетін жетілдіріп жүретін, медицина ғылымының ине терапиясы саласындағы жаңалықтарды қалт жібермей байқап жүретін, өзі өзгеше бір жетік, басқалау бір екпінімен дамып келе жатқан, әке-ана сенімін ақтай алатын, өз тұлғалық болмысын іздеп, науқастардың және ұжымымыздың алғысына бөленіп, өресін биіктетіп, өрісін кеңейтіп жүрген айтулы маман.

Индира Сайлауқызы – өз мамандығын кәсіби шеберлік деңгейінде игерген, дәрігер жұмысының көзге көрінбейтін ішкі иірімдерін қалай білсе, сыртқы қалтарыс-бұлттарыстарын да сондай біледі. Науқас – ауруларының көзге түсіп тұрған белгілеріне қарап, ішкі құрылысындағы құбылыстарын дөп басатын, келешегінен үміт күттіретін медик.

Біздің тағы Бибісара Кеңесқызы деген қызметкеріміз бар. Көзі ашық, көкірегі ояу, иманжүзді, қандай да болмасын ем-шараңды бүге-шігесіне дейін тап-тұйнақтай етеді, емделуге келген науқастың жанын жадыратып, көңілін көркейтіп, ризашылығына кенеледі. Әрқашанда жүзіне күлкі үйіріліп, бойын тік ұстап, ауырып келген қай кісіге болмасын мейірім танытып, тиесілі жәрдем беруге әрдайым әзір екендігін білдіріп те, үлгереді. Өз жұмыс сапасына өзге әріптесінің көзімен қарай отырып, әділ бағасын бере алады. Өзіне де, өзгеге де сыни көзқарас танытады. Ұжым болған соң (жетпістен астам маман бар) бұл мінезін ұнатпайтындар да баршылық. Алайда әділін айтқан соң Бибісарамен келіспейтіндер жақ ашып, ешқайсысы қарсы уәж айта алмайды. Бұл біздің Бибісарамыз тек ине терапиясының топжарған маманы ғана емес, өзі тәп-тәуір қалыптасып үлгерген психотерапевт.

Жасан Зекейұлы, біздің назарымызды аударған Нұртазаева Бибігүл, Омарова Индира, Калиева Бибісараға қарап, ой түзеп те, бой түзеп те функционалдық міндеттерін қойылған талаптарға сай орындап жүрген Солтиева Жазира, Қожақова Әйгерім, Ахынова Гүлнәрдай орталық абыройын көтеріп жүрген мейірбикелер де бар. Астанадағы филиалда Нұрмұханов Даурен сынды білігі жоғары дәрігер жұрттың сый-құрметіне бөленіп жүр. Ауру кісіге деген дәрінің кереметі – дәрігердің өзі болар тегі. Дәрігер мейірбике жұмысына еш шүбәсіз басшылық етеді, оның алуан түрлі қызметі бақылауда болады, түпкі мақсаты, ұжыммен ішінара байланыс сипаты назардан тыс қалмайды. Дәрігер және мейірбике жұмысы бір ұстанымға, бір принципке негізделген.

Осы дәрігермен мейірбике арасындағы жарасымды түсіністік бекемдеген, бір-біріне танытатын сый-құрмет науқастың да бүйрегін бүлкілдетіп, оларға деген сенімін арттырып жақындата түсері хақ. Осындай үш бұрыштан жасақталған (үштік) Одақ құралады енді... Бірлік болмай тірлік болмас деген бар емес пе?..

Осы орталықта емделіп шыққан Алматы облысы, Қырбалтабай ауылының тұрғыны Жамиқан Айнабекованың қалдырған жазбасына көз тігіп көріңізші:



«Жас-Ай» медицина орталығының Алматыдағы ғимараты

«Қырбалтабай ауылынан келе жатқанда Қызыл ту ауылының маңында жол-көлік апатына түстік. Бұғанам сынды, №4 қалалық ауруханада алғашқы ем алуды бастадым. Алты ай аурухана төсегіне таңылып жаттым. Алты айдан соң сынған сүйектердің арасына темір салып ота жасады. Бір жарым жыл өткен кезде темірді алды. Үш жылдан соң ота жасаған жер іріндей бастады. Ота жасаған ауруханаға барып едім, олар біз алмаймыз деп қайтарып жіберді. Қаскелендегі аудандық ауруханаға бардым, ол жердегі дәрігерлер бір жіп алды да «енді дұрыс болады» деп жіберді. Іріңі тоқтамаған соң қайтадан бардым, олар тағы бір жіп алды. Іріңнің тоқтайтын түрі көрінбеді. Ауруым жанымға әбден батты. Шыбын жан тәтті ғой, ақыры келініме: «Өзің қарап көрші, тағы бірдеңе қалып қойған болар, қорықпай өзің алып тасташы» дедім. Келінім тағы екі жіпті суырып алып шықты. Ақыры ауруханаға тағы да көрінуге тура келді. Қатты соққыдан омыртқаларым да зақымданғандықтан өздігімнен қозғала алмаймын. Іріндеген жер де маза таптырмаған, өте қатты ауру мендеген түрімді көріп, №7 қалалық аурухана дәрігерлері «екі ай ғана өмірің қалды» деп шығарып салды. Осылайша бұл өмірден, ем-домнан күдер үзе бастаған шағымда «Жас-Ай» медициналық орталығын «Алатау» шипажайында істейтін қызым тапты.

Арбаға таңылып өлі-тірінің арасында келген едім. 2 курстан кейін тұрып, өзім жүре алатын болдым. Одан кейінгі курс еміме арасын ұзартпай келмекші едім, бірақ Алланың ісі ғой, інім, келінім қайтыс болып, уақытында келе алмадым. Енді міне 3 курс емге келіп отырған бетім. Көріп отырғандарындай, өзім қозғалам, жүріп тұра алам, іріңім тартылды.

Біздің медицина дәрігерлерінің қолынан келмеген ем-шараларын осы жерден ғана таптым. Сондықтан не дейін, осы Орталық шипа іздеп келген жандар, мен сияқты алғыстарын қалдыра беретін, қанатын кеңге жайған, үлкен қасиетті ордаға айналсын! Жасан баламның дені сау болсын! Халқын қуанытып, асқынған дерттерінен айықтырып, бақыттың төрінде болсын!»


Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында жаңғырудың басты шартын былайша алға тартады: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіз күр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

«Ұлттық код»... Код ұғымын әркім әр қалай түсініп, қабылдайды. Біздің ұғымымызда «код» сүйіспеншілік өзектеген жад. Ата-бабанды, әкенді, ананды, бауырларыңды, жанашыр жақындарыңды, тума-туысқандарыңды, дос, жолдас-жораларыңды жадында сақтау, олар қадірлеп, қадағалап ұстанған ұстанымдар мен салт-дәстүрлерді құрметтеп, туған жеріне, еліңе, елдесіңе, жерлесіңе, халқыңа деген сүйіспеншілігіңді айтпай, жарияламай, қызметіңмен, игі әрекетіңмен білдіру, олар алдындағы үлкен жауапкершілікпен азаматтық парызыңды өтеу.

«Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген өмірлік қағиданы мықты ұстану.

Ал енді жоғарыда келтірілген Жамиқан Айнабекованың жазбасындағы мына сөзіне сәл тоқталсақ «Ота жасаған Алматыдағы №4 қалалық ауруханаға барып едім, олар біз емдей алмаймыз» деп қайтарып жіберді.

...Іріндеген жер де маза таптырмай өте қатты ауру мендеген түрімді көріп



«Жас-Ай» медициналық орталығының Астанадағы ғимараты

№7 қалалық аурухана дәрігерлері «екі ай ғана өмірің қалды» деп шығарып салды. Күнделікті тіршілігімізде өмірлік (ғұмырлық) маңызы бар мәселелерге мән бермеуге үйреніп алдық па?..

Осындай мәселелерді көтеруге, бұлармен байланысты сұрақтар қойып, жауап алуға қысылып-қымтырылып қалатынымызды қалай түсінуге болады. Осы ұят дегеніміз не?

Ұят бұл ел, қоғам алдындағы өзіңіз жасаған келеңсіз әрекетіңіз үшін өзіңізді өзіңіз тартатын жауапкершілік болар тегі. Ұяты жоқ адам - адам ба екен сірә.

Ал біз үмітімізді үкілеп, осы менің жебеушім, осы менің қамқоршым, мені тек осы ғана емдеп, қатарға қосады деп жүрген дәрігерімде ұят болмаса... Онда ол қандай дәрігер, ә-ә-ә...

Жүсіпбек Аймауытов сынды Алаш қайраткері былай деп бір ойын түйіндейді: «Ойланыңыздар: халық біз үшін емес, біз халық үшін туғанбыз, олай болса, мойнымызда халықтың зор борышы, жүгі жатыр».

«Естімеген елде көп» деген бар, медицина қызметкерлерімен 34 жыл бойы аралас-құралас болып жүрмін. «Екі ай ғана өмірің қалды» деп айтылған сөз еңсесі биік елдігімізді, іргесі сәгілмес бірлігімізді ұлықтайтын дәрігерге жараса ма екен. «Жақынымды – жаным, жатты – өзім» демей-ақ, осындай көзқарасын ісімен танытатын дәрігерлеріміз қайда кеткен...

«Дәрігер жанның басқа мамандық иелеріне қарағанда кемел үш сипаты болатын көрінеді: ол – ақыл, сезім, қайрат» дейді бұқара. Осы дәрігерлердің биоэтика деген ғылымнан хабардар болар деп ойлаймын. Биоэтика талаптары бойынша,

ауру адамның құқықтары медициналық агрессиядан қорғалады заң ретімен. Ал біздің медиктер науқастардың құқықтарын неге аяқ асты қалады? Байқасақ, ауру адамдарға агрессияны жасайтын ақ халатты абзал жандар. «2 ай ғана өмірің қалды» деп науқас анаға айтылған дәрігер сөзін неменеге балауға, қалай ұғуға болады екен.

Дәрігерлер арасында нас адамдар бар деген қауесетке сенбейтін едім. Ақ халат киіп алып жүргенін не қылайын, егерде жаны нас дәрігердің аузынан лас сөз еститін болсақ. Біздің медициналық жоғары оқу орындарында негізінен нарық қояр талаптарға сай медицина мамандарын дайындап жатыр. Жақсы ғой. Жақсы десе жан семіреді, жаман десе жан күйінеді демей ма қазағым. Ал осы ЖОО-да келешек мамандарына неге адамгершілік, азаматтық, тұлғалық – қасиеттерді ойларына, бойларына дарытпай, дамытпай жүр...

«Тәні саудың – жаны сау» деген қанатты сөзге бір қатарымыз мән бере бермейміз. Орысша айтылатын «в здоровом теле здоровый дух» тіркестің қазақша баламасы болғандықтан ба... Әсілі латын тіліндегі түпнұсқасы былай келтіріледі екен: «жаны саудың тәні сау» (яғни орысша айтсақ «Дух здоровый – в теле здоровом»). Байқасаңыз, жан алға қойылып тұр ғой. Жамиқан Айнабековаға «екі ай ғана өмірің қалды деп» ауруханадан шығарып салған дәрігер жан деген ұғымнан хабары бар ма екен. Оның денесі (тәні) сау болар тегі.

Ал жаны сау ма?

Жалпы дәрігер ауруға кісілік танытып, сый-құрметпен қарайтын болса, оның абыройы артады, беделі бекемделе

түседі, жақсы аты атырапқа жайылары хақ.

Осы сөзімді салмақтау үшін мына бір дерекке жүгінеміз. Бұл Қарағанды облысы Балқаш қаласының тұрғыны Кеңес Қожабаевтың «Жас-Ай» медициналық орталығының журналына қалдырған жазбасы.

«Аты-жөнім Кеңес Қожабаев, Қарағанды облысы Балқаш қаласынан келдім. Бүгін «Жас-Ай» медициналық орталығына ем алып жатқаным 9 -күн.

Мұнда алғаш келгенімде денсаулық жағдайым өте нашар болатын. Өзімді ауырсынып, мазам болмай өзер жеттім. Балқаш қаласында жүргенде күнделікті қан қысымым көтеріліп, ауыра бергесін, жергілікті емшіге қаралғанмын. Ол алғаш барған күні арқамның 12 жерінен қан алды. Сосын «он төрт күннен соң тағы кел, басыңнан, аяғыңнан қан алдыр, ары қарай сауығып кетесің, қан қысымың түседі, қан айналысың жақсарады» деп мені сендірді.

Шынымды айтсам, арқамнан қан алған соң сауыға алмадым, сөйтіп олар айтқан күні тағы бардым. Барған соң басымнан сегіз жерден, аяғымнан 6-7 жеріне банкі арқылы қан алды. Содан бастап жағдайым нашарлай берді, түні бойы тыныш ұйықтай алмаймын, тамаққа да зауқым жоқ, күн сайын әлсірей бердім. Ал көзім ілінсе, қалтырай бастаймын. Алматыда «Жас-Ай» медициналық орталық бар екенін, Балқаш қаласынан келіп ем алып, сауығып қайтқан таныс-білістерден естідім. Сол орталықтың жанынан шығатын «Жас-Ай» журналын да қолға түсірдім.

Сөйтіп, бар үмітімізді арқалап, сонау Орталық Қазақстаннан Алматыға сапар шектім. «Жас-Айға» бірінші келгенімде Жасан Зекейұлы қабылдап тамырымды ұстады. Содан «Жүрегіңізге қан дұрыс жетіспей тұр ғой, қандай ем алып жүр едіңіз?» деп сұрады. Мен Балқашта жеке емшіден ем алғанымды, олардың көп мөлшерде денемнен қан алғанын баяндап бердім. Жасан ағаның айтуынша, олар қанды дұрыс алмаған, жүрекке қан тасымалдайтын қан тамырдың үстінен қан алған. Дене қуатым әлсіз екенін біле тұра, иммунитет көтеретін дәрі беріп, укол салмады. Сөйтіп, менің жағдайым нашарлай берді.

Жасан Зекейұлының тамырымды ұстап отырып, айтқан диагнозы менің жалпы жағдайыма толық сәйкес келді. Шын мәніндегі ғылыми жүйеге негізделген орталыққа келіп, атағы алты Алашқа жайылған дәрігерден ем алғанымға қуанамын. Мұнда бәрі таза, медициналық құрал-жабдықтар да заманауи.

Қазір Аллаға шүкір, бәрі жақсы, денсаулығым қалпына келгендей болды. Алғашқы күнен бастап шөп дәрілерді ішіп жатырмын, ал дәрілер құрамы түрлі емдік

шөптерден тұрады екен, қан айналысын жақсартып, әлсіздікті жояды. Жасан Зекейұлының көмекші дәрігері Бибісара Қалиева жағдайымды үздіксіз қадағалап жүрді. Қан айналысын жақсарту мақсатында нүктелі уқалаулар жасады, банкі алдым. Жалпы осы Орталыққа келгеніме өкінбеймін. Дұрыс шешім қабылдаған екенмін».

Міне көрдіңіз бе Кеңес Қожабаев үшін ең қажет дәрі – ол Жасан Зекейұлы жүрегінен шыққан жылы сөз, жанарынан төгіліп тұрған мейірім, дауысынан танылатын бауырмалдылық. Жоғарыда жан туралы ойымызды тарқатпай жанай өте салып едім.

Енді сәл де болса бұған кідіргеніміз жөн болар. Осы жан хақында дара дана Абай өз ойын былайша кестелейді: «Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық. Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілмен қарамадық. Көңіл айтып тұрса сенбедік, көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады екен деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Өз білгенің – зіне, өз білгенім – өзіме, кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылыңмен жарлы бол» деген дейміз. «Ой, тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің! – дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса, ұқпаймыз». Абай (Ибраһим) Құнанбаев.

«Абай сөздеріне зер салып, ой таразыласақ, – дейді Жасан Зекейұлы ақиқатында тәнді тән қылатын, адам денсаулығын табиғи қалпында ұстайтын бойымыздағы қайнар көздің аты – жан ғой. Ғұмыр бойы кісіге жан билігін жүргізсе, тұла бойымызға жарасатын парасат, байсалдылық, кімге де болмасын көрсетілетін сый-құрмет-бәрін, танысыңды, бейтанысыңды – жұртты өзіне магнитше тартып тұрады. Көңіл айтып тұрса, сенесің де. Көзбен көрген нәрсенің сыртын місе тұтпай, ішіне үңіліп, не барын білгің келеді. Өзіндегі зерттеуші пейіліңе ырық бересің. Тоғышарлықтан, бойкүйездіктен аулақ жүресің ғой. «Кімнен кім артық дейсің?» деген ықыласта жүрген пақырлар қаншама?! Оларға қарап ашынасың, ызаланасың. Абай айтқандай, «қайнайды қаның, ашиды жаның мінездерін көргенде».

Абай жазған қазақтың «Кімнен кім артық дейсің?» деген сөзін ойлап, айтып үлгергені сол, кең, еңселі, етек-жеңілді еріксіз жинайтын кабинетке жиналысқа келген ұжым мүшелері сау ете түсті. Мен де сол сәтте шығып жүре бердім, бұлардың аяғына оралғы болмай. Кабинетіне кірерде Бас директор хат-

шысы Шолпан Құнанбаева «Басшының уақытын көп алмаңыз, он бес минуттан кейін жиналыс басталады» – деп ескерткен еді.

«Кімнен кім артық дейсің» деген Абай келтірген біреудің сөзін Жасан Зекейұлы толқып, толғанып айтқаны есімде. Мен де бұған қарайлап, ой аулайын деген ниетте болдым.

Кімнен кім артық... Кімнен кім артық қой! Артық болғанда қандай! Бұл әлемде жаратушы Алла бәріне бірдей тепе-тең қылып берген ештеңе жоқ. Біреуде бар дүние екіншісінде жоқ. Философияға соқтықпай, айтар болсақ.

Жамиқан Айнабекованы емдеген бір дәрігер (өкінішке қарай, оның тегі, аты-жөні келтірілмеген қолымдағы жазбада) науқас ауруын жазбақ түгіл, ауруханаға қабылдамаған ғой.

Қарағанды облысы, Балқаш қаласының тұрғыны сол жердегі емші Кеңес Қожабаевтың жағдайын бұрынғыдан бетер қиындатып жіберген. Ал осы екеуі ауруына шипа, дертіне зәру дауаны «Жас-Ай» медициналық орталығының бас дәрігері, профессор Жасан Зекейұлынан тапқан екен. Сонда сіз де бұл жәйді таразылап көріңізші: кімнен кім артық...

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында қай-қайсымызға да ой салып, назарымызды мына мәселеге аударады.

1. Бәсекелестік қабілет қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе Жаһандық нарықтағы бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады.

Алматыда жеке меншік қарауындағы қала тұрғындарына медициналық көмек беріп жүрген орталықтар жетіп артылады. Ал осы Орталық 80000 науқасты сауықтырды, 10000 адамды тегін құлан-таза айықтырды, 5 000 отбасына бала сүю бақытын сыйлады. Бұдан басқа қаламыздағы жеке-меншіктегі орталықтарға Алматы тұрғындары келіп ем алып жүрсе, «Жас-Ай» орталығына Алматы қаласынан ғана емес, республикамыздың түпкір-түпкірінен, Қырғызстаннан, Ресейден, Қытайдан қала берді Австриядан (Еуропа)- шет елдерден ауруына шипа іздегендер легі толастар емес, күннен күнге қатары қалындап келеді. Бұл көңіл толарлық жәйіт нені білдіреді?

Науқастар басқа емхана, аурухана-лардағы медицина мамандарынан естіп те, көріп те білмеген, еш кезіктірмеген, классикалық білімге, ерек білікке негізделген нұсқалы, кімді болмасын (ауруды ма, сауды ма) риза қылатын жалпы мәдениет өрнектеген кәсіби мәдениеті бар, аурудан, дерттен сауықтыратын әлуеті бар мамандар қызмет істейтін, кіріптар болып келгендерге тума-туысындай қарсы алып, жаны ашып тұратын ақ халатты абзал жандар жеп-жеңіл қалпымен жүгіріп жұмысын істейтін орталыққа тәңті болып келуі бесенеден белгілі ғой. Бұлар ауруға шалдыққандарды 60 орындық ауруханасына айлап жатқызыбай бағам (курс) анықтаған күн ішінде аяқтарынан тік тұрғызып, үйлеріне қуанып шығарып салады. Бұл – бұл ма, мұнысымен де «Жас-Ай» орталығы қанағат тұтпайды. Үйіне, отбасына сағынып жеткен сауыққандарға телефон шалып, Орталықта алған емдомның қуатының ұзақтығы қаншалықты екенін білгісі келіп тұратынын қайтерсіз. Елбасы мақаласында шынайы мәдениет туралы былай пайымдайды: «Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану. Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыда жетілуге басымдылық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез құлықтың прагматизмі деген осы».

Елбасының бұл мақаласын «Жас-Ай» орталығының Бас директоры, бас дәрігері өз күнделікті жұмысына басшылық етеді, ізденістерін келешегіне бағдар қылып жүр. Бұл ұжымның әр мүшесі Елбасы мақаласын кітапша қылып ап, көзінен жазбай, қолынан тастамай, өз шығармашылық жолындағы рухани жетекшісіне айналдырып алған.

Жасан Зекейұлы Елбасы айтқан мінез-құлық прагматизмі арқасында ел жүрегі – Астанада «Жас-Ай» медициналық орталығының филиалын ашты. Осы бөлімше Астана жұртшылығына ғана емес бүкіл Солтүстік Қазақстан өңіріндегі халыққа қажетті медициналық қызметін қазіргі заман талаптарына сай атқарып келеді.

Енді сәл де болса, бірге ойлап көрейік, «Кімнен кім артық», егерде еліміздегі жұмыс жасап жатқан жекешеленген медицина орталықтары басшыларының істеген еңбектерін таразыға салсақ.

Сейітзада ӘСЕМБЕК,
Мәдениет танушы

Шығыс-Тибет медицинасының қыр-сыры

Жасан Зекейұлы жақында ғана ОКСФОРД АКАДЕМИЯЛЫҚ ОДАҒЫНЫҢ және МЕДИЦИНА САЛАСЫ БОЙЫНША ЕУРОПАЛЫҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АССОЦИАЦИЯНЫҢ ДОКТОРЫ ӘРІ ҚҰРМЕТТІ ПРОФЕССОРЫ атағына ие болды. Елге оралысымен-ақ республикалық және өңірлік мерзімді баспасөздер мен теле-радио арналары жиі сұхбатқа шақырды. Назарларыңызға кезекті «Атырау» телеарнасының «Бізбен бірге» бағдарламасында берген сұхбатын ұсынамыз.



«Атырау» телеарнасының ұжымымен

1-жүргізуші: Бүгінгі бағдарламаның тақырыбы «Шығыс-Тибет медицинасының қыр-сыры» деп аталады. Ендеше, бізге хабарласып, сұрақ қойғыларыңыз келсе, ойларыңызбен бөліскілеріңіз келсе, байланыс нөміріміз әдеттегідей.

2-жүргізуші: Бүгін сөзсіз сауал көп болатыны белгілі, өйткені біз адамның басты байлығы – денсаулық хақында әңгіме өрбітетін боламыз.

Ендеше осы ойды өрбітіп, әңгімелерін студияға алып келген, халықтың азаматы, медицина ғылымдарының докторы, профессор, академик, «Құрмет» орденінің иегері, ҚР «Ерен еңбегі үшін» медалінің, халықаралық Сократ орденінің иегері – Жасан Зекейұлы.

Аға, қош келдіңіз!

Жасан Зекейұлы: Асса-лаумағалейкум, қадірменді көрермен! Бүкіл қазақ елі, Атырау

жұрты. Сіздерге иіліп сәлем берем. Осындай қара балаларыңыз «кәрі құрлықтан» келіп сіздерге сәлем беріп жатыр.

2-жүргізуші: Кәрі құрлық деп текке айтып жатқан жоқсыз. Әйгілі Швейцарияда өткен, бүкіл медицинаның майталмандары, білгір мамандары жиналған әлемдік конкурста ағамыз бас бәйгені қанжығасына байлап, осы сүйінші хабармен Атырау қаласына келіп отыр. Құтты болсын, аға!

Жасан Зекейұлы: Кеше ғана әкімдеріңіз арнайы қабылдап, сол кісінің тапсырмасы бойынша бүгін облыстық ауруханаларды, біраз клиникаларды көріп шықтым. Біраз адамдарға тегін консультация беріп, ол кісілердің де батасын алып келіп отырмын. Енді тікелей эфир арқылы да бүкіл халыққа өздерінің жанында жүрген, Шығыс-Тибет медицинасы деген не? Шығыс-

Тибет медицинасының бастауы – әл-Фараби, ибн-Сина, бертін Өтейбойдақ бабаларымыз туралы сұрақтар болса, мен жауап беруге дайынмын.

2-жүргізуші: Швейцариядан жеңіп келген олжаңыз жайлы айта кетіңіз?

Жасан Зекейұлы: Осыдан бір ай бұрын шақырту алдым. Бұл шараны әлемдегі 49 мемлекеттен жиналған ғалымдар еңбегін бағалайтын Швейцариядағы арнаулы сараптау десе де болады. Өткен 2016 жылы 3 жылдық сараптау бәйгеде біздің «Жас-Ай» клиникасы «Халықаралық үздік клиника» атағына ие болды. Енді биылғы ақжолтай жаңалық «Жас-Ай» медициналық орталығының төрағасы ретінде, медицина ғылымының докторы ретінде көптеген жаңалықтарым мен патенттерім негізінде, кейінгі халыққа жасап жатқан шынайы еңбектерім жоғары бағаланыпты.

Кәрі құрлықта 3 шілдеде Швейцарияның Люцерн қаласының арнаулы сарайында керемет марапаттаулар болды. Бір күн бойы жүрген ғылыми конференцияда жетістіктер үш тілде баяндалды. Сол жерде өз жетістіктерімізді әлемнің ғалымдарымен бөлістік. Кейбір шаруаларда уағдаластыққа қол жеткіздік.

Бұл шараның негізгі ұйымдастырушысы – Оксфорд ЕХА-ның (Еуропа Халықаралық Ассоциациясы) төрағасы, Нобель сыйлығының иегері – Жон Гиттингит.

Медицина саласындағы сыйлықтың иегері Венса Костика деген ақсақал екеуі екі жағымда отырып, жиналыс соңынан менің еңбектеріме баға берді.

«Бұл шығыс еліндегі, Азиядағы бірінші беріп жатқан медаліміз. Өйткені бұл жәй берілмейді,

халыққа жасаған шынайы еңбек бағланады» дегенді екеуі де қадап айтты.

Менің 15 мың адамға тегін көмек жасағаным ол кісілерге бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жеткен. Ғылыми еңбектерім, жазылмас дерттер, инсульттар, төрт мыңға жуық жүре алмайтын кішкентай салданған балалардың жазылып кетуі олардың үлкен қызығушылығын тудырған.

Сонымен қатар, қазіргі аурудың жасарып кеткені де үлкен мәселе болып отыр. Мысалы, бел омыртқаның жарықшалары 15-18-дегі балаларға шейін қазір жасарып кетті. Соған байланысты ғылыми зерттеу кітаптарымның аударма нұсқасымен де таныс болыпты. Әлем бойынша актуальды болып отырған тағы бір нәрсе: адамзат ұзақ өмір сүре ала ма? Адамды жасартуға бола ма? Сол тақырыптарға менің «АІВАТ» және «АРБАТ» атты магниттік сағатқа негізделген аппараттарым жақсы бағаланды. Және 48 пайдалы шөп-дәрілер қосындысынан жасалған «Жасарту тұнбасына» да сұраныс көбейді.

Бұл тұнбаның адамның организмін жасартуға мүмкіндік табатынын ол кісілер дәлелдеп беріп отыр. Міне осылайша қатаң саралаудан кейін бізге үлкен әлемдегі барлық бірлестіктердің басын біріктіріп отырған ЕМА (Еуропалық Халықаралық Медицина Ассоциация) және ОКСФОРД тарапынан құрметті Оксфордтың профессоры атағын, және өзіңіз көрсеткен дипломдағыдай доктор дипломын бірге табыстап, мойныма алтын алқа тақты. Сол жиналыста еліміздегі «Хабар-24» телеарнасының тілшілері болды.

Қазақ елінің туы желбіреп, «Қазақстан» аты шыққан кезде жүрегім елжіреп, бұл маған емес, осындай көш бастап отырған, осындай 26 жыл екі ғасырға жетерлік жетістік алып келген Елбасымызға, қазақ халқына деген құрмет екенін сезіндім. Бұл марапат маған бір міндет жүктегендей. Жұмысымды бұдан да әрі қарай жалғастырып, халықтың өмірін ұзартуға, жазылмас дерттерді жазуға шабыт бергендей.

1-жұргізуші: *Жазылмайтын дерттерге ишпа болатын ем туралы қандай еңбегіңіз қорғалды.*

Өзіміздің Қазақстанда осындай қиын ауруларды емдеуге қол жеткізе аламыз ба?

Жасан Зекейұлы: Сол кешкі марапаттауда екі Нобель сыйлығының иегерлері директорларымен бір үстелде отырып, дастарқандас болдым. Жанымда Тайваньнан келген доктор болды, ол кісі қытайша жақсы сөйлейді. Мен қытай тілін шетелден диаспора болып келгеннен кейін ұмыта қойған жоқпын. Қытай ұлтынан шыққан білікті дәрігер жетекші болған.

Сол отырыста қытай тілін ана тілімдей емін-еркін сөйледім. Қытай докторы ана кісілермен ағылшынша сөйлесіп отыр. Сөйтіп, ол кісілер Шығыс-Тибет медицинасына қызықты, тамыр ұстап диагноз қойғанымда менің айтқаным, компьютерлік тексерулермен сәйкес шыққанда – тіпті таң-тамаша болды.

Медицина саласына жауапты Винчесса деген ақсақал кісі: «Қазақстан даму үстіндегі мемлекет. Біз сол даму үстіндегі мемлекетке инвестицияны құюымыз керек. Астанада халықаралық ЭКСПО көрмесінің өтіп жатқанынан хабардармыз», — деді. Алдағы уақытта бұл жиынды Қазақстанда өткізуді жоспарға алды. Өркениеттілігін, мәдениеттілігін көрсете отырып, танымдық дискілерімді, менің апарған фильмдерімді көріп, үлкен шабыт алды.

Сол жоспар іске асып, екі мемлекет арасында Кәрі құрлық пен Азиядағы Қазақстанда үлкен жол ашыла ма деген үмітім бар. Өйткені олар өздері келіп, инвестиция құйып, медицинаны әрі қарай дамытқысы келеді. Біз Еуропа, шығыс-батыс демей ақ дәстүрлі, дәстүрсіз демей-ақ біздің емдейтініміз ортақ – адамзаттың өмірі. «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым» деп Абай атамыз айтқан.

Біздің қонақжайлығымызды, даламыздың кеңдігін, табиғаттың, судан тартып біздің төрт түлік малымыздың қандай таза сақталғандығын көріп қайтса, бүкіл әлемдік ұйымдар медицинамызға, туризм саласына инвестиция салар.

2-жұргізуші: *Шығыс-Тибет медицинасының ем-домдары қалай жұргізіледі?*

Жасан Зекейұлы: Шығыс-Тибет медицинасының ем-домдарына біз көп уақыт ізденіс жасадық. Оны тек 5 мың жылдық тарихы бар Қытай мемлекетіне ғана меншіктеп тастауға болмайды, бұл – Шығыста ғасырлар бойы дамыған ортақ медицина. Әл-Фараби, Ибн-сина, Өтейбойдақтар кезінде даланың шөбімен, тобылғымен, таяқтың ұшымен белдің шойырылғанын кетіріп, талай ғасырлар емдеп, қазақ елін, әсіресе бүкіл шығыс елін аман-есен осы әлемге алып келді. Біздің данышпандарымыз болмаса, қазақ аман-есен осы заманға жетер ме еді?

Сондықтан шығыс-тибет медицинасын бір елге ғана таңып қойып, одан өзімізді алып қашу дұрыс емес. Бұл бір саясаттың, кейінгі пайда болған жалаң идеялардың салқынынан қалыптасқан түсінік.

Жақында Алматы облысы әкімдіктің қолдауымен мемлекеттік тапсырыспен екі кітабым жарыққа шықты. Бұл жоғары оқу орындарындағы студенттер, кәсіптік білім беретін мекемелер оқушылары оқитын кәдімгі құрал. «Акупунктура» және «Беломыртқа аурулары» атты қос кітап медицина мамандарын даярлауда өзінің өлшеусіз үлесін қосатын болады.

Бұрын «ине терапиясы адамның организмінде нүктелерді оятып, жандандырып емдейді» деп келгенбіз. Ал менің жаңа теориям бойынша «ине терапиясы адам организмінде жаңа клетка тудырады».

Әрбір клетканың 70 пайызы судан, 109 элемент қалған 30 пайыздан тұрады. Яғни, тіпті тамақтың өзінде де Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) кітабында да тұр «Асқазанның 3/1-і газбен, 3/1-і тамақпен, 3/1-і сумен толсын», - деп.

Сондықтан күнделікті тіршілікте жақсы сүзілген судан кем дегенде 18 жасқа толған адамдар 2,5-3 литр ішу керек. Шәй су болып есептелмейді. Таза судың өзін ішу, немесе көк шәй ішу керек. Адам өз асқазанын өзі қинап, бәрін жей бермегені дұрыс.

Көрефмен: *Менің Жасан Зекейұлына сұрағым мастопатия ауруына қатысты. Бұл ауруға шалдыққандарға қандай кеңес бере аласыз?*

Жасан Зекейұлы: Біздің орталықта тегін консультация беретін «www.jasai.kz» сайты жұмыс істейді. Сол жерге маммологқа түскен УЗИ-дің қағазын жіберсеңіз де болады. Егер мүмкіндік болса, Атыраудан болсаңыз, студияға келіп кетіңіз. Біз өспені өлшеуіміз, тексеруіміз керек. Ол тек жиналып қалған бездің үйіндісі ме, жоқ майдың ғана үйіндісі ме, жұмсақ па, қозғала ма, соған қараймыз.

Тіпті практикамызда жұмыртқаның көлеміндей мастопатияны толық айықтырған болатынбыз. Сіз даусыңыздан әлі жас көріндіңіз, пышақ тигізіп, тыртық қылуға болмайды. Омыраудағы түйінді жоғалтамыз. Гормондық өзгерістеріңізді ретке келтіреміз.

Көгермен: Мен Атырау қаласындағы онкологиялық орталықта қаралып жүргем. Осыдан бір жарым жыл бұрын операция жасалды.

Жасан Зекейұлы: Шынын айтқанда, таяқтың бір ұшы өзімізге де тиеді. Мен де хирургпін. Көбінің айтатын сөзі – «Кесе саламыз». Өткен жолы бір кісі сапсау тіземен дәрігерге барса, «темір сап береміз» депті. Ол мемлекеттің бюджеті ғой, оны шашуға болмайды. Пышақ тигізгеннен кейін ол қан арқылы тарайды да, басқа жақ арқылы шығып кетеді. Біз әуелі сізді көрейік. Сосын шешім айтамыз. Ең дұрысы – операцияға асықпаңыз, қарындасым.

Көгермен: – Маған гормондық дәрілер тағайын-дады. Соларды қабылдап жүрмін.

Жасан Зекейұлы: Гормондық дәрілеріңізді тоқ-татыңыз. Егер ол дәрілерді тоқтатпасаңыз, онда өмірбақи сол дәріге тәуелді болып қаласыз. Жақында ғана Астана қаласында болдым. Мақпал деген журналист қызды 3 жыл болған гормондық дәрілерге отырғызып тастапты. Қылдай боп азып кеткен. Қырым ет жоқ, иммунитет жоқ – ақыры ол қайтыс болды. Мен сіздің диагнозыңызды қанша уақыт болса да көріп беруге дайынмын. Содан кейін ақылдасып шешейік. Кесем деген адамдармен өзім сөйлесем. Өйткені мен мейірімділікті өте жақсы көрем.

Осының алдында Нұргүл деген қыз бала келді клиникама. 4 сағат күтіп отырып кірді. Сонда: «Аға, менің әке-шешем жоқ,

жетіммін. Қоянжырықтығымның салдарынан университетке түсуге ұяламын. Осының азабынан елдің бетіне де қарай алмаймын» – деді. Оның кемістігі тума екен. «Республикалық клиникаларға барсам, 350 мың теңге тауып кел, мен ондай қаржыны қайдан табам» деп шырылдады. Біздің орталыққа бизнесмендер келіп, «жағдайы жоқ науқастарға көмек болсын» деп қаржы аударып кететін жағдайлар да болып тұрады. Мен ол қаражаттың бір тиынына да тиіспей, осындай кездерде қарайласып отырамын. Есепшіме айтып жаңағы қыздың есепшотына ақша аударттым. Ота жасалды. 20 шақты күннен соң қызды көрдім. Әп-әдемі қазақтың қызына айналып шыға келді. Оқуына да түсті, тұрмысқа да шықты.

Жүргізуші: Күпия болмаса, қандай инелерді пайдаланасыз?

Жасан Зекейұлы: Әрине инелердің күпиялары бар. Бірі – Хуатоу Шығыстағы бренд ине. Бірақ біз жалғыз ол инені ғана пайдаланбаймыз. Бірі – аурудың салмағына байланысты. Егер температура жоғары болса, суық тиіп өт қабы зақымдалған болса, оған бөлек ине істетеміз. Кейбір алтын булаған инелер болады, оны әлсіз балаларға, жүре алмайтын балаларға қоямыз. Әр иненің өзінің өлшемі бар. Мына «Акупунктура» кітабы шықты. Алдағы уақытта рұқсат болса, барлық медициналық оқу орындарына кіріп дәріс беру ойымда бар.

0,2 мм-лік көзге қоятын инеден бастап 15 см-ге дейін жететін инелер бар. «Не үшін?» дейсіздер ғой. Кей адамдар тым толық болғандықтан теріге кіріп тұруы керек. Яғни аурудың түріне жасына, үлкен-кіші болуына қарай инелер де бөлінеді.

Бұрында Тибетте 18 шөпті алады да темекі қойғандай күйдіретін болған. Мен 1994 жылы алғаш келіп осыны өзгерттім. Мен «неге теріні ғана қыздырамын адамның денесіне ине кіріп тұр, неге инені бойлап қыздырмаймын» деп ойладым. Ине арқылы денеге жылу тез барады, содан адам тез айығады. Бұл да жаңалық болды.

Жүргізуші: Дәл қазір хабарласқан көрерменіміз бар екен, байланысқа қоссақ,

Көгермен: Жасан Зекейұлы, сәлеметсіз бе? Маған осыдан 2 жыл бұрын ота жасалған. Онкологиялық дерттің 3- кезеңі. Қазір химиотерапия алып жатырмын. Жағдайым жалпы жаман емес. Бірақ химиотерапия алмасам, анализім асқынып кетеді. Сіздің орталықта осыған байланысты қандай емдер жүзеге асады?

Жасан Зекейұлы: Мен сіздің жағдайыңызды өте жақсы түсінем. Кезінде отаға дейінгі, отадан кейінгі асқыну жөнінде кандидаттық жұмыс қорғаған болатынмын. Дүниенің қай бұрышына барсаңыз да химияның емі де, қоятын диагнозы да бірдей. Бірақ оны «қай сатыда қоямыз, қашан демалдыру керек?» деген маңызды сұрақтары бар. Сіздің тамырыңызды ұстау керек еді, сізде әлсіздік басталды ма, иммунитет төмендеді ме соны білу керек. Сондықтан қазіргі сәттен бастап ешкінің сүтін тауып ішіңіз. Содан кейін сәбізді араластырып, жас малдың, жылқының қабырғасын 5 см-ден кесіп, 2 сағат қайнатып ішіңіз. Иммунитет көтерілсе, химия анализіңізде көтеріледі. Мен сізге иммунитетті көтеретін шөп берем, содан кейін химияны тоқтатуға болады.

Жүргізуші: Тағы да хабарласқан көрерменіміз бар екен, байланысқа қоссақ,

Көгермен: Жасым 62-де. Жыл жарымдай болды бір құлағым естімейді. Жергілікті дәрігерлер нерв жүйесіне байланысты дейді. Құлағымның барабаны сау, таза лайтын ештеңе жоқ. Біраз жерге қаралдым. «Біз бұған ештеңе жасаймаймыз, жасыңызға байланысты боп тұрған нәрсе» деп шығарып салады. Осы туралы кеңес алсам деп едім.

Жасан Зекейұлы: Енді мына «Акупунктура» кітабы сіздің қолдарыңызға тимей отыр. Онымен танысқаннан кейін көп нәрсені өздеріңіз де біліп алар едіңіздер. Негізі сіздің жағдайыңызды кәрілік деп айту қате. Сіздікі – ауру. Мүмкін қатты жылдамдықпен төмен түскенде құлағыңызға жел кіріп, нервыңыз суықтаған болуы мүмкін.

Шығыс емінде 700 нүктеге жалғасатын 24 меридиан бар. Соның 500-і құлақта орналасқан, сол жерде ақау боп тұр. Біз сол каналдарды ашып, ем жасап береміз.

Су қараңғыларды да емдеп жатырмыз. 90-дағы әжелердің де құлағы естіп жатыр. «Үмітсіз – шайтан» деп бекер айтпайды қазақ. Медицина дамып жатқан кезде жай қарап отырмаңыз. Қаржы болмаса, мен өзім квота берем.

Жүргізуші: *Ине терапиясынан кейін қандай күтім жасау керек.*

Жасан Зекейұлы: Еуропалық, Кеңестік жүйемен қалыптасқан медицинада системасын беріп, дәріханадан дәрі ала сал деумен шектеледі. Елбасымыз «Ем алған жерінен үйіне дейін қадағалайтын емханалар керек» дегенді бекер айтқан жоқ. Біздің Алматыдағы клиника басынан солай жұмыс істеді, содан дамыды. Біз адамдарды «10-20 күн демалып келіңіз» деп үйіне жібереміз. Ине емінен соң халқымыз босанған әйелді қалай күтеді, тура солай сорпалану керек. Қыс мезгілі болса жылқының етімен тамақтанып, суық тигізбей оранып жүреді.

Аурудың негізгі себебі қалдықтардан, тазартылмаған шлактардан болады. Соның бәрі тер арқылы шығып кетеді. «Жел боп кірген ауру тер боп шығады» деп қазақ бекер айтпайды.

Жүргізуші: *Тағы да хабарласқан көрерменіміз бар екен, байланысқа қоссақ,*

Көрермен: Сіздің халыққа жасап жатқан еңбегіңізді білеміз. Еңбегіңіз жемісті болсын! Қояйын деген сұрағым, тері ауруына байланысты қандай ем қолданасыздар? Менің дертім – витилиго.

Жасан Зекейұлы: Витилиго тері ақауынан кеп шығады. Адам клеткасында терінің реңін беріп тұратын жасушалар болады. Солар жұмыс істемей қалғанда тері аурулары көрініс береді. Біз ине емі негізінде жұмыс ітеуін тоқтатқан жасушаларды тірілтеміз. Бірнеше жүз адамды білем осы аурудан айыққан. Сіз ағарған көп ішпеңіз, күнге шықпаңыз. Витилигонның каналы болады. Соған ине салу арқылы біз емдеп бере аламыз.

Жүргізуші: *Ватсап байланысы арқылы да сұрақтар келген екен. Оқи отырсақ, Жасым 64-те. Қант диабетімен ауырамын. Қолымды шытынаттып сындырғанмын. 8 ай болды, саусақтарым толық жұмылмайды.*

Жасан Зекейұлы: Жақында ғана бір оператор жігіт жығылып, қолын сындырған екен. Клиникама келді, 3 күнде нервтың бәрін босаттық. Жылқы мен қойдың майын араластырып күніне 2 мезгіл жақтық. 5 күнде жазылып кетті. Сондықтан сізге көбірек қимыл керек, тұздарды жоғалту керек. Сүйекті салғанда жұмыртқа яки жылқының өкпесін тағу керек еді. Емханамызға келсеңіз, біз жазып береміз.

Жүргізуші: *Өңірімізге белгілі қайраткер Төкен Танайұлы студиямызға қош келдіңіз. Жасан Зекейұлымен қалай таныстыңыздар сол жайлы айта кетсеңіз.*

Төкен Танайұлы: Менің қолым 2 жыл бойы селкілдейтін. Бірде жоғары көтеріліп, қолымды қозғай алмай қалдым. Қолым желкеме жетпейтін болды. Кейін ем алған соң, қолым орнына келді. Орталыққа келмей жатқан адам жоқ. Бір үлкен азамат қызметте істейтін астматик екен, дем ала алмай жатты.

Кейін 4-5 күнде менімен амандасты. Қарасам белгілі композитор Еділ Құсайынов жатыр екен. «Аға, менің қолым жасамай қалды» дейді. Ем қабылдап жазылған екен. Өзімнің қолым 1 аптада жазылды.

Жүргізуші: *Тағы да хабарласқан көрерменіміз бар екен, байланысқа қоссақ,*

Көрермен: Аға, сәлеметсіз бе? Жасым-56 да. Ішкі құрылысым ауырады. Біраз емханалар «шланга жүту керек» деді. Шыны керек қорықтым. Интернеттен жусан («полынь») деген шөп жайлы көріп ішіп көрдім. Жағдайым жақсарды. Қазір дәріханаларға келмейтін болды.

Жасан Зекейұлы: Сіздің диагнозыңызды дұрыс қоймаған. Суықтан ішіңіз кеуіп кеткен. Енді жусанды жалбызбен қосып қайнатып ішесіз. «Жантақты жегеннің жаны қалады» деп бекер айтпаған. Барлық дәру өзіміздің киелі жерімізде болған. Маған халықтың батасынан асқан ештеңе жоқ.

Жүргізуші: *Төкен Танайұлы, осы уақытқа дейін дәрігерлерге қолыңызды қараттыңыз ба?*

Төкен Танайұлы: Мен жусанның қасиетін айтқым кеп отыр. Ертеде бір қойшы шаян мен

жыланның алысып жатқанын көреді. Шаян алысады да, жусанға аунайды. Кейін шөпті алып тастаған соң, шаян жерге аунап өледі. Яғни жусан уын алады.

Жасан Зекейұлы: Біздің ең басты байлығымыз – халықтың денсаулығы. Бұл мақсатты халықтың өмір сүру жасын 73-ке ұзарттық. Жапония – 90, қытайлар 85-ке апарды. Біздің теңіз өнімдерін қабылдауымыздың қажеті жоқ.

Себебі табиғатымыз тұнып тұр. Жақында денсаулық министрлігінен хабар келді. Бір қарындасымыз өзінің 4 жастағы туған қызына қоспа («смесь») беріп 75 кг салмақ қосып апты. Кейін маған ап келді 15 күннің ішінде 8 кг түсірдім. Біз әлі де дәстүрлі емді жаңғыртамыз.

Төкен Танайұлы: Мені балам Израильге апармақшы болды. Емнің құны – 40 мың АҚШ доллар дейді. Ал бұл орталықта 100 мың теңгеге емделдім.

Жүргізуші: *Ине терапиясын көп адам меңгеріп алған. Қайсысына сенуге болады, болмайды?*

Жасан Зекейұлы: Қазір мен денсаулық сақтау министрлігіне хат жолдайын деп отырмын. Саңырауқұлақтай қаптап кеткен өтірік ине қойғыштарды бір сараптау керек сияқты. «Бір жерде шопыр ине салады, тағы бір жерден бір полковник ине салады» дегенді де естіп жатырмыз. Сұмдық емес пе?! Осының бәрін бір жүйеге келтіру керек. Медициналық білімі жоқ адамдарды медицинадан шеттеткен дұрыс. Қытайда бір инені 20 доллардан салады екен.

Ол бір күнде 1000 долларға ұласады. 2016 жылы Алматының әкімі Б. Байбек мырза Алматы тұрғындарының емге жұмсаған қаржыларына статистика жүргізген ғой, сонда 400 млн. доллар ақшамыз шетелден ем алуға жұмсалған екен.

Жүргізушілер: *Жасан аға, үлкен қуанышпен елге келіп отырсыз! Ең абзал мамандықтың атына кір келтірмей, биіктерден ғана көріне беріңіз! Сіздің еміңіз орталыққа иіпа іздеп келген әр адамды сауықтырып қана шығарсын! Тамаша ойлармен бөліскен сырлы сұхбатыңызға рахмет!*

Масан Зекейұлының қанатты сөздері

★ ★ ★

Адамның ішкі дүниесі таза, рухы асқақ болса, оның тәні де, жаны да сау жүреді. Ал керісінше, күншіл, қызғаншақ, жігерсіз, намыссыз адамның ішкі ағзасы ауруға шалдығады. Яғни, күншіл, қызғаншақ адам жүрек, бауыр, бүйрек, асқазан дертіне ұшыраса, жігерсіз, намыссыз адамның жүйке, қан тамырлары зақымданады.

★ ★ ★

«Жақсы сөз — жарым ырыс» деген. Өз көңіл-күйің болмай тұрса да, алдыңа келген науқастың қас-қабағына қарап, жақсы сөз айт! Өйткені, үмітінен гөрі күдігін көбірек арқалап келген жанға көңіл-күйі болмай отырған дәрігер ауыр сөз айтып қалса, онда науқастың жай-күйін жамандыққа қарай бағыттап, оның ауруынан жазылуын қиындатып жібересің.

★ ★ ★

Жазылмайтын дерт жоқ- емшісіне кезіксе.

★ ★ ★

Ағзаның еркіне бағынуымыз керек. Мәселен, түнгі сағат 3-те айран ішіп, ет жегіңіз келсе, тұрыңыз да ағзаңыздың талабын орындаңыз. Себебі, сол мезетте сіздің ағзаңыз соны қажетсініп тұр деген сөз.

★ ★ ★

Үлкендердің арасындағы көсемдік пен көрегендіктің азайып, пендешіліктің ұлғайып бара жатқаны жүрегімді ауыртады. Кейбір жастарымыздың мақсатсыздығы мен Отанға деген сүйіспеншілігінің таяздығы қабырғамды қайыстырады.

★ ★ ★

Сау адам болғыңыз келсе, тегіңізді таныңыз.

★ ★ ★

Алдыңнан «аман-сау келдің бе» деп анаң, "шаршадың ба, шайың дайын» деп жарың, «әке» деп мойныға асылып балаң шыққан кезде адамның шаршауға мұршасы да келмес.

★ ★ ★

«Қанша алғыс алсаң, сонша ғұмыр жасайсың» деген шығыс тәмсілі бар. Ұзақ жасағымыз келсе, жақсылық жасауға бейім болайық.

★ ★ ★

Университетті мықты дәрігер болып бітірсең, неге біреу маған жұмыс тауып берсін, - деп отыруың керек?! Өзің ашып ал, жұрт сені өзі іздеп келеді.

★ ★ ★

Өзің адал болсаң, білімің мен білігің ұштасса, біреу кеудеңнен итерсе де алға ұмтылады екенсің.

★ ★ ★

Қойшысының өзі таяғының ұшымен адам емдеген қазақ, қазір қит етсе, шетелге жүгіреді. Туған жерінің суы мен топырағынан басқа қандай шипа керек адамға.

★ ★ ★

Адамның миы қанша ұйықтап, демалған сайын, қанша демалысқа көп назар аударған сайын, соншалық тез қартаяды. Ал ми клеткасы жұмыс жасаған сайын іске қосылады.

«Жас-Ай» медициналық орталығы

«Нұр Отан» партиясы Астана қалалық филиалы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі

KONCERTYASTANY.KZ
қон. нө. +7 775 72 22 227

**13 қыркүйек
сағат: 15:00**

**Халықаралық
ақындар айтысы
«Рух жаңғырығы»**

«Қазақстан» Орталық Концерт залы

Астана қаласы,
Күйші Дина к-сі, 37/1
+7 7172 42 20 42
+7 777 277 85 99
+7 701 473 95 57

Ұйымдастырушылар:
ҚР Мәдениет және спорт министрлігі,
«Нұр Отан» партиясы Астана қалалық филиалы,
«Жас-Ай» медициналық орталығы

АСТАНАДА АЛІАМАН АЙТЫС ӨТЕДІ

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласына орай өткізілетін «РУХ ЖАҢҒЫРЫҒЫ» атты халықаралық ақындар айтысының ережесі

МАҚСАТЫ:

«XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» бағыттарды басшылыққа алу және «таяу жылдардағы міндеттерді» іске асырудың тетіктерін жырлау.

ТАҚЫРЫПТАРЫ:

1. «Ұлттық код»
2. «Ұлттық мәдениет»
3. «Қазақстандағы 100 жаңа есім»

АЙТЫСТЫҢ ӨТКІЗІЛУ ТӘРТІБІ:

1. Ақындар 12 қыркүйекте келіп, тізімге алынады.
2. Айтыс Астана қаласындағы «Қазақстан» орталық концерт залында 13 қыркүйек сағат 15:00-де басталады (жеребе тарту рәсімі және ақындардың жұпталуы сахнада өтеді).
3. Қатысушы ақынның жол қаражатын жіберуші жақ, ал жатын орны мен тамағын ұйымдастырушы жақ көтереді (екі күн).

АЙТЫСКЕРЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

1. Ақындардың жасына шектеу қойылмайды.
2. Айтыстың мақсатын білу, тақырыпты аша алуы.
3. Айтыскердің қарсыласы және көрермен алдындағы мәдениеті (сөзге

тоқтауы, көрерменмен байланысы, сахна мәдениеті, киім үлгісінің жарасымдылығы және домбырада ойнау шеберлігі ескеріледі).

6. Айтысқа еліміздің барлық аймақтарынан және алыс-жақын шетелдерден ақындар қатыса алады.

АҚЫНДАР АЙТЫСЫ II КЕЗЕҢНЕН ӨТЕДІ:

Бірінші кезең – іріктеу кезеңі (Қазылар алқасы ақындардың айтыстағы сөз саптауына, ойының ұшқырлығына, тапбермеде ұтымды сөз таба алатынына қарай отырып 10 айтыскерді анықтайды).

Екінші кезең – ақтық кезең (Іріктеуден өткен 10 айтыскер қатысады).

АЙТЫСТЫҢ РЕГЛАМЕНТІ:

Әрбір жұпқа 15-20 минутқа дейін уақыт бөлінеді.

ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ:

1. Қазылар алқасының құрамына мәдениет және өнер қайраткерлері кіреді (7 адам).
2. Қазылар алқасының шешімі қайта қарауға жатпайды.
3. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді және оның барлық мүшелері қол қояды.
4. Қазылар алқасы белгіленген сыйлықтың барлығын бірдей бермеуіне немесе бір сыйлықты екіге бөліп беруіне құқылы.
5. Қазылар алқасы айтыскерлердің өнерін 5 балдық жүйе бойынша бағалайды.
6. Қазылар алқасы ақындардың сөз саптауы дұрыс болмаған жағдайда тоқтатуға құқылы.

АЙТЫСТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ:

Ақындардың өнерін қазылар алқасының құрамы бағалап, жүлдегерлерді анықтайды. Жеңімпаздарға ақшалай жүлде және дипломдар табыс етіледі.

Жүлде қоры:

Бас жүлде – автокөлік

I орын біреу

II орын біреу

III орын біреу

Ынталандыру сыйлығы – төртеу

«Академик Жасан Зекейұлы атындағы арнайы жүлде».

ҚАТЫСУШЫЛАР НАЗАРЫНА:

Айтысқа қатысушы ақындардың өтініштері мен құжаттары (өзі туралы анықтама, сапалы түсірілген суреті, жеке куәлігінің көшірмесі) 2017 жылдың 1 қыркүйегіне дейін төменде көрсетілген мекен-жай бойынша қабылданады.

Астана қаласы, Күйші Дина көшесі, 37/1. «Жас-Ай» медициналық орталығы.

Байланыс телефондары: 8/7172/ 42-20-42, +7 775 193 45 99, +7 777 277 85 99.

Электронды пошта: astana.jasai@mail.ru

Қосымша анықтама:

Аты-жөні:

Фотосурет

Туған жыл, ай, күні, туған жері

Жұмыс/оқу/ орны

Байланыс телефоны, электронды поштасы

Қатысқан айтыстарының аудио, видео нұсқасы (мүмкін болса сілтемесі) Айтыстағы жетістіктері

ВОСТОЧНО-ТИБЕТСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ ЦЕНТР «ЖАС-АЙ»

Генеральный директор – ЖАСАН ЗЕКЕЙУЛЫ
Доктор медицинских наук, профессор,
Академик Международной Академии иглотерапии, Академик
Международной Академии Творчества.

Диагностика и
профессиональное лечение следующих заболеваний:

- **Болезни нервной системы:**
сотрясение головного мозга, невралгия, неврит, невроз, мигрень, внутричерепное давление, инсульт, защемление нервов, радикулит, грыжа и протрузия межпозвоночных дисков, остеохондроз, афазия, заикания, детский церебральный паралич.
 - **Болезни сердечно-сосудистой системы:**
порок сердца миокардит, инфаркт миокарда, гипертоническая болезнь, ишемическая болезнь сердца, вегето-сосудистая дистония, кардиосклероз, нарушение ритма сердца, тромбоз, флебит, варикозное расширение вен, постинфарктный кардиосклероз.
 - **Болезни желудочно-кишечного тракта:**
гастрит, гастралгия, гастроптоз, язва желудка и двенадцатиперстной кишки, холецистит, колит, геморрой, панкреатит, дискинезия желчевыводящих путей, запоры, гастродуоденит.
 - **Болезни мочеполовой системы:**
энурез, опущение почек, пиелонефрит, цистит, простатит, импотенция, обрезание (новые методы), паховая грыжа.
 - **Заболевания женской половой сферы:**
олигоменорея, дисменорея, киста яичников, миома матки, спайки, мастопатия, бесплодие, клинический синдром, аднексит.
 - **Болезни суставов:**
артрит, полиартрит, артроз, деформирующий остеоартрит.
 - **Болезни дыхательной системы:**
бронхиальная астма, бронхит, аллергический ринит, гайморит, пневмония, аллергический бронхит.
 - **Кожные заболевания:**
витилиго, псориаз, угревая сыпь, дерматиты, нейродермиты, грибок, экзема, облысение.
 - **Эндокринные заболевания:**
сахарный диабет, болезни щитовидной железы (зоб), ожирение. Глазные болезни: глаукома, катаракта, блефарит, миопия.
- А также:**
от табакокурения, алкоголизм, снижение слуха.
- **Лечение проводится комплексным методом тибетской медицины:**
пульсодиагностика, контактный точечный массаж, иглотерапия, цигун новыми китайскими аппаратами «хассы», «зывишин» и «каудиян» аппарат ТМ400 для лечения грыжи и протрузия межпозвоночных дисков.
 - **Болезни уха:**
неврит слухового нерва, отит, ухудшение слуха.

Время приема:

с 9.00 до 13.30 и с 14.30 до 17.30,
в субботу – до 14.00 часов.
Выходной день: воскресенье.

Адрес мед.центра «Жас-Ай» в г. Алматы
Проспект аль-Фараби угол ул.Розыбакиева, Витебская, №42
Тел./факс: 8 (727) 390-19-19,
302-15-39, 302-15-40, , 87772321871
Almaty.zhasai_67@mail.ru

Адрес филиала Мед.центра «Жас-Ай» в г. Астана
г. Астана, район Алматы. мкр.Встреча,
ул. Күйші Дина 37/1 дом.
Тел. 8(7172) 42-20-42; 8 701 473 95 57
Astana.jasai@mail.ru

Жас-Ай

Медицинское ақпараттық журналы

МЕНШІК ИЕСІ : «МЕДИЦИНСКИЙ ЦЕНТР «ЖАС-АЙ» ЖШС» (АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ)

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Мұрат ЖҰРЫНҰЛЫ, ҚР ҰҒА президенті,
ҚР Премьер-министрінің кеңесшісі
Аман НҰРМАҚОВ, медицина ғылымдарының
докторы, профессор
Әділ АХМЕТОВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор
Ғарифолла ЕСІМОВ
ҚР ҰҒА-ның академигі
Ержан қажы МАЛҒАЖЫҰЛЫ
ҚР, Бас мүфтиі
Жандарбек МӘЛІБЕКОВ,
ҚР Мемлекеттік елтаңбасы авторларының бірі, Сәулетші
Уәлихан ҚАЛИЖАН, жазушы, М.О.Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институтының директоры,
Мәжит Шайдаров, мед. ғыл. докторы, профессор,
Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі

РЕДАКЦИЯ ҰЖЫМЫ:

Директор, Бас редактор – Жасан ЗЕКЕЙҰЛЫ,
ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі, профессор,
академик

Бас редактордың орынбасары

Сейтзада ӘСЕМБЕК
Айдын ЫРЫСБЕКҰЛЫ

Жауапты редактор

МАМЫРБЕК ТӨКЕШ

Тілшілер

Жанна ИМАНҚҰЛ
Сәуле ТАБАЛДИНОВА

Беттеуші

Мамырбек ТӨКЕШ

Корректор

Жанна ИМАНҚҰЛ

Таралымы – 5000 дана

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 12.12.2008 жылы тіркеліп, №9751 - Ж куәлігі берілді.

Шығу мерзімі: екі айда бір рет

Редакция келісімінсіз журналда жарияланған материалдарды көшіріп басуға болмайды. Автордың пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Журнал «Dostar Media Group» баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Яссауи көшесі №1 б

(Журналда пайдаланылған суреттер ғаламтордан алынды)

Редакцияның мекен-жайы:

Алматы қ. Әл-Фараби даңғылы, Розыбакиев көшесінің
қиылысы, Витебская №42, 6-кеңсе
Телефон: 8(727) 390-19-19, 87772321871
e-mail: zhasai_67@mail.ru
http://www.jasai.kz

Жасан Зекейұлының ғылыми-шығармашылық еңбектері



Жақсы кітап — жан азығы

Біздің жазылу бағамыз – «Қазпошта» АҚ бойынша:

Индекс	Мерзімі	Алматы	Аймақ/Қала	Аудан/ауыл
Жеке тұлғалар үшін				
74192	6 ай	694,61	714,13	724,99
	12 ай	1389,22	1428,26	1449,98
Заңды тұлғалар үшін				
24192	6 ай	904,61	924,13	934,99
	12 ай	1809,22	1848,26	1869,98